The authors present the brand as the main psychological and ideological factor in relation to the goods. At the present stage, special attention is paid to the formation of both commodity and regional tourist brands, as well as a national tourist brand to demonstrate the country in the international arena. Obviously, the evolution of brand formation is always connected with the experience of the past. The study concluded that the concept of "brand" from ancient times was formed in the kazakh consciousness as a tanba (sign). In the present work the genesis of the concept of "brand" and the evolution of its two worlds in marketing are comprehensively considered.

Keywords: brand, branding, idea, genesis, sign, brand, product, tourism

зерттеулердің нысанасында болып келді. Брендтердің қалыптасу генезисі тұтынушы санасының феномені ретінде қоғамда материалдық әл-ауқаттың өсуімен байланыстырылып, көбінесе консюмеризмнің символдық жағынан баса назар аударылады. Р. Барт, Ж. Бодрийяр, Ф. Джеймисон, П. Бурдьё, М. Фуко және басқа да беделді авторлар тұтынушылық қатынастардың семиотикалық сипатын әр түрлі әдіснамалық тұрғыдан талдады. Ж. Бодрийярдың тұжырымдамасы басқа авторлардың арасынан дәйектілігімен ерекше көрінеді. Ол "Заттар жүйесі"(эскиз "Система вещей") нобайынан бастап "Белгінің саяси-экономикалық теориясының"("Политэкономическая теория знака") құрылу кезеңіне дейін, консюмеризмнің бірден бір теоремасын қатаң ұстанды: "Тұтыну, бұл осы сөздің жалпы мағынасында алсақ, белгілермен жүйелі манипуляциялау"[1]. Мұндай аспектіде консюмеризм заттардың немесе қызметтердің өздерін емес, тек олардың жанама мазмұнын (мысалы, әлеуметтік мәртебені) тұтынуға ғана саяды. Тауар тек символдық конструктордың элементіне айналады. Компанияларға және олардың өнімдеріне, қызметтеріне сондай-ақ жекелеген елдердің, қалалар мен мемлекеттердің, қазіргі заманғы әлемнің барлық аумақтарында аталған мәселеге деген көзқарасты айқындайтын маңызды консьюмеризмнің психологиялық факторы "бренд" түрінде көп қырлы концепция зерттеушілердің назарын өзіне аударуда.

Зерттеудің мақсаты - ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейін брендтің(таңба түріндегі) генезисі. Арнайы әдебиеттерде әлеуметтанушылар, маркетингшілер осы уақытқа дейін тауар маркасының брендке айналу процесінің эволюциясы қалай өткенін жан-жақты талдап көрсетумен келеді. Біздің бұл мәселеге көзқарасымыз солардың кейбіреулерінің пайымдауларынан біршама өзгеше, тіпті мүлдем қарама-қайшы деп айтуға болмағанмен, келісуге қиын тұстары бар болғандықтан өз ойымызбен бөлісуді жөн көрдік.

Сонымен қатар кейінгі кездері біздің экономист ғалымдар, саясаткерлер "бренд" мәселесін Қазақстанда да мемлекеттік деңгейге көтеріп, кең көлемде көпшілік арасында, әсіресе, туристік саланың дамуына сәйкес, талқыға түсіп жатқан жайы бар. Өйткені, соңғы кезде біздің елімізде, бұрынғы кенестік кеңістіктегі басқа елдердегідей, тауарлық брендтермен қатар, халықаралық аренада оның мемлекетті таныту қабілетін пайдалану мақсатында туристік ұлттық бренд құру мәселесі де маңызды бола түсті. Әсіресе, бұл мәселе Астанада өткен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіне даярлық кезеңінде және Алматыдағы Универсиада-2017-ге дейін де және одан кейінірек те маңызын жоғалтқан жоқ. Осыған байланысты туристердің(тұтынушылар) аудиториясының басқа елдердегі тұрғындарына сәйкес ұсынылатын, олардың практикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында (м.әгде туристерге, студенттерге, кәсіпкерлерге т.б.) мемлекеттік деңгейде туризмдегі ұлттық брендтеу(брендинг) мәселесі көтерілді. 2016 жылдың тамыз айының соңында Қазақстан Республикасының Ақпарат және байланыс министрлігі, Қазақстан

Республикасы Сыртқы істер министрлігі және "ҚАЗКОННЕК" АҚ тарапынан "Қазақстан Республикасының ұлттық брендин" анықтауға арналған конкурс жарияланды. Ақпарат және коммуникация министрі (Д. Абаев) БАҚ-қа арналған арнайы брифингте: "...қазіргі әлемде ұлттық брендинг көп жағдайда мемлекеттердің инвестициялық және туристік тартымдылығының деңгейін анықтайды, олар өндіретін тауарлардың танымалдығына, халықаралық аренадағы беделге және тіпті жаһандық еңбек бөлінісіндегі орнына да айтарлықтай әсер етеді",-деп мәлімдеді[2]. Ең үздік ұлттық брендке арналған республикалық конкурс туралы ақпарат қысқа мерзім ішінде (31.08-ден 15.10.2016 ж.-ға дейін - бір жарым ай) жұртшылыққа кең тарап, мамандар тарапынан да кең қолдау тапты. Конкурсты ұйымдастыру комитеті 966 өтініш түскенін мәлімдеп, мынадай ақпарат таратты: "2016 жылдың 12 қарашасында байқаудың 1 кезеңі аяқталды. Ұнаған жұмыстарға 171,2 мың адам өз дауыстарын берді. Дауыс беру қорытындысы бойынша сараптамалық кеңестің қарауына ең көп дауыс жинаған 40 жұмыс шығарылды"[2]. Алайда, біраз кейін сараптамалық кеңес конкурсқа қатысу үшін ұсынылған жұмыстарды Қазақстан Республикасының ұлттық брендіне қойылатын талаптарға сәйкес емес деп таныды. Сондықтан Қазақстан Республикасының Ақпарат және байланыс министрлігі келесі хабарламасында: "Осыған байланысты конкурс өтпеді деп танылды. Ұлттық бренді анықтау бойынша жұмысты ҚР Сыртқы істер министрлігі ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп халықаралық және қазақстандық қатысушыларды тарта отырып жалғастыратын болады", - делінген. "Казинформның" берген осы қысқа хабары бізге ұлттық бренді құру ұзақ мерзімді және жоспарлы жұмысты талап ететін қиын міндет екенін және оны бір реттік акциялармен шектеулі мерзімде табысты жүзеге асыру мүмкін еместігін көрсетті.

"Бренд" ұғымына көзқарастың көп қырлылығы оны кең ауқымда қарастыру әртүрлі концептуалдық түсіндірмелерінің пайда болуына әкеледі. Сондықтан осы құбылысты кеңейтілген тұрғыда қарау үшін біз тұтынушылардың санасындағы бренд генезисін зерттеуді қолға алдық. Соңғы уақытта дереккөздерде тарихи және географиялық тұрғыда "бренд" ұғымының генезисі белгілі бір таңбалар мен тавро(белгі) - "протобрендтердің" пайда болуын зерттеу тақырыбына байланысты көптеген мақалалар пайда болды. Айта кету керек, ондай түрлі таңбаларды бірнеше мыңжылдықтар бойы Еуразияның дала халықтары, соның ішінде қазақ руларының барлығы дерлік пайдаланды, оны қазірге шейін қолданыстан шығарған жоқ(әсіресе қолданбалы өнер үлгілерінде). Таңба үлгілері әлемдегі барлық дерлік түркі халықтарында кең тараған құбылыс. Татарстан Республикасының тарихшы ғалымы Ф. Исаев "Таңба - ұмытылған татар мәдени мұрасы" мақаласында былай деп жазады: "Өкінішке орай, таңба татар халқының бұрыннан ұмытылған мәдени мұрасына жатады. XVII ғасырдың соңында орыс дворян тегі барлардың жеке гербі пайда бола бастады. Ал татарлардың сол кезде ежелгі уақыттан

бастап өздерінің жеке белгілері - таңбалары болды. Татар таңбасының үлгілерін мұражай экспонаттары арасында, көне құжаттар мен монеталарда, татар кестелерінде (оюларында авт.), қабір үстіндегі тастарда кездестіруге болады. Татар таңбасының үлгілері рулық белгілерде де көрініс тапты. Мысалы, Боркыт бидің шежіресінде (жазушы Риза Ишмураттың мәтінінде) рулық таңбасы - хамза (гамза - араб алфавитінің әрпі) болды деп көрсетілген"[3]. Ал, сол елдің Р.У. Джуманов, А.Д. Мұсаев сияқты тарих зерттеушілері ежелгі татар ауылдарының бірінің тұрғындарының осы тақырыптағы қызықты пікірлерін келтіреді: "Ауыл тұрғындарынан ауызша сұрау кезінде бір бөлігі ертеде таңба ("Бұлған таңба") болған десе, ал екінші бөлігі: "бізде болған жоқ, таңба қазақта",- деп жауап береді. "Сонымен қатар, мұсылман зиратының ескі (соғысқа шейінгі) бөлігіндегі қабір тастарында ислам символына жатпайтын ерекше белгілер бар. ... бұл таңбалар өте көне, этнограф ғалымдар үшін қызықты. Осындай, таңбалар батыстан шығысқа бағытталып көптеген түркі тілдес халықтар өмір сүретін жерлерде таралғанын Қытайдан Дунайға дейін кездесетіні ғылыми мақалаларда айтылып жүр",- деп аталған авторлар қорытынды жасайды[4].

Біздің де ата-бабаларымыз өз кезінде адамзаттың қолы жеткен мәдени, интеллектуалды және технологиялық даму эволюциясынан ешқашан шет қалған емес, өздері де соның белсенді жасаушылары болғанын Елбасы Н.Назарбаев "Ұлы Даланың жеті қыры" атты мақаласында тарихи деректермен дәлелдей түсті[5]. Оған ешкімнің таласы болмауы тиіс. Тек соны нақтылап, шегелеу үшін алдымен оның мәні мен маңызын өзіміз жете түсініп, түйсінудіміз керек. Сонда болашақ ұрпақ та, шет елдіктер де бізге басқа көзбен қарайтынына Елбасы назар аударды. Сонымен қатар, біздің де ата-бабаларымыздан қалған, әлемге тараған, бірақ олардың қайдан шыққанын жете білмейтіндерге арналған Ұлы даламыздың ғалам өркениетіне қосқан үлесін көрсету қажеттілігі үнемі сұранып тұратынын бір сәт те ұмытпауымыз керектігі де айтылды. Бұл болашақ ұрпақ үшін де, қазіргі қоғам үшін, өткен мен бүгінді салыстырып қарауға да, өркениетті дамытудағы Ұлы Дала Елі ұрпақтарының рөлін бағалауға өзіне сай орын беру үшін қажеттілігіне Елбасы аса көңіл аударды.

Қазақстанның негізінде туристерге бағытталған Ұлттық брендін тез арада құруға өкілетті орындардың құлшына кірісуінің (2018 ж. тамызда жарияланған республикалық конкурс-авт.) нәтижесіз аяқталуы бұл мәселенің өте күрделі екенін тағы бір көрсетті. Шын мәнінде, бұл жарияланған конкурстың мақсаты тек символдық мәнге ие Қазақстанның туристік ұлттық логотипін(тауарда бұл маркасының белгісі) таңда алып, қабылдап бекіту ғана болатын. Бұл сәтсіздіктің астарында "бренд жасау" деген ұғым мен "логотип (марка) жасау" дегеннің бір екен деп жаңсақ түсіну, олардың философиялық,әлеуметтік - экономикалық мазмұнына мән бермеу жатыр. Сондықтан да біз осы зерттеуді бренд және марка ұғымдарының генезисіне көңіл бөліп, олардың айырмашылығын анықтап, болашақта осы бағыттағы өкілетті органдар болсын, бизнес өкілдері болсын брендтеу мәселелерін

шешуде еске ала жүрсін деген ниетпен ұсынып отырмыз.

Зерттеу барысында біз де ежелгі түркі дәуірінен бастап "бренд" ұғымы қазақ санасында таңба түрінде "берік орын алған" деген мәселеге өз пікірімізді білдіргіміз келді. Бұл мәселеге бір қарағаннан қазақ санасында "бренд" ұғымы ежелгі түркі дәуірінен бүгінге дейін таңба түріндегі белгіге ілесіп келді деп айтуға толық құқымыз бар сияқты. Сонымен қатар тек башқұрт экономист-ғалымдары ғана емес біздің маркетинг мамандармен кәсіпкерлерде де: "Ежелгі ру таңбалары Қазақстан тауарларының "протобрендінің" символдық конструкторына айналуы мүмкін бе?"-деген сұрақтың туындауы да заңды. Таңбаның брендке айналу эволюциясы, яғни оның меншік символынан - таңбадан, тауар белгісіне, одан маркаға көшіп біртіндеп заманауи тауар брендіне өзгеру үрдісін зерттеп, осы үрдістің шын не жалғандығын ашуды алдымызға мақсат етіп қойдық.

Зерттеудің негізгі ұстанымдары. Біздің пайымдауымызша бренд пен марка(таңба, тауар белгісі) екеуі екі басқа ұғым, тіпті бір-біріне философиялық тұрғыда қарама-қарсы маркетингтің бір-бірінен ажырамайтын екі дүниесінің түсініктері. Айырмашылығы - бренд идеалды әлемнің мәні, ол көрінбейді және ешқандай формасы болмайды, ал таңба, тауар белгісі, марка - материалдық әлемнің мәні. Бұл бізге философияның негізгі заңдарының бірі қарама-қарсылықтар бірлігі мен күресізаны бойынша "бренд" пен "марка" ұғымдарының танымының дамуы бір тұтастықтың бір-біріне қарама-қарсы, бірін-бірі жоққа шығарушы екі тенденция болып бөлінуі арқылы жүзеге асатынын тағы бір дәлелі ретінде көрінеді. Осы қарама-қарсы екі жақтың қатынасы, бір жағынан, қандайда болсын біртұтас жүйенің негізгі қасиетін білдірсе, екінші жағынан, сол жүйенің өзгеруінің, дамуының, жаңа сапаға көшуінің қозғаушы күштерін сипаттайды. Басында ол "таңба" түрінде көмескі көрініп тұтынушы санасында бренд ұғымына аумасуы елеусіз айырмашылықтардан туып, дамудың нәтижесінде қарама-қарсылыққа бренд түсінігіне айналады. Дамудың қандай түрі болса да айырмашылықтардың, қарама-қарсылықтың пайда болуы мен шешілуі арқылы өрістейтінін еске ала отырып осы бір-бірінен ажырамас екі ұғымның көнеден бүгінгі күнге дейінгі эволюциясын қарастырайық.

Таңба (марка) үнемі брендтің алдында тұрады деп саналып келді, бірақ, біздің ойымызша қазір бұлай деп пайымдау да қателік. Керісінше, тауар брендке ие болып, ал оның маркасы (таңбасы, белгісі) материалдық тұрғыда мүлдем болмай көзге түсуі мүмкін. Яғни кез-келген маркаланған тауаржағымды брендке ие болады деп айта алмаймыз. Брендтұтынушының тауардың негізіндегі идеямен өзара әрекеттесу нәтижесінде ғана пайда болатын тәжірибе. Шын мәнінде, нақты бренд - бұл белгілі бір тауарға жазылған символ, таңба (белгі), марка емес, ол тауар туралы тұтынушының пікірі. Бренд пен марканың айырмашылығы - тауардың негізіндегі идеяда. Өйткені, ол тауармен өзара әрекеттесудің әсерінен пайда болатын, соның нәтижесінде ғана

брендке айналатын тұтынушылардың пікірі (идеясы). Егер тауар жақсы болса, онда оның бренді де жақсы болады, ал егер нашар болса, онда оның бренді идеялық тұрғыда жаман болып қалыптасады. Таңба мен брендтің даму эволюциясына тән өзіндік қайшылықтары бар. Философияның заңы бізге олардың күресінің нәтижесінде болмыстың төменгі формасы "таңба" ұғымының ыдырауы (диффузиясы) бұрынғыдан гөрі жоғары формасының қалыптасуы арқылы жаңа сапа "бренд" түсінігіне әкелгенін көреміз. Осы процестердің барлығына тән, ортақ диалектикалық формасы ежелгі "таңба" ұғымы бір тұтастың екіге, қарама-қарсыға бөлінуі мен олардың бір-бірімен әрекеттесуі нәтижесінде "бренд" пен "марка" түрінде ұғымдарының пайда болуына негіз болды.

Өнім туралы пәкірді белгілі бір идеяға иек артқан тұтынушы қалыптастырады, демек, бренд тек соған тиесілі, басқа ешкімге демес. Өйткені, бренд тауардан емес, идеядан, оны іске асырудан басталады. Тауарда негіз ретінде қандай идея жатса, сол идея кейін адам санасында белгілі бір көрініс тауып, оның тауар туралы пікірін қалыптастырады. Сондықтан, бренд тауарды өндірушіге немесе оны сатушыға тиесілі және оны олардың меншіктеуіне болады деген таптауырын пайымдау мүлдем жалған. Бренд тұтынушының меншігі, өйткені, ол тек қана соның санасында қалыптасқан бейне (образ). Қазіргі кезде тауар сатушысы нарықта тек қана сауда маркасына материалдық әлемнің жемісі ретінде заңды тіркелген тауар белгісі түрінде құқықтық негізде ғана ие бола алады.

Бүгінде кейбір авторлар өз мақалаларында, ежелгі түркі тайпаларының рулық таңбаларын танымал белгі (образ) ретінде этникалық құрамында түркі тілдес халықтары басым елдерде өндірілетін тауарлардың брендін жасауға пайдалануға мүмкіндік бар деп санайды. Мысалы, Зуева Е.: "Таңба - ежелгі башқұрт брендінің прообразы" деген мақаласында былай деп жазады: "Таңбаны ежелгі ұлттық бренд ретінде ерекше көрсету (позициялау) - тауардың жарнама стратегиясын әзірлеудің және оны сыртқы нарыққа шығару кезінде де негізінде жатуы мүмкін. Бұл тақырып кейбір башқұрт тауарларын нарықтағы орнын одан әрі нақтылау үшін және өндірушілердің ұлттық жарнамалық стратегиясын дамыту үшін оңтайлы бұрылыс сәті болуы мүмкін. Сонымен қатар, көне таңбаны жарнамалық мақсатта пайдалану құқығын іске асыру тиісті заңнамалық актілерді қабылдау арқылы республикалық бюджеттің табысын арттыра алады",- дегенді айтады[6]. Біздің ойымызша, автор мұнда ежелгі таңбаны осы заманғы өнімдердің брендін қалыптастыруға, елдің ұлттық протобренды ретінде пайдалану мүмкіндігін тым асыра бағалайды. Біріншіден, ежелгі башқұрт, татар, қазақтарда, қазіргі кездегі басқа да түркі халықтары сияқты оларды құрайтын барлық руларға ортақ бірыңғай таңба болған жоқ, себебі, бірыңғай атаумен аталатын ұлттық құрылым да болмаған. Қазіргі Башқортостан аумағында сол кезде де ондаған тайпалар мен рулар тұрды, олардың өз таңбасы болды, бірақ олар біртұтас ұлттық мемлекет құрмаған болатын[7].

Тарихтан белгілі, кейбір ежелгі түрік тайпалары бірнеше халықтардың (этностардың) этногенезіне қатыса алады. Мысалы, мақала авторы сілтеме жасаған бірқатар башқұрт руларының таңбалары мен атаулары ішінара қазақ руларының таңбаларымен сәйкес келеді, бұл қыпшақ халықтарының күрделі этногенезімен байланысты. Мұндай жағдай Қазақстанның әр аумағындағы жүзден астам әртүрлі тайпалар мен рулардың таңбаларында да көрініс табады[7]. Тіпті бір рушілік тайпалардың әрқайсысының ру таңбасынан ерекшеленетін өз белгісі болғаны да тарихтан мәлім. Қазіргі уақытта бұл рулардың өкілдері Қазақстанда заманауи көші-қон үдерістері есебінен бір-бірімен географиялық тұрғыда етене араласып кетті, сондықтан нақты бір жердегі ру өкілдерінің сан жағынан қайсысы басым екенін анықтау қиын. Тек, шартты түрде ғана Қазақстан аумағының белгілі бір бөлігін топонимі бойынша қандай да бір ірі руға жатқызуға болады. Мысалы, Орталық Қазақстанда осы пайымдау(логика) бойынша арғын руының өкілдері саны бойынша басым болуы тиіс, Оңтүстік Қазақстанда - үйсін, жалайыр, қаңлы және дулат, Шығыс Қазақстанда - найман, уақ және керей рулары т.б. Бірақ, қазіргі кезде көптеген жергілікті ру өкілдерімен қатар сол жерде саны жағынан кем түспейтін басқа ру мен ұлт өкілдері өмір сүреді (м.: Астана, Алматы қалаларында). Сонымен қатар, руға кіретін кейбір ру ішілік тайпалар негізгі таңбадан ерекшеленетін өз таңбаларына ие болды. Тіпті, соңғы жүз жылдықтың ішінде жергілікті тұрғындар өздерін руына емес тұрған жеріне байланысты ерекшелеуді үрдіске айналдырды. Мысалы, Орталық Қазақстанда тұратын қазақтар өздерін - сарыарқалықтар, оңтүстік өңірлерде тұратында р- Жетісулық, Қаратаулық, Сыр бойы елі болып аталуды үрдіске айналдырды. Сондықтан тауарлардың маркасын (тауар таңбасын) бренд ретінде ежелгі рулардың атауын бүгінгі күні ұлттық деңгейде қолдану тұтынушылар тарапынан түсінбеушілік туғызатыны, оның қаншалықты орынды болатыны айтпаса да түсінікті. Әлбетте, мұндай таңбаларды ұлттық ауқымды бренд етуге ұсыну тұтынушылар тарапынан тауарға деген жағымсыз көзқарас, тек түсінбеушілік тудыруы мүмкін. Сондықтан Е. Зуеваның "...тиісті заңнамалық актілерді қабылдау көне таңбаларды жарнамалық мақсатта пайдалану құқығын іске асыру есебінен республикалық бюджеттің табысын арттыруы, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру процесін оңтайландыруға ықпал етуі мүмкін," [6]- деген тұжырымдарына - философиялық тұрғыдан да, әлеуметтік-экономикалық жағынан да ғылыми негіз жоқ. Бұл кейбір ғалымдардың осы уақытқа шейін бренд пен марка түсініктерінің философиялық, әлеуметтік-экономикалық эволюциясын дұрыс пайымдамауының нәтижесі.

Дэвид Олгви бойынша: "Бренд-бұл тауар, қызмет немесе фирманың артықшылықтарының сезілмейтін жиынтығы(ағылшын тілінен brand-таңба. Алғашында Америкада брэнд-сиырларды табында таңбалауға арналған қыздырылған темір және малдың жамбасында немесе құлағында салынған белгі)"[8]. Ол ертеде Ұлы Даланы мекендеген халықтар тек

малды таңбалауға ғана емес, сонымен қатар рулар мен тайпалар мекені аумағының межелік белгілері үшін де белгі (таңба) ретінде қолданылды. Алтын Орда кезеңінде бұл термин Орта Азия, Шығыс Еуропа, Таяу және Орта Шығыс, Кавказ елдерінде кеңінен таралды, мұнда бұрынғы деректерден басқа "хан мөрі бар құжат", "(ақша) салық" деген жаңа мәндерді алды. Орыс тіліндегі "кеден" сөзі "таңба"(тамга - таможня) сөзінен шыққан. Осы терминнің басқа тілдерге (соның ішінде орыс тіліне) алынған түркі тілдеріндегі танымалдығы, мысалы, жазудан ерекшеленетін, түбегейлі жаңа таңбалы жүйе ретінде таңбаның (тамганың) түркі текті тегінің дәлелі болып саналады. Сондай-ақ, орыс билігінің алғашқы рәміздерінің бірі - Владимир үш айырын("тризубын") таңбаларға, яғни рулық символдарға жатқызуға болады. Қазіргі кезеңде осы "тризуб" таңбасы араға 8-9 ғасыр салып қайта қайтып келіп, енді княздің белгісі емес қазіргі Украина мемлекетінің Елтаңбасы болып, өзінің бренд ретіндегі орнын қайта тапты. Алтын орданың екі басты қыраны - қазіргі Ресейдің мемлекеттік геральдикалық символының нұсқасында пайда болуына негіз болды. Алтын Орда кезеңінде біраз уақыт сол екі басты қыран бейнеленген монеталарды айналымға шығарғаны тарихтан белгілі жайт[9].

Е. Зеленченконың айтуынша: "ол (таңба-авт.) бастапқыда тек рулық мағынада ғана емес, географиялық мағынада да болды. Бір таңбаны иеленушілері - жерлестер, бір Отанның адамдары. Мұндай таңбалаудың қажеттілігі "өзінікі - өзгелердікі" сынды қарама-қайшылықтың кез келген қоғамдағы объективті шешімінің қарапайым жолына айналды. Одан ары қарай кландық, кәсіби және т.б. топтардың бөлінуіне байланысты және осы құрылым ішіндегі байланыстардың күрделенуіне қарай осындай таңбалы жүйелердің болу қажеттілігі арта береді. Жазу пайда болған кезден бастап рулық белгілерді қолдану азаяды. Таңба тәрізді белгілердің одан арғы даму жолдары оларды Елтаңбаға немесе қасиетті символдарға немесе ою-өрнек элементіне айналдырады. Бірақ, кейде ол әлі де керек-жарақты растау, иелену және т.б. тектілік белгісі болып қалады. Олар "белгі", "шеп", "мөр", "ойма", "таңба" деп атала бастады. Жеке меншіктің дамуымен "мең - белгі" мөрге айналды. Сондай-ақ, мөр мемлекеттік құжаттардың, шарттар мен жолдаулардың ақиқаттығының негізгі белгісі болды"[10]. Таңба - түркі халықтарындағы тектік белгісі, мұрагерлік бойынша беріліп отырған. Қазақтар ертеден "таңба" ("ойма" немесе "ен салу") рулық белгі ретінде малдың жамбасына немесе құлағына салынып оларды таңбалау арқылы кімге тиесілігін білдірді. Қазақ руларының таңбалары үшін прототип болып, қолда бар этнографиялық мәліметтер бойынша, қарапайым геометриялық фигуралар (шеңбер, квадрат, үшбұрыш, бұрыш, сызық және т.б.), киелі пиктограммалар, құстар мен жануарлар, тұрмыстық заттар сұлбасы, еңбек құралдары, қару - жарақ пен ат әбзелдерінің сызба бейнесі түрінде, кейде-әр түрлі әліпбидің әріптері болды. Ру бөлімдерінің әрқайсысының жеке таңбасында жалпы ортақ рулық элемент сақталып, бас таңба рулық маркер ретінде қалып отырды[7]. Жазушы-публицист Махамбет

Әуезов осы орайда өте орынды былай деді: "Әрбір қазақ қандай да бір руға жатады (ру, тайпа, түккұм). Мыңжылдықтарға қойылған уақыт мөрі ретінде қазақ таңбалары оның бүкіл тарихы бойы қазақ халқына ілесіп жүрді. Олар ұлттың рухани мұрасын байыту үшін өз шешімін күтетін көптеген жұмбақтарды әлі де сақтап келеді "[11]. Көшпелі қоғамның ыдырауымен таңбалар колонершілердің белгілері ретіндегі түрін бірте-бірте жоғалтып, тауар белгілері мен елтаңбалардың символикасы сияқты неғұрлым мамандандырылған салаларда қолданыла бастады. Яғни таңба тек қана меншік белгісінің функциясын атқара бастады, өйткені ол өмірлік қажеттілік болып табылады. Мал көшпендінің негізгі мүлкі, шексіз қоршалмаған жайылымдарда жүреді, жүздеген және мыңдаған бас бір жайылымды пайдаланып және қатар орналасқан басқа отбасылардың, рулардың малымен араласады. Сондықтан, ең алдымен, ұлттық брендтің тамаша үлгісі болып табылатын ел шарушылығы салаларының алғашқы сатылатын өнімдері ретінде жылқылар мен қыран құстар бірінші кезекте таңбаланды. Адамдар көне заманнан бері "авторлық құқықты", колонершінің құпиясын, арнайы белгілердің көмегімен ерекше іскерлік ретінде барынша қорғауға тырысты. Сол кезде күнделікті өмірде өзгенің меншігіне, қол салғаны үшін ежелгі түріктер кейде қанды кек алу жазасына(шығынның ауырлығына қарай-қарымта "қанға-қан") шейін баратын. Кейін ол жаза экономикалық қарым-қатынастардың дамуымен бірте - бірте, мысалы, қазақтар мен башқұрттарда - барымтамен - экономикалық кек, малдарды күштеп айдап әкетумен алмастырылады. Арнайы өнімдерге салынған таңбалар түріктер тарихи болған барлық жерлерде өзін көрсетіп, өміршеңдігін дәлелдеді. Демек, таңба мен сауда маркасының пайда болу процесінің негізінде меншікті сәйкестендіру, шаруашылық жүргізуші субъект қызметінің тиімділігін арттыру сияқты бірыңғай алғышарттар жатқанын сөзсіз мойындауымыз керек. Осылайша, ежелгі түркі дәуірінен бері таңба түрінде (осы белгіге ілесіп) қазақ санасында идеологиялық мәні бар "бренд" ұғымы белгілі бір орын алған деп толық айта аламыз.

Зерттеу нәтижелері. Таңбаның тек меншік символынан - белгілі бір тауар белгісіне (сауда маркасына) біртіндеп айналу процесінде - оның мәні де мағынасы да өзгерді. Бірақ, таңбаны да, сауда маркасын да "бренд" ұғымының тікелей тудырушысы деп айта алмаймыз. Көп жағдайда бір көргеннен, тауар таңбасы(белгісі, сауда маркасы) брендтің алдында тұрғандай сынай танытқандықтан, кейбір зерттеушілер оларды айнадан көргендей, оңы мен солын ауыстырып алады. Басында біз көрсетіп кеткендей, бұл философиялық пайымдау тұрғысынан жалған пікірге жол ашады. Тарихи тұрғыдан алсақ, күнделікті тәжірибеде бренд туралы ой пайымдау тұтынушы санасында осындай көрініс тауып қалыптасқандықтан оның эволюциясын жан-жақты қарастыру арқылы нақты бейнесін ашып көрейік. Біздің ойымызша, ел немесе туристік дестинацияның брендін мәнін түсіну үшін тауарлар, қызметтер, фирмалар мен аумақтар брендіннің ұғымын тереңірек зерттеу қажет. Сондықтан таңба ұғымы біз үшін

брендтің нақты ғылыми генезисі позициясынан ғана емес, тұтынушының санасында белгілер мен символдардың маркаға көшуі, брендтің генезисі тұрғысынан да қызықты. Бұл мәселені егжей-тегжейлі қарау бізге "бренд" ұғымы бастапқы болғанымен, тізбек құру кезінде тұтынушы санасында неге түпкі буынға барып қалыптасатынын дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Сол үшін "таңба", "марка" мен "бренд" ұғымдарының тәжірибедегі өзара байланыс тізбегін құрып, таңбаның ел брендінің символикасына (идеясына) дейін, басқа да авторлардың пікірін қатыстыра, қандай эволюциялық өзгерістерге ұшырағанына ғылыми негізде шолу жасайық.

Осы тақырыпқа шетелдік және отандық әлеуметтанушылар мен экономистердің бірқатар ғылыми еңбектері жарық көрді. Солардың арасынан Ф. Котлер, Дж. Эванс және Б. Берман, К. Келлер, Дэвид М. Огилви, Ж. Тэд, Ж. Капферер, С. Анхольт, В. М. Перция, М. О. Макашов, Сафарғалиев Е.Р., В. Тамберг пен А. Бадьин, Пулфорд А, Бэрри К, Смит П. сынды ғалымдарды ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар, осы мақаланың авторларының тікелей қатысуымен аталмыш тақырып бойынша біршама мақалалар мен 2 монография Қазақстанда да, шетелдерде де (Украинада-2014 ж., Словенияда-2016 ж., Москвада - 2018ж.) жарық көрді. [12, 13, 14, 15]. Алайда, біз аталған өз еңбектерімізде Қазақстанның еларалық бәсекелестікке нәтижелі қатысуы, сондай-ақ оның әлемдік экономикалық кеңістікке тиімді кірігуі үшін, Ел имиджін және ұлттық брендті қалыптастыру тұрғысынан осы мәселені қарастырдық. Ол Қазақстанның бәсекелестік артықшылықтарын, оның ішінде брендингтік және имидждік сипаттағы, бірінші кезекте туристік дестинацияның аумақтық брендингті ретінде зерделеуді және дамытуды талап етеді.

Бұрынғы пайымдау бойынша, бренд белгілі марканың синонимі деп саналды. Қазіргі заманғы пайымдауда брэнд - бұл оның тек қана маркасы (брэнд аты), ол туралы түсінік жиынтығы (брэнд асоциациясы немесе оның мифі) ғана емес, бұл ол туралы идеялары, бейнелер жүйесі (брэнд имиджі), психологиялық ресурстары (құндылығы) бар тауар/қызмет/, фирма немесе компания, аймақ, мемлекет. Сондықтан, кешенді құрылым болып табылатын аймақ (аумақ-территория) пен елдің брэнді туралы айтпас бұрын тауардың маркасы мен брэнд ұғымдарын, олардың арасында тікелей байланысы бар өте күрделі құбылыс екенін ескере отырып, осы ұстанымды негіз етіп қабылдадық. Е.Р. Сафарғалиев "Сауда белгісі, тауар маркасы. Тауар маркасы брендті қалыптастырудың негізі" атты мақаласында тарихи тұрғыдан тауар маркасының брэнден бұрын пайда болуын заңды құбылыс деп санайды [16]. Ф. Котлер "марканы": "бір сатушының немесе сатушылар тобының тауарларын немесе қызметтерін сәйкестендіруге және оларды бәсекелестердің тауарларынан және қызметтерінен ажыратуға арналған атау, термин, белгі, символ, сызба немесе олардың комбинациясы" ретінде анықтайды [17]. Соған сәйкес Ф. Котлер: "марканың құрамына бірнеше элементтер кіреді: маркалық атау,

маркалық белгі және тауар белгісі",- деп үш элемент жайында сөз тұжырымдайды. Дж. Эванс пен Б. Берман, басқа авторларға қарағанда, өз жұмыстарында маркаға басқа тұрғыда (аспектіде) қарап "дербестендірілген тауар маркасы" сияқты саудалық бейнемен толықтырады [18]. Осы айтқандардан байқайтынымыз бұл аталғандардың барлығының материалдық мәні бар дүниелер. Алайда, бәсекелестік артықшылық беріп, әрекет ете алатын брендке ие тауар маркасының бұдан басқа да аспектілері бар екенін ғалымдар мойындайды. Осыған байланысты марка жөнінде К. Келлер позициясын ерекше атап өткен жөн, біздің ойымызша, ол тауар маркасы ұғымын материалдық объект ретінде ғана толық ашып беріп, маркетингте қосымша элементтерінің айналымға енгізген ғалым. Ол "марканың алты негізгі элементі" деген ұғымды енгізеді. Олар: "атауы, логотипі немесе символы (таңбасы), мотиві, ұраны (слоганы), орамасы (упаковка)" [19]. Ол сонымен қатар кейіпкер (персонаж, тұлға) түрінде марка элементтерінің тағы бірін-идентификаторы ретінде енгізді. Бірақ, марканы жарнамалаушы кейіпкерді субъект емес объект ретінде қарағандықтан, мұнда да К. Келлердің маркаға тек материалистік көзқарасы өзгерген жоқ. Кейіпкерді марканың ажырамас бөлігі (элементі) деп санау Дж. Эванс пен Б. Берманның да пайымдауына тән. Олар "дербес тауар маркасы" деген ұғымындағы сауда маркасына басты идентификатор етіп, белгілі бір тұлға бейнесін енгізулерімен ерекшелінді. Сонымен, марканың түсінігі "мотив (марканың ілеспе бейнесі), сөзұран (марканың артықшылықтарын түсіндіретін - слоган) және орама (тауар үшін сыртқы қаптама (қабық))" сияқты аспектілермен қосымша толықтырылғанын байқаймыз. Демек, тауар маркасы аталған авторлар тұжырымында - бұл маркалық атау, маркалық белгі, сауда белгісі, сауда маркасы бейнесі (м.: табиғи көрініс, тұлға: м.: темекі қорабындағы атты ковбой бейнесі т.с.с.), мотиві (уәжі), сөзұраны және орамасы немесе солардың барлығының жиынтығы. Келтірген мысалдағы Дж. Эванс және Б. Берман тауар маркасының барлық элементтерінен тек бірін ғана - құқықтық қорғауды қамтамасыз ететін сауда белгісін - бөлек алып көрсету керек екеніне көңіл бөлді. Бұл дұрыс ұйғарым болатыны сауда маркасының қорғануға қажет осындай субъективті элементсіз ұзақөмір сүруі мүмкін емес. Сонымен қатар марканың тағы бір маңызды, бір жағынан субъективті, ал, екінші жағынан объективті, К. Келлер ұсынған тағы бір элементін қосуды қолдады - бұл тұтынушы санасында белгілі бір тауарға тән бейне түрінде көрінетін-тұлға (тұтынушы тұлғасы). Бұл тұжырымға С. Сафарғалиев та К. Келлерге сілтеме жасай отырып, былай деп баға берді: "Тауар маркасы мен тауар белгісі ұғымдарын аша отырып, бір өте маңызды элемент енгізілді, онсыз маркалардың болуы мүмкін емес - бұл адамдардың санасында белгілі бір бейне түрінде болатын тұтынушы" [16]. Осы жерде біз аталған зерттеушілер тауар маркасының қалай брендке айналатынына материалдық тұрғыдан толық түсінік бере алмай, марканың тек рационалды және рационалды емес

қасиеттері болатынын алға тартып, бренд ұғымының туу себебін осылай ғана мензеумен шектелді. Бұған К. Келлердің сауда маркасын "тауардың бірегей қосалқы қасиеті (қосалқы қасиеттер жиынтығы)" ретінде қарастыруды ұсынатыны дәлел болады. "Қосымша қасиеттері ұтымды (рационалды, сезілетін, нақты-авт.) немесе эмоционалдық (материалдық емес, дерексіз-авт.) болады",- деп түсініктеме береді. "Рационалды қасиеті тауардың ерекше функцияларын білдіреді. Эмоционалдық қасиеті бірегей ұсыну арқылы тұтынушыларға марканың бейнесін білдіреді",-деген тағы бір пікірін келтірсек те болады [19]. Демек, сауда маркасы тұтынушыларға өнім туралы білгісі келетін белгілі бір қосымша ақпараттарды жеткізетінін айтумен шектелді. Осы жерде аталған зерттеушілер тауардың аталған қасиеті маркаға емес брендке ғана тиесілі екенін байқамай қалған. Олардың "бренд" ұғымын белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыратын және образдар мен ассоциациялар арқылы тұтынушымен байланыстыратын марканың элементтер жиынтығы ретінде қарастырғаны айқын дәлел. Сондықтан аталған авторлар, сауда маркасы мен сатып алушының арасында туындайтын өзара байланыс марканы жаңа санат - бренд деңгейіне шығара алды деп сеніммен атап өтеді. Ал, шын мәнінде мұның бәрі керісінше екенін біз осы мақаланың басында еске салғамыз.

Аты көпке белгілі маркетинг-ғалым Дэвид М. Огилви (David Ogilvy) "брендті" тұтынушы санасында тауар жайында туындайтын көрініс(образ) деп дұрыс анықтама береді. Бірақ ол да оны тек "брендті қолданудағы олардың тәжірибесі" ретінде шектеп, марканың элементтерін қолданудағы коммуникативтік тәсілдің жемісі ретінде қабылдайды. Олар: "Бренд - бұл өнімнің сезілмейтін қасиеттері: оның аты, қаптамасы және бағасы, тарихы, беделі және жарнамалау тәсілі. Бренд, сондай-ақ, ол тұтынушыларға беретін әсердің оның санасындағы үйлесімі және брендті қолданудағы олардың тәжірибесінің нәтижесі болып табылады",-деп пайымдағанынан байқауға болады [20]. Ресейдің белгілі маркетинг-кәсіпкерлері В. Тамберг пен А. Бадьин да брендті "коммуникативтік әсердің нәтижесі" деп қортындылайды [20]. Жоғарыда айтылғандардан шығатын түйін аталған авторлардың барлығы дерлік брендтің туындауын тауар маркасы түсінігінен шығаратыны, материалдық мәнді тауардың идеялық жағынан жоғары қойып, тұтынушыға беретін барлық әсерді материалдық дүниелермен түсіндіруге тырысады. Осы жерде негізгі мәселе, брендтің туындауына басты себеп тауардың (қызметтің, компанияның, регионның, мемлекеттің т.с.) тікелей көрінетін де көрінбейтін де қасиеттеріне байланысты екені, идеялық мәннің біріншілігін алға қоя алмауларында болып тұр.

Брендтегі "Бренд" ұғымын түсінудегі теориялық келеңсіздіктер Қазақстанның "ұлттық бренд жасау" тәжірибесінде де өзінің кері әсерімен байқалып, көрініс беріп қалғанына біз мақала басында сілтеме жасадық. Бренд жасауды тек символдық конструктор- логотиппен шектеуге болмайтынын, бұл ұзақ уақытты алатын, асығыстықты қолдамайтын

үрдіс екенін соңғы кезде өзге де авторлар алға тартып келеді. В. Тамберг пен А. Бадьин "бірегей және тартымды бейнені жасау үшін" брендингтің күрделілігін атап өтеді: "Өзіміздің көпжылдық "паровоздың алдында жүгіру" тәжірибеміз бен тұрақты (жиі әрі сәтсіз) талпыныстарымыз негізінде біз "Тамберг & Бадьин" бюросында бизнес пен бизнесмендердің санасында брендинг эволюциясының негізгі кезеңдерін қалыптастыра алдық. Біздің ойымызша, шешім қабылдайтын билік құрылымдарындағы адамдардың да санасында бұл кезеңдер (брендтеу жайында) дәл осындай. Қандай да бір идеялар шешім қабылдайтын тұлғалардың санасында соларды игеретін мерзімдермен ғана ерекшеленуі мүмкін. Әрине, кемелдік шыңына қол жеткізу бірден бола қоймайды, ал бұған дейін - "мандайды тасқа ұру" процесі ғана. Бірақ брендинг эволюциясының кезеңдерін түсіне отырып, кейбір қажетті қорытынды жасауға болады",- деп байлам жасайды [20].

Осылайша, брендті қалыптастыру тұтынушыларға коммуникативтік әсердің ғана жемісі емес, ол тұтынушы мен бизнестің санасында брендингтің кезең-кезеңімен жүретін эволюциясы негізіндегі тәжірибенің нәтижесі болып табылатынын мойындағанын көреміз. Пулфорд А., Бэрри К., Смит П. айтқандарына сүйенсек: "Бренд-бұл бір мезгілде ақпарат және тәжірибе" [23]. Нарықта брендтік ықпалға қол жеткізген танымал тауардың сауда маркасы ғана брендтік деңгейге көтерілінетіні бәрімізге белгілі. Егер де белгілі бір тауар өзінің брендтік қасиетін жоғалтса, ол тұтынушының көңілін аударта алмайтын бос сауда маркасына қайта айналуы (көшуі), тіпті нарықтан толық кетуі мүмкін.

Бренд құру (жасау) тұтынушыны ұсынылатын тауардың немесе қызметтің қандай да бір брендтік қасиеттеріне бой үйретуіне есептеліп негізделеді. Бұл ретте, бренд-актив фирма жасаған күш-жігердің ғана нәтижесі емес, оның жиынтық мақсатты аудиториясында бренд-тауардың сатып алушылардың санасында бар күтілетін уәделерінің орындалу тәжірибесі. Сонымен қатар, бренд белгілі бір уақыт кезеңінде өндірушілер мен тұтынушылардың өзара іс-қимылының тең әрекет ететін тауардың материалдық емес бейнесі (идеялық) болып табылады. Бренд пен тауар белгісі арасындағы айырмашылықты Т. Гэдтің ұлттық брендті қалыптастыру жайында айтқан бір ғана сөзімен айқын білдіруге болады: "Өз негізінде ұлт - брендтің метафорасы, ал оның туы - тауар белгісі, ұлттық мәдени құндылықтары - брендтің өзі. Адамдар қазір де өз елі мен осы құндылықтар үшін соғысуға және өмірін сол үшін қатерге байлауға дайын" [24]. Реті келген соң айта кетейік, аймақтық (аумақтық) брендинг проблемалары және Қазақстан Республикасының Ұлттық туристік брендин жасау мәселелері жөніндегі ойлар мен бағыттар туралы біз басқа бір мақалада тереңірек жеке қарастыратын боламыз.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, бұйымдағы белгі (таңба) түрінде өзіне назар аударатын брендке ұқсас ұғымның адамзаттың алғашқы шаруашылық ету дәуірінде белгілі болғанын

және кең пайдаланылған көрдік. Қазіргі заманғы брендинг туралы түсінік негіздері ХХ ғасырдың басында Procter & Gamble компаниясын құрылуымен қатар туындады деп саналады. 1930 -шы жылдары осы компанияның күшімен менеджмент брендингінің танымал тұжырымдамасы жасалды[25]. Бұдан шығатын қортынды- жиырмасыншы ғасыр бұрын танымал болған құбылысқа тек жаңа сапа мен ұғым берді, оны "бренд" ретінде атап, осы әлеуметтік - экономикалық феноменнің философиясының брендинг ретінде кең тарап, канат жаюына ықпал етті. Бұл ретте брендингтегі қазіргі жағдай сол бастапқы деңгейде қалды деп айтуға болмайды. Бүгінгі күні маркетингтегі брендтеу әдістерінің тұрақты және үздіксіз дамуы, бизнестегі дүниетанымның да өзгеруіне алып келді. Сонымен қатар, брендингке деген қарым-қатынас тек бизнесте ғана емес, аумақтық немесе елдік брендинг туралы сөз ететін билік құрылымдарында да өзгерді. Егер брендингті осы күнгі маркетингтік позициядан қарайтын болсақ, онда М.О.Макашевтың берген анықтамасы біздің көзқарасымызға етене жақын: "Брендинг - бұл сауда маркасын жасау, оны тұтынушыға оңтайлы жеткізу арналарын құру; танымал марканың оң бейнесін қалыптастыру, оның адал және шын берілген пайдаланушылар шеңберін қалыптастыру және кеңейту барысында маркетингтік шаралар жүйесі және басқару технологиясы"[26]. Демек, аймақтың көлеміне қарамастан, брендтің екі басты белгісі оның философиялық пайымдауына сәйкес белгілі бір тауар(қызмет, компания, аумақ т.с.с.) идеясы төңірегінде топтасқан адал тұтынушылардың (клиенттердің) кең базасы және сатуды ұйымдастырудың (маркетингтің) жоғары деңгейі болып табылады. Яғни, бұл жерде брендтің идеологиясындағы екі жақты болу шарты(өндіруші мен тұтынушының өзара әрекеті) іске асып тұр. Брендтің бірегейлігі - өндіруші белгілі бір бренд идеологиясы шеңберінде өз тұтынушысына тауар туралы жеткізгісі келетін ассоциациялар мен құндылықтардың мәні мен мазмұнына негізделген. Ал бренд имиджі - оны тұтынушының нарықта қабылдауында, тұтынушы оның қандай қасиеттерге ие болады деп пайымдауымен ерекшелейді. Әрине, бренд идеясын қабылдау тауардың сыртқы белгілеріне, яғни брэндің материалдық атрибуттарына (Brand Attributes)-марка атауы, оның орамы, фирмалық символикасы, жарнамалық кейіпкерлері, кейіпкер-бренд рәміздері, түс үйлесімі, фирмалық қаріптері (шрифтер), музыкалық безендірілуі, ерекше "марка үні", ым-ишараттары(жесты), жанасуы (прикосновение) -байланысты болатыны сөзсіз. Сондықтан, брендтің негізінде тұтынушы санасында тауар идеясы бірінші болғанымен, философиялық тұрғыда күнделікті өмірде оның материалдық көріністегі екіншілік(материалдық) болмысы біріншісін(идеялығын) көмескілеп, қатар тұрып тең күйге ие болды. Кейде тұтынушының түпкі шешім қабылдауында ол бірінші кезекке шығып кететінін де байқаймыз. Сол себепті, заманауи брендинг жүйесі өнімнің негізгі құндылықтарына емес, сауда маркасы феноменін есепке алады, соған сүйеніп маркетингтің жаңа философиясынан туындайтын

тауарды нарықта жылжыту тәсілдерін ұсынады. Маркетингтің заманауи тәсілдеріне сүйене отырып тауарды нарықта жылжытуда бұл тәсілдер қазір кең қолданылуда. Арнайы маркетингтік әдебиеттерде брендингте екі тәсіл бөлініп көрсетіледі: батыстық және шығыстық. Батыс тәсілі үшін негізгісі екі тауар немесе қызмет арасындағы айырмашылық болып табылады, ал сауда маркасы нарықты бөлу, сегменттеу тұжырымдамасына жатқызылады. Демек, нарықтың кез келген тағы бір сегментке бөлінуі жаңа сауда маркасының пайда болуына орын беруі тиіс [22]. Капферер Ж. атап өткендей: "Батыстық көзқарас үшін нарықтың әрбір жаңа бөлінуі жаңа сауда маркасының пайда болуына арналған орын беруі керек" [27, 28]. "Procter&Gamble" компаниясында брендті дара жылжытудың осы тәсілін Нейл Мак-Элрой жүргізді. Мысалы, "Procter&Gamble" корпорациясының брендинг портфелі бірнеше жүздеген дара брэндтерді қамтиды: "Old Spice" және "Secret" дезодоранттары, "Max Factor", "Cover Girl" косметикасы, "Head&Shoulders", "Pantene" және "Vidal Sassoon" сусабыны, "Safeguard", "Camay" және т.б.[29]. Ал, "Unilever" корпорациясының брэндтер желісі кең емес. Ол "Calve" майонезі, "Knorr" сорпа текшелері, "Беседа", "Lipton" және "Brooke Bond" шайы сияқты аспаздық өнімдерінен тұрады[29, 30]. Белгілі бір маркадан тауарды жылжыту жеке дара брэндінгі білдіреді, бұл бір компания шығаратын тауарлар маркаларын алуан түрлі етуге мүмкіндік береді.

Шығыс брендингінде бренд атауы барлық өндірілетін өнімге бір ғана атпен берілетін корпоративтік марка ретінде қолданылады. Бірақ қазіргі уақытта әлемдік коммуникациялардың ғаламдық өзара іс-қимылының кең мағынада тоғысуы, осы екі модельдің бір-біріне айтарлықтай әсер етуін туғызды. Ол корпоративтік брэндтерді кең пайдалануға негізделген, бұл марканың атының компания өндіретін барлық өнімнің желісіне қолданылады. Мысалы, Жапонияда брэндтермен жұмыс істеу жүйесі ең алдымен ғылыми эзирлемелерге қомақты қаржы салған ірі өндіруші компанияларға өнімдерін өткізуге кепілдік береді, өйткені көптеген жапондықтар үшін сапа компанияның ауқым шамасымен байланысты болды. Осыдан келіп, Жапонияда кейде шығыс брендингі деп аталатын, бірегей бренд-менеджмент жүйесі қалыптасты. Корпоративтік брэндінгі үлгісі ретінде әлемге танымал жапондық және кәрістік: "Sony", "Panasonic", "Samsung", "Хундай" компанияларының маркаларын атауға болады. Оңтүстік Кореялық "Хундай" компаниясы ХХ ғасырдың соңында бүкіл әлемге өз автокөліктерімен танымал болды. Алайда, мұндай бағыт оған қазір аудио - және бейнетауарлар, микросхемалар, сондай-ақ спорттық мотоциклдерді де сол брэндтің аясында сатуға кедергі келтірмейді. Өйткені, тұтынушы жапондық баршаға белгілі "Тойота" және "Сони" компаниялары сияқты Оңтүстік Кореяның "Хундай" деген маркасы бар тауарларының сапасы сөзсіз жоғары екеніне сенімді. Себебі аталған компания оған өзінің беделін ең құнды кепіл ретінде салады(ұсынады) деп

есептейді. Осылайша, жапондық, содан кейін оңтүстік корейлық ірі корпорациялардың өнімдерінің маркаларының көпшілігі корпоративтік брендке арқа сүйейді. Олар үшін негізгі құндылық жеке өнім брэндтерінің имиджі емес, жоғары корпоративтік имидж болып табылады. Ал, батыстық компаниялардың өнімін тұтынушылар қандай компания қандай тауар өндіретінін жиі біле бермейді.

Қазақстанда бизнес жыл сайын баяу, бірақ бренд - менеджмент саласындағы өз тәжірибесіне сүйене отырып, туристік брендинг деңгейін жоғарылатып келеді және бұл эволюциялық даму кезеңдерінен өтуінің көрінісі болғандықтан бұған деген оптимистік сенім орнайды. В. Тамберг пен А. Бадьин атап өткендей "... брендинг эволюциясының кезеңдерін түсіне отырып, кейбір қорытындылар жасауға болады. Таза практикалық пайда әкелуімен қатар (маркетинг индустриясының немесе компанияның нақты өнімін клиентке ұсына алуы), сондай-ақ жалпы, тұжырымдамалық сипаттағы жетістіктерге де жеткізеді"[22]. Бірінші эволюциялық кезеңге сәйкес - әшекейлеу жолын (жоғарыда аталған авторлардың ұстанымы бойынша-авт.) танымал қазақстандық компаниялар, тіпті көптеген қалалардың билік өкілдері де қазір толық өтіп болды. Бұл кезеңді тауар белгісін (сауда маркасын, инфографиканы) жасау әрекеті ретінде қабылдап, оларды мүмкіндігінше барлық жерге (қажет болса да болмаса да) жапсыра беруге тырысуларымен сипаттауға болады. Бизнес және билік өкілдері: "Жұрттан неміз кем!" - деген ұранмен өз амбицияларын қанағаттандыру үшін ерекше брендке (тауар маркасы, қала, облыс немесе ауданның елтаңбасы - инфографика түрінде) ие болғысы келді. Сол кезде логотип, ұран, нейминг, түс түрін талдау және өзге де "маңызды" бизнес-пәндер бойынша "мамандар" да жер астынан шыққандай бірден пайда болып, өз ұсыныстарымен олардың жанынан табыла қалатын еді. Осы "мамандар" бизнесмендерге (аудан әкімдеріне, қала мэрлеріне, компания директорларына және т.б.) логотиптер мен слогандар түріндегі "ізденістерінің нәтижелерін" ұсынып өз есебін іске асыру үшін жан таласты[30]. Қазір Қазақстандағы бизнес пен билік үшін бұл кезең де олардың бастарынан өтіп кеткенін батыл айтуға болады. Тауар орамасында (немесе қалалық инфографикада) "лого" болу фактісінің өзі аймақтың, қаланың, компанияның жалпы жағдайын өзгертпейтінін олар қазір жақсы түсініп қалды. Өйткені, осындай әрлеу кезеңінен кейін, бизнес пен биліктің алғашқы амбициялары қанағаттандырылғанымен, елеулі нәтижелер әкелген жоқ, бұл олардың брендингке деген көңілдерін біраз суытты. Содан сәл уақыт өткен соң олаға логотиптің ықпалына ғана сүйенетін соқыр сенім емес, белгілі бір идеяға сүйенетін брендингтің маңызды екенін түсіну келді. Бренд бұл - логотипі бар тауар орамасы (қала, аудан инфографикасы) мен жарнама ғана емес, бұл - бүкіл коммуникацияны - белгілі бір дәрежеге көтеріп, жалпы ортақ бөлімге келтіру керектігі, сонымен қатар бұл - қойма технологиялары мен ішкі фирмалық процедураларды және басқалару саласына да өзгеріс керек екенін көрсетті. Түрлі мамандар тартылған

осындай күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін соңғы эволюциялық кадам - жобалық (проектілік) басқаруға кадам жасауға дайындық жасау қажеттігінің меңзелгенін түсініп қалды.

Екінші кезеңде бизнес өткізуді дамытып кеңейтуге бағытталған маркетингтік нақты тәсіл қолдана бастады, бірақ ол қайта брендингке бетпе-бет алып келді. Бренд құру (немесе ребрендинг) - басқаруды және сауатты ұйымдастырылған маркетинг қызметін талап ететін жоба, ал ол үшін компанияда жобалық команда қажет екенін түсіну келді. Кез келген бизнестегі сияқты, нарықтағы қатаң бәсекелестік пен оның тапжылтпайтын заңдары коммерциялық салада бизнесті барлық туристік брендингтің эволюциялық кезеңдерінен өту қажеттілігі және брендті жобалық басқару деңгейіне жетуге дейін біраз уақыт пен жоспарлы қимыл керек екенін түсінуге мәжбүрлейді.

Нарықта өзін тұрақты сезінетін компанияларда қазір брендингтің 3-ші кезеңі басталды, ол - брендті өз күштерімен жобалық менеджмент тәсіліне сүйеніп құру әрекеті. Брендингтің соңғы даму кезеңіне - брендті қалыптастыруды толық жобалық басқару деңгейіне - бір-сараң компаниялар ғана қол жеткізе алды. Осы мәселе жайында В. Тамберг пен А. Бадьин: "Егер ірі әлеуметтік катаклизмдер болмаса (Ресейде өмір сүре отырып, бұған сенімді болуға болмайды) бес жылдан кейін билік маркетинг пен брендинг тілінде ғана емес, жобалық менеджмент тілінде де сөйлей бастайды деп сенгіміз келеді. Алайда, Ресей территориясында брендинг мәселелерінде айтарлықтай серпіліс күтпеу керек - оның уақыты әлі келген жоқ," - деген пікір айтады[22]. Сондықтан бізге де аумақтың туризмдегі брендингке көшуге даярлықтан бұрын, Қазақстанның жаңа туристік дестинация елі ретінде, оның аймақтық, қалалық, ұлттық туристік брендинің отандық және шетелдік тұтынушылар санасында жасалып, жадынан берік орын алуы, оған экономиканың, саясаттың, мәдениеттің, ғылымның, спорттың т.с.с. жалпы еліміздің барлық әлеуметтік салаларының дамып жетілуі қажеттілігін бізге де түсінетін кез келген сияқты.

Қорытынды. Логотипті немесе символдық көп мәнді белгіні әзірлеудің көмегімен, қандай да бір ел тұрғындарының санасында аумақтың туристік дестинацияның, немесе елдің туристік брендин бір сәтте жасау мүлде мүмкін емес. Тәжірибе көрсеткендей, тек туристік дестинация ретіндегі жеке бір қаланың брендинің жобасының өзі - компаниялардың сондай басқару жобасымен салыстырғанда - өте күрделі және әлде қайда ауқымды. Қазақстанда, біздің ойымызша, туризмде бренд құру бағытына тек 2 қала ғана өз күштерімен талпыныс жасап туризмдегі брендингтің үшінші кезеңіне (этапына) аяқ басты, олар екі Астана - "солтүстік және оңтүстік" (Нұр-Сұлтан мен Алматы қ.). Оның өзі де "ЭКСПО 2017" мен "Универсиада - 2017" өткізуге туризмге өте қажет алғы шарттардың талаптарының арқасында мүмкін болды. Алайда, Қазақстанның басқа аумақтарының туристік дестинация ретіндегі брендингті мәселелерін жобалық менеджмент тілінде кен ауқымда шешуде айтарлықтай серпіліс күту тым ерте - "оның уақыты әлі келген

жоқ(В.Тамберг пен А.Бадьинше - авт.)". Бірақ Қазақстанның барлық жеріндегі бизнес-құрылымдарында бұл мәселе төңірегінде оң үрдістер байқалады және олар болашаққа деген үміт артады. Аумақтық, ұлттық туризмдегі брендингке келетін болсақ, ол алдағы кезеңдерде коммерциялық брендингтің барлық сатыларынан өткен жергілікті (муниципалдық), коммерциялық және консалтингтік құрылымдарды тарта отырып, болашақта туристік бренд даярлауда жобалық менеджмент қағидаттарын қатаң ұстанатын болады деген сенім бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бодрийяр, Ж. Система вещей. - М., 1995, с.92.
2. Несостоявшимся признан конкурс на национальный бренд Казахстана, available at: http://www.inform.kz/ru/konkurs-na-opredelenie-nacionalnogo-brenda-rk-prodlen_a2953198, available at: http://www.ratel.kz/kaz/nesostojavshimsja_priznan_konkurs_na_natsionalnyj_brend_kazahstana_/КАЗИНФОРМ. 28 Фев 2017.
3. Ислаев, Ф. Тамги- забытое культурное наследие татар, available at: <http://www.islam-portal.ru/novosti/104/4480/>.
15. Pettigrew, A., Thomas, H., Whittington, R., 2002b. Strategic management: the strengths and limitations of a field. In: Pettigrew, A., Thomas, H., Whittington, R. (Eds.), Handbook of Strategy and Management. Sage, London, pp. 3---30.
16. Furrer, O., Thomas, H.A., Goussevskaia, A., 2008. The structure and evolution of the strategic management field: a content analysis of 26 years of strategic management research. International Journal of Management Reviews 10 (1), 1---23.
17. Ramos-Rodríguez, A.R., Ruiz-Navarro, J., 2004. Changes in the intellectual structure of strategic management research: a bibliometric study of the Strategic Management Journal 1980---2000. Strategic Management Journal 25, 981---1004.
18. Nerur, S.P., Rasheed, A.A., Natarajan, V., 2008. The intellectual structure of the strategic management field: an author co-citation analysis. Strategic Management Journal 29 (3), 319---336.
19. Azar, O.H., Brock, D.M., 2008. A citation-based ranking of Strategic Management journals. Journal of Economics and Management Strategy 17 (3), 781---802.
20. García-Merino, T., Santos-Ivárez, V., 2009. Characterizing the top journals in strategic management: orientation, style, originality, and readability. Journal of Scholarly Publishing 40 (4), 420---439.
21. Porter, M.E., 1980. Competitive Strategy. Free Press, New York.
22. Jensen, M.C., Meckling, W.H., 1976. Theory of the firm: managerial behaviour, agency costs and ownership structure. Journal of Financial Economics 3, 305---360.
23. Williamson, O.E., 1975. Markets and Hierarchies: Analysis and Antitrust Implications. Free Press, New York.
24. Williamson, O.E., 1985. The Economic Institutions of Capitalism: Firms, Markets, Relational Contracting. Free Press, New York.
25. Barney, J.B., 1991. Firm resources and sustained competitive advantage. Journal of Management 17 (1), 99---120.
26. Barnard, C.I., 1938. The Functions of the Executive. Harvard University Press, Cambridge.
27. Burns, T., Stalker, G.M., 1961. The Management of Innovation. Oxford University Press, Oxford.
28. Lawrence, P., Lorsch, J., 1967. Organization and Environment: Managing Differentiation and Integration. Irwin, Homewood.
29. Cyert, R.M., March, J.G., 1963. A Behavioral Theory of the Firm. Prentice-Hall, Englewood Cliffs.
30. March, J.G., Simon, H.A., 1958. Organizations. Wiley, New York.
31. Mintzberg, H., 1990. The design school: reconsidering the basic premises of strategic management. Strategic Management Journal 11, 171---195.
32. Nonaka, I., 1994. A dynamic theory of organizational knowledge creation. Organization Science 5 (1), 14---37.
33. Grant, R.M., 1996. Towards a knowledge-based theory of the firm. Strategic Management Journal 17 (Winter special issue), 109---122.
34. Teece, D.J., Pisano, G., Schuen, A., 1997. Dynamic capabilities and strategic management. Strategic Management Journal 18 (7), 509---533.
35. Wang, C.L., Ahmed, P.K., 2007. Dynamic capabilities: a review and research agenda. International Journal of Management Reviews 9 (1), 31---51.
36. Felin, T., Foss, N., 2005. Strategic organization: a field in search of micro-foundations. Strategic Organization 3, 441---455.
37. Powell, T.C., Lovaglio, D., Fox, C.G., 2011. Behavioral strategy. Strategic Management Journal 32, 1369---1382.

Назым БУКИРБАЕВА, тарих ғылымдарының магистрі, Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көшесі., 9, nazym-2111@mail.ru, 87212562380

Молдир АЛШЫНБАЕВА, оқытушы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті a_moon86@mail.ru. 87472496624

ҚАЗАҚ ЖҰРТЫНЫҢ ҒҰН ЖӘНЕ ТҮРКІ АТАУЛАРЫМЕН АЛҒАШ ТАНЫЛУЫ

Аталмыш мақалада қазақ жұртының алғаш рет тарих сахынасына ғұн және түркі атауларымен шығуы және осы атаумен таңылған жауынгер халықтың ерлігі туралы баяндалады. Фольклор деректердегі ғұн-түркі дәуірінің моңғол-татар кезеңімен және Қазақ хандығы тақырыптарының арасындағы сабақтастық көрсетіледі.

Түйінді сөздер: ғұн, түрік, оғыз, фольклор, көне қазақ тарихы, алаша, "он ок", нурин, дулу, Аттила, Арыстан, ашин, теле, жужан.

Назым БУКИРБАЕВА, магистр исторических наук, колледж Экономики, бизнеса и права, Карагандинский экономический университет Казтребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул Академическая, 9, nazym-2111@mail.ru. +77212720707

Молдир АЛШЫНБАЕВА, преподаватель Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова a_moon86@mail.ru. 87472496624

ПЕРВОЕ ПРИЗНАНИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА КАК ГУНЫ И ТЮРКИ

В этой статье казахский народ впервые вышел на историческую сцену с именем гунны и тюрки и описывается героизм воинов. Фольклорные источники гунно-тюркского, также монголо-татарского периода показывают непрерывность от Казахского ханства.

Ключевые слова: Гун, тюрки, Огуз, фольклор, древняя казахская история, алаша, "он ОК", нурин, дулу, Аттила, Арыстан, ашин, теле, жужан.

Nazym BUKIRBAEVA, master of historical Sciences, economic, business and law college of Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9, nazym-2111@mail.ru, 87212562380

Moldir ALSYNBAEVA, teacher Karaganda state University. E. A. Buketova. a_moon86@mail.ru. 87472496624

THE RECOGNITION OF THE HUNS TURKIC NAMES PARTICIPATED FOR THE FIRST TIME

This article for the first time tells about the output of the Kazakh people to the historical stage with the names of the Huns and Turkic peoples and the feat of the people-warrior-internationalist. The folklore sources reflect the continuity between the Mongolian-Tatar period of the Hun-Turkic period and the themes of the Kazakh khanate.

Keywords: tyurik, Oghuz, folklore, ancient Kazakh history, Alash, "he's OK", nurin, dulu, Attila, Arystan, asin, the body of Guzan.

Қазақ атауымен XV ғ. екінші жартысында хандығымызды құрсак, ел ретінде қалыптасу процесі ұзақ әрі гүлдену мен құлдырауы қатар алмасқан заман ағымымен тарих сахынасында қалыптасып, дамыдық. Ел ретінде қалыптасу процесін бағалау, әлі де болсын дерек көздерінің аздығы, әрі нақтыланбауы салдарынан бұл тақырып өзекті зерттеу саласы болып отыр. Фольклор деректеріне сүйене отырып Түріктен Моңғол мен Татар бөлінген деген тұсынан [9]. Және жазба деректердегі VI ғ. "без жүз шаңырақ" (ашин) моңғол, түркі теңізіндегі бір тамшыдай ғана болатын" деген мәлімет елдіктің бастауын атам замандарға жетелейтіндігін аңғарамыз [133, 23-24]. Ашин (моңғол) руының халайығы азшылықты құраған туралы материалдарды арқау етіп, ұлт ретінде бой

көтеруіміз ғұн, түркі дәуірінен тамыр алып жатқаның баян етуді мақсат еттік. Әрі, ғұн, түркі кезеңдерін қарастыра отырып жалпы ғұн, Батыс түрік, түркеш, оғыз тобының төңірегінде зерттеу жүргізіп моңғолдардың қалыптасу тарихын ашу болды. Төменде біздер моңғол-татар жұртын және Алаша хан бейнесін зерттей отырып моңғол мен татар тобының негізінде құрылған Шыңғысхан жұрты екендігімізді айқындауды мақсат етті.

Қазақ даласы тас дәуірінен бастап адамзат мекені болып, осы қара шаңырақтан сан түрлі ұлтар бой көтерген. Қола дәуірінде қалыптасқан шаруашылық қазақ болмысымен ұштасып, негізгі кәсіп түрі көшпелі мал шаруашылығы болып қала берді. Осы кезеңде қазақ даласында турлар мен ариилер мекен

етіп, әлемнің өзге аймақтарына қоныстанып, көптеген ұлтар мен ұлыстардың қалыптасуына әсер етті.

Темір дәуірінде қазақ даласында сақ тайпаларының бірлестіктері мекен етіп қазақ этносының қалыптасу процесінде маңызды рол атқарды. Сақ бірлестігі ыдырағанан кейін, ұланғайыр Еуразияның көп бөлігінде сақтардың ұшқыншағы негізінде ғұн мемлекеттік бірлестігі қалыптасты.

Б.з.б. I мың жылдықта қазіргі Моңғолияның оңтүстігіндегі Ордостан Каспий өңіріне дейінгі Орталық Азияның ұлан-байтақ кеңістігін тегі мен этникалық құрамы жөнінен әр түрлі тайпалар мекендеген [135, 245].

Шаруашылықтың біртіндеп дамуы, тұрмыстың біршама ортақтығы, этникалық жақындық, саяси тәртіп факторы Орталық Азияда ертедегі таптық ірі бірлестіктердің құрылуына әкеп соқты. Олардың уақыты жағынан алғашқылары сюнну (ғұн) болды. Б.з.б. III ғасырлардың аяғында қытай деректемелерінде пайда болған сюнну (ғұн) атауы тегі әр түрлі тайпаларды біріктірген және Тынық мұхит пен Солтүстік Қытайдан Алтай мен Жетісуға дейінгі аймақта, ал кейінен одан әрі батысқа да ара-тұра таралып отырған саяси құрылымға да қатысты болды [135, 245]. Ибн әл-Факихтың (X ғ.) географиялық еңбегінде IX - X ғасырлардағы оғыз тайпалары өте қызықты мәліметтер бар, мұнда ол кимектермен және тоғыз-ғұндар мен оғыздардың "патшалар" (мәлік) екені және түріктерде басқалардан көбірек құрметтелетіні айтылады [135, 316]. Оғыздардың ғұндардан тарағанын Әбілғазы бахадүр шежіресі құптайды. Ғұн атауында мемлекеттік бірлестіктің құрылуы саяси билікте оғыздардың үстем болғандығынан көрініс береді, оған тағы бір дәлел Аттила, Арсила, Арыстан деген бір мазмұндағы билеуші лауазымы ғұндарға да, оғыздарға да тиесілі болғанда [135].

Шежіре деректеріміз жазба деректерме қабыса бермейтін тұстарын да аңғарамыз. Себебі Қазақстан тарихы оқулықтарында үйсін, қаңлы, ғұн бірлестіктері қатар өмір сүрген, бірі-біріне қатыссыз үш түрлі этникалық бірлестік ретінде қарастырылады. Алайда фольклор деректерімізде үйсіндер мен қаңлылар ғұндардың арғы атасы болып топтасады. Сонда ғұндардың этникалық тегі туралы мәселе әлі анықталмаған. Зерттеушілердің көпшілігі оларды түріктердің арғы аталары деп болайды. Ғұндардың күдіреті тасып тұрған кезде, олардың бірлестігіне басқа бірнеше тайпалар қосылған, сондықтан "Ғұн" атауы этникалық болудан гөрі саяси одақ атауына қарай айналыңқыраған. Ғұн тайпаларының бір одаққа бірігуіне негізгі себеп қытайлықтардың бұларға қарсы төрт ғасырға созылған кескілескен соғысы болуы керек.

Моңғол нәсілдес, түркі тілдес ғұндар қалың қауымды құраса, онда ғұндар болашақ Түрік қағанатының іргесін қалағаны, ал қалың түркілердің моңғол тектес болғаны.

Ғұндар б.з.д. 204 жылы бой көтеріп, біздің заманымыздың 216 жылына дейін дәурен сүрді. Шаңырағын көтеруші әйгілі Мөле (Боғда) батыр. Мекен-тұрағы - Орта Азия, оның ішінде негізінен қазіргі қазақ даласы. Шаруашылық-мәдени сүлесінің негізі - көшпелі мал шаруашылығы. Өз кезінде 24 тайпалық одақтан құралған ғұндармен бүкіл Еуразия қос құрлығында иық

теңестіретін бірде-бір ел болған емес. Махмұд Қашғаридің "Түркі тілдерінің сөздігі" атты әйгілі еңбегінде аталатын 24 тайпаның, сол сияқты қазақ фольклорында күні бүгінге дейін айтылатын "24 баулы елдің" Ғұн заманынан жеткен жаңғырық екені назар аударады. Ғұндардың қаһарлы тегеуріні шығысында Ұлы Қытай қорғанының салынуына, батысында Рим мемлекетінің құлауына себепші болды. Қытайдың "Жылынама" атты байырғы кітабында мынадай өлендер бар (Мұхтархан Оразбайұлының аудармасы):

Тұрағы жоқ, үйі жоқ,

"Ғұндар бәле болды ғой..."

"Іргесін еш жерге көмбеген

Ғұндар апат әкелді ғой..."

"Терістікке қорған соғуға

Жарлық келді патшадан..." [55, 26-27].

Қазіргі тарихи үрдістегі Азиялық ғұн ұлысы (48-156 ж.ж.), Батыс Ғұн ұлысы (350-469 ж.ж.), Ақ Ғұн ұлысы (367-560 ж.ж.), Табғаш дәулеті (386-557 ж.ж.) деп жүргендердің бәрі де Ғұн ұлысының аясынан шаңырақ көтерген. Олардың еңсесін көтеріп, ел еткендер: Түмен, Мөде (Боғда), Баләмір, Жұлдыз, Қаратүн, Айбарыс, Оқтар, Атыл (Аттила), Теңізек, Күн-хан, Шама-хан сияқты Ғұнның біртуар ерлері еді. Тек жеке тұлға ғана емес, иісі Орта Азиядағы Үйсін, Арғын, Алшын, Қаңлы, Ұйғыр, Қыпшақ, Қырғыз, Оғыз, Қарлұқ сияқты тайпалар мен ел-жұрттар да Ғұнның бауырынан өрбіген ұрым-бұтақ [55, 26-27]. А. Сейдімбеков қазақ руларының негізгі құрамы "Ұлы халықтардың көші" негізінде қазақ даласына қоныстанған ғұн тайпасының негізінде құрылғандығын баяндайды.

Ғұн және түркі дәуірі аралығында 200 жылдық үзілістің болғандығын аңғармыз. Бұл процесс ғұндардың құлдырауымен тікелей байланысты болды, яғни ұланғайыр жерді бір орталықтан басқарудың тиімсіздігі салдарынан туындағын бытыранқылық, қытай елімен орнаған құдандалық қарым-қатынас ғұндардың тарих сахынасынан кетіп, "түрік" атауымен қайта бой көтеруіне негіз болды.

Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі (II-V ғасырлар) Қазақстанның, Орта Азия мен Шығыс Еуропаның этникалық және саяси картасын едәуір дәрежеде өзгертті. V ғасырда түркі тілдес теле (тирек) тайпалар одағының саны көп топтары Солтүстік Моңғолиядан Шығыс Еуропаға дейінгі далалық өңірге қоныстанды, оңтүстігінде олардың көшіп жүрген жерлері Әмударияның жоғарғы ағысына дейін жетті [135, 396].

VI ғасырдағы Қазақстан жерлері күдіретті держава - билеушілері түрік тайпасының әлеуметтік ашин руынан шыққан Түрік қағанатының билігіне түсті. Түрік этносының өзі қағанаттың құрылған алдындағы кезеңде Ганьсу, Шығыс Түркістан және Алтай аудандарында III ғасырдан VI ғасырға дейін кезең-кезеңмен қалыптасты [135, 396].

Қытай тарихында "бес тағы тайпаның дәуірі" (304-399 ж.ж.) деп аталатын заманда Солтүстік Қытайды Хұндар мен сәнбилер жаулап алып бағындырып сол жерде баянсыз мемлекеттердің негізін салды [133, 8].

Тобалар солтүстік Қытайды бағындырған кезде, олардан жеңілген тайпалардың ішінде "Бес жүз шаңырақ ашин" руы бар еді. "Осынау бес жүз шаңырақ", Хундар мен сәнбилер IV ғ. қытайлардан

жаулап алған Шэньсидің батыс бөлігін мекен еткен "эртүрлі рулардың қосындысынан" шыққан болатын. Ашин Хэсиді (Ордостың батысындағы Хуанхэ шығанағы мен Наньшаннің арасындағы облыс) билеген Хүн кінәзі Муганға бағынып тұрған. 439 ж. хұндарды жеңіп, Хэсиді Вэй империясына қосып алған кезде, "Ашин бес жүз үймен жужандарға қашып барады да, Алтай тауының күнгеі бегіне қоныстанып, жужандарға темір өндіріп беріп тұрады" [133, 22].

Түркі байрақтарына бөрінің басы алтынмен әшекейленіп салынған, ақырында түріктердің шыққан тегі жөніндегі екі аңызды ең әуелгі ана - қаншық қасқыр делінеді. Бір-бірінен сәл ғана айырмасы бар аңыздың екеуінде де нағыз тарихи оқиғаның Ашин ордасының Ганьсудан көшуінің ізі де жоқ. Сондықтан да аңыздар Алтайда туған деп ойлаған жөн, бәлкім, бұл аңыздар келгендердің айрықша хұқын дәлелдеу үшін әдейі шығарылған да шығар, кім білген [133, 22-23].

Бірінші аңыздың бір қызық жері - бұл аңыз "хұндар үйінің бір тармағының Батыс өлкеден батысқа қарай кеткенін" яғни Аттила мемлекетін біледі. Бұл тармақты көршілері түптікіямен қырып алғанды; тек бір тоғыз жасар бала ғана аман қалады, ал жаулар оның да қол айағын шауып, саздаққа лақтыра саалды. Сол арада одан бір бөрінің қаншығы ұрықтанады. Дегенмен баланы дұшпандары өлтіреді де, қаншық қасқыр Алтайға қашып барып, сонда он бала табады. Бұл әулет бірте-бірте өсіп-өніп көбейіп, "арада бірнеше буын өткесін, Әсенше деген біреу бүкіл ұлысымен үнгірден шығады да, өздерін жужан ханының бағынушы боданымыз деп мойындайды". Бұл аңызға жүгінсек, алтайлық түрік-түкіюлер батыс ғұндардан шыққан, бірақ тікелей емес, мистикалық жолмен, қаншық қасқырдың араласуымен шығады, ал егер біз батыс ғұндардың 468 ж. көзі жойылып кетіп, түріктердің халық ретінде 545 ж. еңсе көтергенін ескерсек, онда олардың жедел көбейіп, пәлен буынның ауысып үлгергеніне таң қалмасқа болмайды! [133, 22-23].

"Түрік" этнонимінің алғаш рет аталуы қытай жылнамаларында кездеседі және ол 542 жылға жатады. Қытайлар түріктерді сюнулердің (ғұндардың) ұрпақтары деп санаған [135, 196].

"Түркіттер" халқы, Алтай мен оның бөктерлеріне тән орманды-дала ландшафты жағдайындағы этникалық араласу нәтижесінде V ғ. аяғында пайда болған [133, 24].

552-553 жылдары Түріктердің батысқа жасаған соғыс жорықтары бұдан да күшті болған Иштеми бастап, оны батыс түріктердің түп атасы және Батыс Түрік қағанатының негізін салушы деп атайды. Ху елін жуасытуға аттанады және "он тайпалық" деп атап өзін қаған (Шисин було қаған) деп жариялайды. Жетісудың ежелгі түркі тілді тайпалары Батыс Түрік қағанатының этникалық-саяси құрылымында айқын бейнеленеді [135, 297].

Түрік қағанаты Шығыс Түрік және Батыс Түрік қағанаттарына бөлінген кезде Батыс Түрік қағанаты құрамында "Он тайпалық" дулу және нушибилердің болғанын Л. Гумилев қытай дерек көздері арқылы баяндайды. Болмаса Батыс Түрік қағанаты "ежелгі үйсін жеріне ірге тепті", этникалық-саяси ұйтқысы - "он тайпа" он-оқ будын [135, 300]. Ал Шығыс түрік қағанатының негізгі этникалық тобы татарлар екендігін

аңғардық. Сондағы Түріктен Моңғол мен Татар хан болып екі ағайынды бөлінгендігін фольклор деректері ұсынады. Бұл сонда Түрік қағанатының екі тармаққа бөлінгендігінің баяны болады.

Батыс Түрік қағанаты әлсіреген тұста, "Он жебе" құрамына кірген тайпалардың енді қаған атымен емес, өз туын көтеріп қимыл жасауы жиілей түскен. Қағанаттың сол қанаттың құрамына кіретін, халқы көп болған түркештер VI ғасырда-ақ Шу-Іле қос өзені аралығындағы үлкен аймақты алып жатқан [135, 303]. "Он тайпалық" одақ түркеш атауымен қалыптасқан болады.

552-554 жылдардың арасында түріктер шығыста қайлар (татаптар), қидандар және отыз-татарлар тайпаларын, солтүстікте Енесей қырғыздарын өздеріне бағындырып алды [135, 297]. Шығыс Түрік қағанатындағы қайлар (татаптар), қидандар және отыз-татарлар тайпалары Моңғолдың татар тармағы болуы мүмкін. Бұл турасында біздер татар баянында толықтырамыз.

Махмұд Қашқари кимектердің үшінші тайпасы - татарлар бірінші рет отыз-татарлар деген атпен VI ғасырлардағы оқиғаға байланысты VIII ғасырлардағы көне түркі жазбаларында келтіріледі. Түріктердің басқа жазбаларында олар тоғыз-татарлар ретінде мәлім. Тоғыз-татарлардың негізгі оғыз тайпаларымен тұрақты саяси өзара іс-қимылы татар тайпаларының бұл тобын VIII ғасырда Моңғолияның оңтүстік шығыс жағында мекендеген деп санауға мүмкіндік береді. 740-840 жылдарда татарлар Ұйғыр қағанаты құрамына кірді. Ұйғыр қағанаты күйрегеннен кейін татарлар оғыз-ұйғыр тайпаларымен бірге Шығыс Түркістанға көшіп барды. "Худуд әл-алам" ананимі татарды сенімен тоғыз-ғұздарға жатқызады. Махмұд Қашқари де татарларды түркі тілдес тайпалар арасында атайды [135, 328].

С.Г. Кляшторныйдың пікірінше, қыпшақтардың ежелгі тарихы сир (немесе қытай деректері бойынша се) деген тайпа атауымен байланысты [135, 328].

IV ғасырда се тайпасы өз көршілерін бағындырып алады. Оларды қырғынға ұшыратқан билеуші рулар жаңа конфедерацияны басқарды. Қытай тарихнамасында олар IV ғасырдан VII ғасырға дейін сеяньто деген атаумен белгілі. VI ғасырдың орта шенінде сеяньтолар түрік қағандарына саяси тәуелді болды. Олардың едәуір бөлігі Хангайда тұрды, басқа бір бөлігі Шығыс Тянь-Шаңға көшіп барды. VII ғасырдың бас кезінде Солтүстік Моңғолияда сеяньтолар телелердің он тайпасы одағын басқарды. 630 жылы сеяньтолар бұл одақтан бөлініп шығып, орталығы Отюкенде болған өзінің Сир мемлекетін құрды. Оның шекарасы Алтай мен Хинган, Гоби мен Керуленге дейін ұлғайды. Солтүстік сеяньтолардың қағаны Енесей қырғыздары елін бағындырды. 646 жылы тоғыз-ғұздар сеяньтоларды жеңіліске ұшыратты, сөйтіп сирлер мелекеті құлады. Алайда көп кешікпей түріктермен одақтасқан сирлер Орталық Азияда қаарлы күшке айналды. 691 жылы түріктермен бірге олар тоғыз-ғұз тайпаларының конфедерациясын басқарған ұйғырлардан Отюкен даласын тартып алды. 742 жылы Орталық және Батыс Моңғолиядағы өз мемлекеті құлағанға дейін түіктер мен сирлер (қыпшақтар) тоғыз-ғұздарға елу жыл бойы билік етті [135, 328].

Ашин атымен бас қосқан сол бір "бес жүз шаңырақ" қайдан шықса да, бәрібір олар әскери тұрмыс шырғалаңы Қытайдан Алтайға иіріп әкелгенге дейін өзара моңғол тілінде сөйлескен. Алтайда түркітілді орта жүз жыл болғаннан кейін кейін, әлбетте, олардың сөйлеу тілі тез өзгеруі керекті, өйткені "без жүз шаңырақ" моңғол, түркі теңізіндегі бір тамшыдай ғана болатын. VI ғ. орта кезінде Ашин руының халайығы мен оның серіктері біржолата түріктеніп, моңғол тілінің нышанын тек өздері ала келген атақтарында ғана сақтап қалған деп ойлауға болады [133, 23-24]. Ашин тобы түркілер ішінде ақсүек "патша" әулетке жатты. Майқы би де Алаша ханды асылдың сынығы деп бағалаған болатын, яғни елді бір отралыққа бағындыратын, түр-сипаты келіскен, көзінің оты бар хан әулетінің лайықты өкілін кездестіріп, болашаққа деген үмітінің қайта тұтанғанын аңызда баяндайды.

Жужан билеушісі Анахуанның Буман қағанға қаһарына мініп айтқан сөзі: "Сен менің телмірген теміршімісін..." - деп кемсітуіне қарамастан, күш жігерін жиып айласын асырған болатын [133, 27]. 551 жылы Бумын қытай ханының қызын алып көшпелілер арасында аброй-беделін арттырып 552 жылы тосыннан жужандарға шабуыл жасап, толығымен жеңіп шығады. Бумын Ильхан лауазымын алады, 552 жылы аяғында қайтыс болады. Таққа оның баласы Қара Ысқақ хан лауазымымен отырады [133, 27]. 555 жылы Жужандарды түріктер мен қидандар тас-талқан етеді [133, 28]. Осылайша қашақ, қаракшы жужан тайпаларының өмір сүру дәуірі аяқталды.

Авар (жужан) қағаны Анағұй өзін өзі өлтіргеннен кейін түрік билеп төстеушілері қағанат атағын алады, сөйтіп аварлардың бұрынғы күш қуатына да, олардың барлық иеліктеріне де өзін мұрагер ретінде орнықтырады [135, 297]. Қытай мәліметтеріне қарағанда, елге ханды жариялаудың күрделі рәсімі болған: бекзаттар оны ақ кигізге отырғызып, күн жолының ыңғайымен қаумалай шеңберді тоғыз рет айналдырып, сосын оны ақбоз атқа мінгізген... [133, 51]. Бұл хан көтеру салты қазақ дәстүрімен қабысатындығын аңғарамыз.

Жужандар халқының шыққан тегі туралы мәселе талай рет қойылғанымен түпкілікті шешуін тапқан емес. Бұл арада мәселені осылай қоюдың өзі дұрыс емес екенін айту керек, өйткені оның шығу тегін емес, қалай құрылғанын сөз еткені оны. Жужандардың (Әбілғазы шежіресіндегі жалайырлардың жужан теріп жеуі мәселесі көтеріледі) халық ретінде бірінғай этникалық тамыры болмаған. Жужан халқының пайда болуының өзіндік өзгешелігі бар. Заман азып, ел бұзылған кездері жаман ат тағылып халық қатарынан шығып, қаңғып кететіндер ұдайы болып отырған. IV ғ. орта кезінде де ондайлар аз болмаған. Тоба ханның ордасында немесе хун шаньюінің астанасында тұра алмайтын кісілер иен далаға безіп кеткен. Рақымсыз қожаларынан кеткен құлдар, әскерден қашқан қашақтар, жұрт соққан ауылдардың қайыршы кедейлері сонда барып паналаған. Олардың бәріне ортақ нәрсе - шыққан тегі де, тілі де, діни сенімі де емес, өздерін қайыршы халіне жеткізген тағдыр-талайы ғана болған; ал оларды билеп-төстеп ұйымдастыруға мәжбүр еткен де сол қатал тағдыры [133, 10-11].

200 жыл өмір кешкен жужан ордасы кері кетпесе, ілгері баспаған - өйткені бар күш-қуаты көршілерін

талауға жұмсалған. Қытай деректерінде жужандарды хундарға туыс тайпа деп есептейді. Қытай тарихшыларының шала-шарпы мәліметтері бойынша жужандар сәнбише, яғни моңғол тілінің бір диалектикасында сөйлескен болуға тиіс, өйткені қытай тарихшысы олардың хандарының атақ-дәрежесін қытай тіліне аударғанда, ол түп нұсқасында - Вэй мемлекеті тілінде, яғни сәнбише сөйлейтінін атап өткен [133, 11]. VI ғ. 20- жылдары жужандар мемлекеті құлдырайды [133, 20].

Жужан хандығының негізгі күші теле тайпаларын қарауына бағындырып ұстай білгендігінде болса керек. Бытырап жатқан ел болғандықтан да, телелер жужандарға қарсы тұра алмайды, сөйтіп оларға алым-салық төлеуге лажсыздан көнеді [133, 12].

Теле тайпалары жужандарға аса қажет болады, ал жужан ордасының телелерге мүлде қажеті жоқтұғын. Жалпы, жужандар бейнеті көп еңбекті сұқаны сүймейтін адамдардан құралған еді, ал олардың балалары еңбектің орнына алым-салық жинап, олжа табуды артық санайды [133, 8].

Телелер мал шаруашылығымен, олар тек малын бағып, ешкімге ештеңені төлемей, еркін жүргісі келетін. Осындай ыңғай-бейіміне орайлас етіліп, қос халықтың саяси жүйелері қалыптасқан еді: әскери күштің көмегімен көршілерінің есебінен күн көру үшін жужандар бір ордаға бас қосады; телелер байланысы нашар тайпалардың әлсіз бірлестігі болып қала берді, бірақ барша күш-жігерімен өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысады [133, 12].

Телелер жужандармен қатарлас өмір сүріп жатты, бірақ оларға ұқсас ешбір белгісі болмайтын. Олар хундар империясы құрамынан ерте шығып, қарапайым ақсақалдық қауым мен көшпелі тұрмысын сақтап қалады. Қу мекиен меңгеру түзді мекен еткен жарлы-жақыбай көшпелілер қытайландыру ісінен де қалыс қалады, өйткені шолдаланың несіне қызығады. Телелердің жалпыға ортақ ұйымы болмаған, әрбір 12 рудың әрқайсысын ру басы ақсақалдар басқарған және "ағайын туысқандар ынтымақтасып тұрған" [133, 12].

Халқалар мен жоңғарлардың теле тайпалары түріктердің талапайына түсіп отырған [133, 54]. Бүгінгі Моңғолия деп атнылып жүрген мемлекетіміз, әуелде Халқа мемлекеті деп аталса, моңғол шапқыншылығы жылдарында да халқалықтар деп аталып жүрген топ, әп-сәтте, яғни 1924 жылдан бастап моңғолдардың тап өзі болып шықты. Халқалықтардың моңғол болуынақандай дерек көздерінде мәлімет бар деп сұрақ қойсақ? Жауабы еш негіз, жоқ деп бекітер едік, бәлкім моңғол жасақтарының шағын ғана қауқарсыз бір тармағы болды дер едік (қара қалмақ-моңғолдың әлсіз тармағы).

Е. Прицак "будын" терминін ұлыстың бір бөлігі деп түсінеді, оның көне моғол термині "ирген" терминімен қатар қояды. Алайда жоғарыда келтірілген бектерді будундерге қарсы қою ғана емес, сол сияқты А.Н. Кононовтың "ирген" терминін ер (еркек) - кин (көптік жалғауы) деп талдағаны "еркин - ирген" (сөзбе-сөз - "еркектер тобы") дербес түсінік екенін көрсетеді, ал "будын" релятивті түсінік яғни ханның, бектердің будуні - қарашасы атанғаны болады [133, 59]. Моңғол және түркі тілі өзіндік ерекшелігі болды, дегенмен қалын түркі жұрты моңғол диалектикасына жойылуына әсерін

тигізді. Аталмыш "еркин", "будын" сөздері казак тіліндегі қолданыстағы сөз деп айтуға болады.

Ұлан-байтақ жер енді ғана қалыптаса бастаған мемлекеттің шеңберінде ұзақ уақыт қала алмайтын еді. Олар іштен және сырттан болатын қысымға қарсы тұра аларлық өзара байланысты біртұтас экономикалық және этникалық-саяси организм болмады. Тек қарудың күшіне ұзақ уақыт сүйеніп тұра алмады. Әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі, Суй Қытайының қағанат шекараларына шабуыл жасауы (581-618 жылдар), ақырында, оның табиғи түрде бөлінуіне әкелді. Түрік қағанаты 603 жылы Батыс және Шығыс Түрік қағанаты болып бөліну процесін аяқтады. Батыс Түрік қағанаты Шығыс Түрік қағанатына біршама саяси тәуелділікте болды, онда үкімет билігі түріктердің қаған руы ашиналардың қолында болды [135, 300]. Қазак фольклорында сипатталатын:

Түнектен алтыншы ата Алаша хан,

Туыпты деп осылай санайды екен.

Баласы Алаша хан Моңғұл, Татар,

Япас жөні осылай болып кетті [134, 173-175].

Аланшань (Алаш) атауы Түрік қағанатынан ертерек қалыптасқан бағзы атау. Алашаны Моғол мен Татардың атасы деп сипаттаса. Біздің болжамымызда Түрік қағанатының Батыс Түрік және Шығыс Түрік қағанатына бөлінуі деп түсіндіруге болады.

Кім білмес баяғы өткен Оғыз ханды,

Қаратқан қол астына талай жанды.

Басында Азияны түгел билеп,

Үрім, батыс, арабтың көбін алды.

Жазады талай елдің тарихшысы,

Адамнан өзгеше еді қылған ісі.

Үш жүз қырық жыл бұрын пайғамбардан,

Атағы жер жүзіне шыққан кісі.

Оғыз хан - Моғұл ханың немересі,

Ақтаған еді оның өз әкесі.

Ерлігі, естілігі, әділеті,

Адамда болған емес бір теңдесі.

Айтайын Атолланың (Аттила) қылған ісін,

Көп ед деп ойлаған жұрт оның күшін.

Азия, Еуропаны түгел билеп,

Көбі ауған Атолладан қорыққаны үшін [134, 60].

Атолла Моғол ханның баласы еді,

Басы үлкен, кеудесі кен, аласа еді.

Мың үш жүз елу жыл болды өлгеніне,

Оның да қылған ісі тамаша еді [134, 60]. Аталмыш қытай казактарының фольклор мәліметтерінен Аттиланы Оғыз хан деп алмастырса, Моғолдың немересі деп те сипаттайды. Алашань тауларында - аде-эдиздер, Ордостан батысқа қарайғы далаларда - хуньдар мен кибилер өмір сүрген, деп "алаша" атауы ғұн заманымен сабақтасып жатқанын көрсетеді, эдиздер атауы - оғыздер, оғыздар деген атауға жақындығы көрініс береді [133, 262].

Сонда моңғол, оғыз деп сипаттап отырғанымыз ғұндар болғандығы. Ғұндар да, түркілерде Еуразияның ұланғайыр аймағын иемденген. Жалпы түркі тілді тайпалары туысқан ғұн тайпалары негізінде құрылды деп топшылауға болады. Біздің көтеріп отырған мәселе түркі тайпаларының бір бөлігінен казак рулары қалыптасса да, Моңғолдың кара шаңырағы Қазақ даласы екендігін аңғарамыз. Шыңғысханды өзге түркі тілдес елдерден бұрын казак халқына жақын екендігін көреміз.

Түркі халқының Византия елшілерін қандай сый-сияпатпен қабылдағанын Менандр келістіре сипаттап жазған. Түркілердің аста-төк алтынды, байлықтары әлбетте таланып алынғанды, бірақ өздерін әлемнің жартысының қожасына айналдырған түріктер жеңісі кездейсоқ нәрсе болмайтын. Олардың жалпы көшпелілер деңгейінен жоғары тұрған әскер мен басқару жүйесін шебер құрғаны сондай, түріктер сол жеңісіне лайық жұрт болған деп толық сеніммен айта аламыз [133, 55].

Энгельс: "Барша мәдениетті халықтар өзінің қаармандық дәуірін - болат семсер дәуірін бастан кешірді. Мұны темірді балқытып, өндеген түріктерге де қолдануға болады. "Байлық тез көбейді, бірақ жеке адамдардың байлығы ретінде көбейді". Тонаушылық соғыстары жоғарғы әскербасының, сол сияқты оған бағынатын әскербасылардың өкіметін күшейте түседі... король үкіметін мирасқа айналдыру, асылтектілер мирасқорларының негізі қаланды [133, 62-63].

Ашин әулетінің мемлекеті міне қандай болған. Ол рулық құрылысты жалмап, жұтып қойған әскери демократия сатысында тұрады және оның найзасының ұшы өзінің қанау объектісі болып табылатын көршілеріне қарсы кезеулі тұратын. Тонаушылар мен тоналушылардың ара қатынасында да бітіспес қайшылықтар жататын; Ашин мемлекетінің сырттай Спартакқа ұқсайтын да кезі барды, бірақ бұл одан әлде неше есе қуатты да үлкен еді (С.П. Толстов).

Мұндай жыртқыш-мемлекеттің негізгі құш қайраты оның әскері мен басқару жүйесі болатын [133, 63].

Этноним ретінде тоғыз оғыздар (қауымы) - ұйғырлар және үш оғыз - қарлұқтар пайда болған. Білгеханның: "Тоғыз-оғыз халқы менің өз халқым болды" деп жар салған [133, 23-24].

Дулулар ежелгі хұндардың жаугершілік машықтарын мирас еткенді және солар сияқты, "атты айкастың айтулы елері" болатын. Бір кездері хұндарды "халықтарды билеуге" жеткізген қам-харекет, енді қатты қарсылыққа душар болды [133, 154]. Л. Гумилевтың тұжырымындағы дулулар VII ғ. Батыс Түрік құрамында болғаны, Әбілғазының бізге берген Майқы (ақсақ) би дулат, доғлаң (ақсақ) атауынан дулат тайпасы тарады деген шешіре деректері бояма сипат алған болады. Әйтсе де дулат пен дулулар атауының ұқсастық болуы да ғажап емес. Болмаса Майқының осы дулаттарға, яғни моңғолдардың жоғарғы тобына басшылық жасауы негізінде қалыптасқан атау болуы мүмкін.

Төмендегі Л. Гумилевтың мәліметіне үнілсек: Жоңғарияны қайта қосып алу Батыс қағанатының халықаралық беделін өсірді, бірақ бұл нығайтудың аяғы ішкі қайшылықтарды шиеленістіре түсті де, жаңа дүрбелең тудырады. Шын мәнінде Сыжабғы мен Шениді жеңу жергілікті тайпалардың түріктерді жеңген салтанаты болатын. Әулетті сақтау әлі де болса мемлекет бірлігін берік сақтап тұрған, бірақ Ышбара Төлішад-ханның нақты әскери күші жоқтығын, ол тек өз еркімен бағынатын бектерге ғана сүйенетін, бұл мейілінше сенімсіз нәрсе еді. Дулы мен нушибилердің бектері өздеріне сырттан төнетін қауіп жоқтығына көздері жетісімен-ақ, олар ханға өз дегенін істете бастайды. Ол жоғарғы өкіметті бұрынғыдан бетер әлсірететін реформаны жүзеге асырады. 635 жылы дулу мен нушеви тайпалары өздерін-өздері

басқаруға қол жетеді, дулының бес тайпасы мен нушевидің бес тайпасы бір басшылықтан алады, бірақ ашин руынан емес, тегі, жергілікті тайпалар тектілерінен алған болуы тиіс. Бұл бастықтардың әрқайсысы шадпен, яғни текті ханзада дәрежесімен теңестіріледі. Олардың әрқайсысына өкімет бейнесі ретінде бір-бір жебеден беріледі де, "Оң оқ түріктері" деген ат содан шығады. Екі одақтың, дулы мен нушевидің шекарасы болып, Шу өзені белгіленеді [133, 210]. Аталмыш дерек көздерінен дулаттардың да, нурлардың да Әбілғазы бахадүр шежіресі бойынша сол бір аз моңғол тобына жатқызғаның білеміз. Дулат атауының пайда болуын Шыңғысхан дәуірімен сабақтастырылады. Дегенмен жоғарыда біздер Л. Гумилевтың Ашин атымен бас қосқан сол бір "бес жүз шаңырақ" қайдан шықса да... өзара моңғол тілінде сөйлескен. Алтайда түркітілді орта жүз жыл болғаннан кейін кейін, әлбетте, олардың сөйлеу тілі тез өзгеруі керекті, өйткені "без жүз шаңырақ" моңғол, түркі теңізіндегі бір тамшыдай ғана болатын. VI ғ. орта кезінде Ашин руының халайығы мен оның серіктері біржолата түріктеніп, моңғол тілінің нышанын тек өздері ала келген атақтарында ғана сақтап қалған деп ойлауға болады [133, 23-24]. Ашин тобы түркілер ішінде ақсүек "патша" және моңғол тобына жатты. Моңғол тілінде сөйлегендер оғыздар болды, яғни дулулар мен нушибилер.

Үкі 653 ж. өз ордасын баласы Чженчуге (жиенше ме) Ашин руының ең соңғы бегіне қалдырып, қайтыс болады, біз оны соңғы түрік ханы деп атауға хақымыз бар [133, 216]. Нурин және дулулар ашин әулетінің өмір сүру уақытын тоқтатқандығын көреміз. Бұл тұста жазба және ауызша дерек көздерінің шатасуы байқалады. "Шина қыздан туған Шыңғысхан" деп сипаттайтын Сүйінбай жыраудың жыр шумақтары жалғанға шығады, болмаса Алоңғоны Шина деп қасиетті рухпен байланыстыруда шатасушылыққа жол берілді деп болжауға болады. Болмаса оғыздар (моңғолдар) жаңа бой көтеріп жатқан елге қасиетті бояумен өң беру мақсатында Алоңғоның нұрдан (қасиетті рухтан) үш ер баланы дүниеге әкелуі, осылайша нурин тарихын құрып Шыңғысханның шыққан тегін құдайдың қасиетті рухымен сабақтастырған тарих жазылған болады.

Білге-қаған ескерткішінің мәтіндерінде бектерге және халыққа арналған сөздер бар. Онда мынадай жол кездеседі: "... менің шын жүректен шыққан сөзімді сендер осыған қарай отырып, он жебе ұлдарына және олардың таттарына (татар) жеткізіндер!" [135, 302-303]. Мәтін жолдардан біздер "он оқ елі" ұлдары деп билеуші топ өкілдерін атады (ашин-оғыз) және татар деп өзге түркі тілдес тайпаларды көрсеткен болу керек.

Хуанхэ жағалауларында. 630 ж. тұтқындалып, "қайыршылық күйге түскен бірнеше жүз үй" санатында 631 ж. Алашанға (Тиянь-шань атауы осыған байланысты тағылуы мүмкін) қоныстанған түріктер тобына қайта оралайықшы. Қытай тарихшысының пікірі бойынша олардың кейінен "көбейіп кеткені" сонша 641 ж. өзінде Сымоханның "100 000 халқы, сол халқының есебінен 40 000 саптағы әскері және 90 000 жылқысы" болған, ал 670 ж. түріктер көтеріліске шығып, Империямен соғыса

алатын әл-дәрменге жеткен [133, 264-265]. Адамдардың мұншалықты шапшаң көбейе алмайтындығы санақ ғылымынан белгілі. Бұл арада бастапқы материалдан бір нәрсе алынып қалғандығы байқалады. Өтсе де біздің бақытымызға "Селегі тасындағы" жазудан табылған бір сөйлемнің мағынасы халықтың осындай түсініксіз өсімінің сырын аша алады. Онда 80-жылдары қағанатын қайта қалпына келтірген түріктер "қыпшақ-түріктер" деп аталған [133, 264-265]. Қыпшақ сөзі, қашақ, жаң-жақтан еркіндікке қашып келген түркі руларының жиынтығынан құрылуына байланысты "қыпшақ түрік" атауы қолданылуы мүмкін. Жазық кең даланы Дешті Қыпшақ деп атаудың өзі қашақтардың даласы деп сипаттауға болады.

Көне замандарда қыпшақтар Алтайдан, қытайлықтар Чжелян деп аталған алқапта өмір сүрген. Ол дыбыстарының естілуі бойынша қытайша жазылған кәдімгі Жылан алқабы болғандығы сөзсіз (мұндағы таудың Жылан тау, қаланың Змеиногорск аталуы да осыдан). Грумм-Гржимайло оларды бомның дінлін тайпасының үрім-бұтағы деп есептейді. Сірә, олар түріктерге бағынышты халықтардың бірі болса керек. Ал 630 ж. солармен жеңіліс таукіметін бөлісіп, өзге жеңілгендердің қатарында өздерінің бұрынғы мырзаларымен бірге Алашанға қоныстанған. Бұл бүкіл халық емес, ал соның бір бөлігі ғана болғандығы даусыз, өйткені қалғандары қаңлылармен араласып, командар немесе қыпшақтар деген атпен белгілі болған халықты құраған. Ашин хандарының қалпына келтірген ордасының екінші бөлігі сияньто ұрпақтары - сирлер болып шыққан. Бұл Тоныкөк жазуынан көрініп отыр. Онда "тюрксир будун" , яғни түркі-сир халқы деген сөз бар [133, 265]. Алашан атауы түркілердің атам замандағы ұлы билеушілерінің біріне тағылған, Түркінің атасы болып табылатын Алаша ханға заманында ол мекен еткен аймаққа есімін беру заңды құбылыс. Кейінде Шыңғысханды осы есімімен Алаша хан деп атау заңды процес, себебі Шыңғысхан да Түркі жұртын бір тудың астына қайта топтастырған тарихындағы ұлы тұлғала.

646 ж. имперліктер мен олардың одақтастары - ұйғырлар сеяньто хандығын жойып, халқын аяусыз қырғынға ұшыратқаннан кейін сеяньтолықтардың қалғандары Бейшань тауы тарамдарына бытырап кетеді. Сондықтан олардың түріктерге деген ескі өшпенділігі енді қытайлықтарға деген одан да күшті өшпенділікпен алмастырылды. Демек, олардың түріктерге қосылғандығына таңғалатын еш нәрсе жоқ. Олар түріктердің туы астында бұрынғы мәніне қайта ие болатынына және өздерін сонша қаталдықпен қырып-жойған қытайлықтардан өш алатындарына үміттенді [133, 265].

Бұған қоса Ордос пен Алашанда оңтүстік хунндардың қалғандары мен өзге түркі тілдес тайпалардың жұрнақтары өмір сүрді. Ашин хандарының ордасын олар да көбейтті. Жорықтар жауынгерлерді жақындастыра түсті, ажалмен бетпепет келгенде жанындағының көмегін сезіну тірі қалуының кепіліне айналды. Шалғай далалардағы біркездері бір-бірілерін жек көретін тайпалардың бәрі енді қол ұстаса шығыс пен батысқа соғыспен барып

жүрді. Сөйтіп тағдырларының ортақтығы олардың әр тайпадан шыққан ала-құлалық жігін біртіндеп жоя бастады. Әрине, олар өз әскерлерінің бір-бірімен шайқасқаның жақсы түсінді. Алайда болмыстың шығармашылық күші ескіріп бара жатқан сана-сезім қауызын күйрете алды. Сонымен VII ғ. 50-жылдардың өзінде бұрынғы жауластар достарға айналды, ал содан жиырма жыл өткеннен кейін олардың балалары "көк түрік" деген бір халық болып бірікті [133, 265-266].

Батыс Түрік қағанаты әлсіреген тұста, "Он жебе" құрамына кірген тайпалардың енді қаған атымен емес, өз туын көтеріп қимыл жасауы жиілей түскен. Қағанаттың сол қанаттың құрамына кіретін, халқы көп болған түркештер VI ғасырда-ақ Шу-Іле қос өзені аралығындағы үлкен аймақты алып жатқан және Жетісудағы керуен жолдарының көбі солардың бақылауында болған. Түркештердің ықпалы бірте-бірте күшейе түсіп, территориясы да ұлғая түскен. Үшілік бұрын Шудың солтүстік-батыс жағында болған өз ордасын ол Суябқа көшіріп, оны Үлкен орда деп атады; Күнгіт қаласында оның Кіші ордасы болды [135, 303]. Аталмыш осы аймақта моғолдардың да Үлкен және Кіші ордалары болған. "Он жебе" ұғымы моңғол тарихында бірлікті сипаттайтын Алоңқоның оқиғасын көрсетеді.

Сары түркештер қара түркештерден жеңіліске ұшырап, үстемдік қара түркештерге ауысты. "Жаңа Тань тарихында" Түрке қағанатында әлеуметтік өзгерістердің болғанын көрсетеді, бұл құжатта былай делінген: "Шығындар (ақсүйектер) күн сайын өсіп жатты, ал қор деген болған жоқ. Соңғы жылдары ол (қаған) тапшылықты сезіне бастады, сондықтан талап алынған олжаларды бірте-бірте бөліске салмай, өз қолына ұстады". Дау-жанжалдар қара түркештер мен сары түркештердің билеуші топтары арасындағы күреске ұласты [135, 304]. Түркештердің де "он жебе" елі екі қанатқа бөлініп, бірі "ақ сүйек" тобына жататыны бұл тұста да көрініс беріп Батыс Түрік құрамындағы "Он тайпалық" дулу және нушибилердің "Он жебе" Түркеш қағанаты болып құрылған. 756 жылы қарлұқтардың тегеурініне шыдамай құлаған. Дегенмен түркеш халқының саны көп болуына орай қарлұқтардың шапқыншылығынан түгел қырғынға ұшырады деп айту қиынсыз.

Жетісуда түркештердің мұрасы үшін қарлұқтар мен оғыздар арасында күрес өрістеді деп оқулықтарымызда түркештермен оғыздарды екі бөлек этноқауымдастық тұрғысында сипаттау орын алса, ұланғайыр Жетісу, Тұрфан аймақтарын иеленіп жатқан түркештер оғыздар атауымен қалыптасып және олар өз иеліктері үшін қарлұқтамен күреске түскен болады. Өйткені алдыңғы ортағасырлық жазба деректерде келтірген оғыздардың атақты аңыздарына сәйкес, Ыстықкөл мен Талас аумағы оғыздардың ежелгі отаны деп аталған. Осы тайпалардың нәтижесінде оғыздардың негізгі бөлігі Жетісу шегін тастап шығып, Сырдарияға көшуге мәжбүр болды [135, 307]. Оғыздардың отаны ежелгі түркештердің территориясы болып отыр.

Оғыздар түр-сипаты тұрғысынан монғолоидтық таза топқа жататын болса (Тудельский дерегі), қарлұқтар монғолоидтық белгілердің болмашы қоспасы бар европоидтық антропологиялық тұрпатқа ие болды [135, 311]. Түркі тайпаларының ішінде оғыздар ғана таза монғолоидтық сипат алған. Қарлұқтарды шежіре деректерде сарт деп, тәжіктерге жақындатады.

Қазақ аңыздарында Түріктен Моңғол мен Татар тарады деп көрсетсе, моңғолдардың "оң оқ елі" екендігін жоғарғыдағы деректерді қорыта отырып аңғарармыз. Моңғолдардың азшылыққа ие болғаны әуелден аян. Қазақ шежіресінде Ұлы жүз Үйсіннен тараса, Орта жүздің аға руы Арғындар, яғни қаңлылардан тараған қауымға жатады, шежіре деректері Орта жүз руларын арғындарды, яғни қалмақтарды моңғолдардың әлсіз тобына жатқызады. Қыпшақ, кимектер де, татарлардың да сан жағынан басымдыққа ие болғаның көптеген дерек көздері құптайды. Аталмыш екі ұғым бір тайпаны, яғни қыпшақтар туралы баянды мәлімдейді. Сонда үйсіндер мен қаңлылар моңғолдарға жатса, өзге шашыранқы жатқан ғұн-түркі қауымы татарлар деп Дешті Қыпшақта қашақтардан (қашқындардан) құралған қалып болады.

Ашина, бөрі ұрпағы тобы өзінің өмір сүру дәуірін аяқтаса да, Алтайда ашина тобының руларына қосылған ғұн тайпасының сарқыншақтары "он оқ елінің" негізін қалады және осы оғыз тобының құрамынан болашақ нурин және дулу тобы қалыптасып, бөрі тотемі қасиетті рух, нұрмен алмастырылды. Ғұн, түркі дәуірін ауқымды зерттеу қажеттілігі айқын көрініс береді. Бәлкім біздің зерттеуімізде пантүркілік, ұлтшылдықтың көрінісі орын алса айып етпеулерімізді сұраймыз. Қазақты "сорлы", "тағы" деп баға бергенде намыссыз бас шұлғып келісуіміз шыңдыққа тік қараудан емес, жалған дәлелге көндіккеннен қалыптасқан құлдық психология болар. Осы салада түркі, моңғол дәуірі бойынша дерек көздерімен жұмыс жасай отырып, тарихымыздың ғажап тұстарын айқара ашып, қазақтықпен марқаятын ұлық тарихымызға куәгер боламыз. Әйтсе де тарихымызда дағдарыс, тоқырау кезеңдері орын алды, сырт көз үніле отырып оның да себебін жаңаша ұғына түсерміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбілғазы бағадүр хан. Түрік шежіресі. - Алматы: Қазақстан, 1997. - 208 б.
2. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы. "Білім", 1994-480 бет.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. - Алматы: "Атамұра", 2010. - 544 бет.
4. А. Сейдімбек "Қазақ әлемі". Этномәдени пайымдау. Оқу құралы.- Алматы, "Санат" 1997. - 464 б.
5. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - "Фолиант", 2009. Т 32: Тарихи жырлар -400 б.

Назым БУКИРБАЕВА, тарих ғылымдарының магистрі, Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көшесі., 9, nazym-2111@mail.ru, 87212562380

ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫ - МОҢҒОЛДАРДЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Аталмыш мақалада Шыңғысханның қара шаңырағы Моғолстан ұлысы деп сипатталды. Ұлы моңғолдарға негізінен Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар жататындығы баяндалады. XIV-XV ғасырлардағы Моғолстанның саяси жағдайы көрсетілді.

Түйінді сөздер: моңғол, қазақ, Моғолстан, Шыңғысхан, Шағатай, Ұлы жүз.

Назым БУКИРБАЕВА, магистр исторических наук, колледж Экономики, бизнеса и права, Карагандинский экономический университет Казтребсоюза, 10009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул Академическая, 9, nazym-2111@mail.ru. +77212720707

УЛЫС ЧАГАТАЯ - РОДИНА МОНГОЛОВ

Данная статья рассматривает государству Могулистан, улус Чагатая как родину Чингисхана. Великим монгольским племенам относятся роды Старшего джуза и киргизы. И рассматривается политическая положение Могулистана в XIV-XV веках.

Ключевые слова: монгол, казах, Могулистан, Чингисхан, Шагатай, Великое (Орда) жуз.

Nazym BUKIRBAEVA, master of historical Sciences, economic, business and law college of Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9, nazym-2111@mail.ru, 87212562380

ULYS CHAGATAYA - BIRTHPLACE OF THE MONGOLS

This article focuses on the state of Mogulistan, ulus Chagatai as the homeland of Genghis Khan. The great Mongolian tribes include genera Senior Zhuz and Kyrgyz. And the political situation of Mogulistan in XIV-XV centuries is considered.

Keywords: Mongolian, Kazakh, Moghul, Qingshankou, Shagatai, the great Zhuz.

Моңғол шапқыншылығынан кейін Шағатай ұлысы Моғолстан деп аталып, оның Моңғолиямен, яғни моңғолдармен еш қатысы жоқтығы тайға таңба басқандай аса сенімділікпен, әншейін жәй сәйкестік деген баға берілді. Осылайша қазақ пен моңғолдың екі бөлек ұлт екендігі және аталмыш моңғолдың қазақ даласына шапқыншылық жасап, ғасырлар бойы қалыптасқан материалдық мәдениетімізге тоқырау әкелді деп баға берілді. Моңғолдар жергілікті халықтарға сіңісіп кетті, бүгінде осы себепті Моңғолияда моңғолдардың демографиясы төмен деп баға берілуде, сонда әлемнің төрттен бірін иемденген моңғол-татардың қалың қолы қарғыс алып жоқ болды ма? Моңғол мен Моғолстан атаулары арасында байланыс бар ма? Моғол-татарлар деп жүргеніміз түркі халықтары, оның ішінде қазақ, өзбек, қырғыз, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ жұртшылықтары емес пе деген сұрақтар туындап, аталмыш түркі жұртының ішінде шынайы моңғолдар кімдер болғанын зерттеу өзекті тақырып болып отыр. Себебі аталмыш елдердің моңғол дәуірі кезеңі жабық тақырып болып келді. Қазақтың ауызша деректерін арқау етіп, моңғол мен қазақ тарихын сабақтастыра отырып Моғолстанның, моңғолдардың, яғни Ұлы жүз қазақтарының нақ өзі екендігін саралап зерттеу арқылы ашу мақсатымыз болып отыр.

Шығыстанушы В.П. Юдиннің мақаласы деректемелерде Моғолстан мен Моғолияның моғолдары деген атпен белгілі XIV-XVII ғасырлардағы рулар мен тайпалар тобына арналған, ол моғолдардың қалыптасқан қазақ, қырғыз, ұйғыр халықтарымен, лобнорлықтармен этникалық байланыстарын көрсеткен. В.П. Юдиннің пікірінше "моғолдар" термині, Дунайдан Ертіске дейінгі аумақта "өзбектер" термині сияқты этноним сипатында болған, яғни халықты білдірген деген көзқарасын айтқан [29, 53].

М.Х. Дулати моғолдар мен моғол хандары өздерінің ата-бабаларының өмірі туралы мағлұматтардан бейхабар болмасын, ұмыт қалмасын деген ниетте қолына қалам алып тарих жазғанын баяндайды. Себебі дәл қазіргі уақытта моңғолдардың қол астындасең бір шет жерлер мен ең аз тайпалар қалып отыр, ал бір кездері Шыңғысхан ұрпақтары мен үрім-бұтақтары көптеген елдерге қоныс тепкен, әлемнің төрттен біріне билік жүргізген [8, 169].

М.Х. Дулатидың: "Шыңғысханның төрт ұлы болды. Жаулап алған жерлерін осы төрт ұлына бөліп берді. Әрқайсысының билік жүргізген ұлысына жаулап алған жерінің төрттен бірі тиді. Тарихи кітаптардың егер бір жерінде төрт ұлыс аталатын болса, онда әңгіме Шыңғыс ханның төрт баласы туралы айтылып отыр деп білу керек". Ғалым Мырза

Ұлықбек "Тарих" жазып, әлгі тарихты "Ұлыс-и арбаа" - "Төрт ұлыс" атаған [8, 169].

Сол төрт ұлыстың бірін моғолдар құрады. Моғолдар бірі моғол, бірі шағатай болып бөлінді. Бірақ екі топ әрқайсысы өзі құқы үшін таласып бір-бірімен жауласып, бірі екіншісін мұқатып, шағатай моғолдарды "жете" деп, ал моғолдар шағатайды "қараунас" (қара тобыр) деп атаған. Қазір шағатайдың ішінде олардың патшаларынан, Бабыр патшаның балаларынан басқа ешкім де қалған жоқ, олардың мұраға қалған жерлерінде шағатайлардың орнына әртүрлі адамдар қоныстанған [8, 169]. М.Х. Дулатидың Шыңғысханның төрт ұлыстың бірін моғолдар құрады. Моғолдар бірі моғол, бірі шағатай болып бөлінді деп баяндайтын тұсынан біздер Шағатай хан қара шаңырақтың иесі болып қалғанын аңғарамыз. Ал, Төлеге келер болсақ оның иелігі Қытай жерінде болды. 1231 жылы Өгедей хаған Қытай еліне аттанып, олар қытайдың әскеріне қырғидай тиіп, "қалаларын қоршап қиратқандықтан ызасы кернеп, хағанға қас жасапты",- деп сырқаттануың киелі жер-суын бүлдірумен байланыстырып, ол сырқаттың емі ең жақын туысын құрбандыққа шалу арқылы қайтарылды. Қасындағы ең жақыны Толдүй болды [11, 184]. Төлені бүгінгі Моңғолия деген аймақта жүргенін көрмейміз. Әбілғазы бахадүрдің шежіресінен біздер Төленің Үгедей ханды аман алып қалу мақсатында құрбан болды деген мәлімет келтіргенін көреміз. Ал, Төленің ұрпақтары Қытай мен парсы жерлерінде билік құрғанын тарихи мәліметтерден хабардармыз және де Төлеге қара шаңырақ қалды деген дерек көздерін қайдан алынғаны туралы еш мәлімет жоқ.

"Қазақстан тарихы" басылымы жоғарғы оқу орындары оқытушыларымен Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнография институты мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты әзірлеген ұжымдық еңбек өте ауқымды көлемде дерек көздерімен жұмыс жасағаны аңғарылады. Әйтсе де, Шыңғысхан төрт ұлына үлес бөліп берді: кіші ұлы Төлей Шыңғысханның негізгі жұрты - Моңғолияның өзін, сондай-ақ моңғолдың тұрақты 129 мың адамдық армиясының 101 мыңын алды деген дәйексіз деректі арқау етеді [29, 77]. Ресей империясы, Кеңес үкіметі болмасын шынайы тарихты жасыруға әрекеттенді. Осылайша моңғол мен татарды өзге жұрттан іздеуге негіз болды. Мысалы, татарлар елін Алтын Орда деп атауды қолға алып, татар тамырымызды ұмыт қылдық, 1924 жылы халқалықтарды Моңғолия деп жариялау моңғолдық болмысымызды жоғалтты. Дегенмен ислам дінінің орнығуымен өтен моңғол-татар тарихымыздан арлану орын алып, өз ішімізде де ерлік тарихымызды күйреттік. Осылайшы жазба дерек пен ауызша дерегі ұштаспайтын өткені жоқ жалған тарихтың иесі болып қалдық. Бүгінде біздер моңғол-татардың ұрпағымыз деген тұжырым ұсынар болсақ ат тонымызды ала қашатын күге жеттік.

Үкідай қағанның ұлы Күйік хан өлгеннен соң Толы хан ұлы Менку қаған болды [9, 110]. Үгедей ханның "ұлы хан" тақ мұрасына Төле ұрпағы Менкудің отырғанын байқаймыз. Шежіре деректеріміз және "Моңғолдың құпия шжіресі" мен "Алтын шежіреден" Төле ұрпақтары қара шаңырақты иеленді

деген дерек кездестірмейміз. Шыңғыс әулетінің билік ету кезеңдері баянында Қ. Халид Үшінші кезең Төле хан әулетінен Иранда 1249 жылдан соң Абакан ханмен басталып, сегіз кісі дербес, он кісі бірігіп қос үкімет құрған, барлығы 18 адам билік еткен. Ақыры 1342 жылы Нушаруан (Анушерван) ханмен аяқталып, бір ғасырдай билік құрған. Абакан хан Төле ханның немересі Һалаку баласы,- деп Төле ұрпақтарының саяси биліктегі мардымсыздығын көрсетеді [20, 63-67].

Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайдың иелігіндегі жерлер Оңтүстік Алтайдан Әмударияға дейінгі, "ұйғырлар өлкесінің шекарасынан Самарқан мен Бұхарға дейінгі жерлерді", яғни Шығыс Түркістанды, Түркістан мен Мауараннахрдың деңіз қамтыды. Жамал Қаршидің деректері бойынша, Шағатай иеліктерінің негізгі бөлігін құраған өлке Аларғу елі деп аталған; оның басты қаласы Алмалық болды. Шағатайдың жазғы ордасы Іле өзенінің алқабындағы Құяш деген жер болды. Оның мирасқорларының ордасы, Жувейни деректері бойынша, түрікше Ұлығ-Ив (Иф) деген атпен, яғни "Үлкен үй", ал нумизматика деректері бойынша Орду әл-Азам деген атпен мәлім болған. Шағатай мен оның оның мирасқорлары иеліктерінің құрамына Балх және Хорасан өлкелері де кірді [29, 77].

Моғолстанда да нақ сондай процесс болды. Онда орта ғасырлардағы деректемелерде "моғолдар" деген жинақтаушы этникалық-саяси терминмен белгілі дуғлат (дулат), керейіт (керей), қаңлы (бекшік), қарлұқ, барлас, шорас, жалайыр, қалаушы, бұлғашы тайпалары және басқалары мекендеді. Бұл рулар мен тайпалардың негізгі бөлігі қазақ халқының басқа бір тармағы - Ұлы жүз құрамына енді. Шығыс Түркістанның моғолдары Тянь-Шань өңірін мекендеген этникалық топ ұйғырлардың құрамдас бөлігі болды, қырғыздардың құрамына кірді [29, 105].

Моңғол империясы хандық құрушы Шыңғыс ұрпақтарының бірлесіп билейтін меншікті жері деп саналды. "Сырттай қарағанда басқару мен бүкіл ел хандық дәрежесі бар бір адамға ғана сеніп тапсырылған сияқты көрінгенмен, - деп жазды Жувейни, - шындығында бүкіл ұрпағы мен немере ағалары жерді және қоғамдық дәулетті ортақтаса пайдаланды". Моғолстан Шыңғысханның ұрпақтары мен немере ағайындарының жері болғаны [29, 83].

Қазақстан және оған шектес Жайық пен Еділ арасындағы, Оңтүстік Сібір мен Алтай, Тянь-Шань мен Арал өңірлері аумағындағы жерде аталған мемлекеттердің бір жарым ғасыр бойы тіршілік етуінің қорытындысында осы аумақтағы этникалық дүние өзгерді. Моғолдарға дейінгі және моғолдар кезеңінде көптеген алуан түрлі тайпалар мен руларды біріктірген Алтын Орданың қыпшақтары мен татарларының, Шағатай ұлысы моғолдарының орнында жаңа этнос-халықтар мен этникалық-саяси қауымдар: ноғайлар (маңғыттар), башқұрттар, көшпелі өзбектер, қазақтар, қырғыздар, сібір татарлары, ұйғырлар, қарақалпақтар және басқалары пайда болды (Абрамзон С.М. Киргизы и их этнические и историко-культурные связи. Л., 1971; Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973, 172-176 б.; Кузеев Р.Г.

Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. М., 1974; Шаниязов К.Ш. К этнической истории узбекского народа. Историко-этнографическое исследование на материалах Кипчакского компонента. Ташкент, 1974; Талмыкырв И.Х., Керейтов Р.Х., Сикалиев А.И. Ногайцы. Черкесск, 1988, 11-19-б.; Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. М., 1992, 454-б.) [29, 105-106].

Бірақ моңғолардан Тұрған мен Қашқар маңында отыз мыңдай адам қалған, ал Моғолстанды өзбек пен қазақ басып алған. Қырғыздар да моңғол тайпасынан бола тұра хандарға көп қарсылық жасағандықтан, олар моңғолдардан бөлініп кеткен. Моғолдар тұтастай мұсылман болып, ислам дініне кірген. Ал қырғыз сол күйінде кәпір болып қала берген. Бұны ұзағырақ етіп түсіндіруіміздің мәні мынада: қазір моңғолдар ең шетте жатқан әрі халқы аз ел болып отыр. Олардың істері жайындағы әңгіме моғолдардың басқа ешкімге қажеті жоқ деп М.Х. Дулати Моғолстанның саяси билігінің әлсірегенін баян етеді [8, 170-171].

XIV ғасырдың ортасына қарай Шағатай ұрпағы мемлекеті дербес мемлекеттерге айналған батыс және шығыс бөліктерге бөлінді. Моғолстан аталған бұрынғы Шағатай ұрпағы мемлекетінің шығыс аймақтарының көшпелі шонжарлары хижра бойынша 748 /1347-1348 жылы Шағатай ұрпағы Тоғлық-Темірді хан қойды. Мұнда XIV ғасырдың ортасында саяси өмірдегі басты рөлді Мауараннахардан бөліну жолындағы қозғалысты бастаған дуғлат тайпасының көсемдері атқара бастады. Дуғлаттар бұл кезде Жетісудағы ең ірі түркі тайпаларының бірі болатын және едәуір аумақты жерді мекендейтін [29, 121].

Дуғлаттардың феодал үстем табы XIV ғасырда Шығыс Түркістанның отырықшы-егіншілік жазираларына да иелік етті. Мырза Мұхамед Хайдар дуғлат руының шонжарлары Шығыс Түркістандағы өз иелігін (икта) XIII ғасырда-ақ алған деп жазды. "Шағатай хан өз мемлекетін (үлестерге) бөлгенде. Ол әмір Полатшының атасы Өртөбеге (Өрте-Баракқа) Маңлай Сүбені (облысын) берді... Оның шығыс шекарасы - Құсан (Құша) мен Тарбүкір; батыс шекарасы - Шаш (Ташкент), Ғаз бен Жақишма, оның соңғысы Ферғана уәлаятында орналасқан; солтүстік шекарасы - Ыстықкөл, оңтүстігінде - Жарқан мен Сарыұйғыр. Әмір Полатшы билеген осы аталған бүкіл аймақ Маңлай Сүбе аталды. Сол уақытта бұл елде бірнеше қалалар болды. Олардың ішіндегі ең үлкендері: Қашғар, Қотан, Жаркент, Қашан, Ақшыкент, Әндіжан, Ақсу, Атбасы, Құсан. Осы қалалардың ішінен әмір Поладшы Ақсуды өзінің ордасы етіп тандап алды" [29, 121].

Дуғлат көсемдері арқылы моғол шонжарлары Жетісу мен Шығыс Түркістанда өз билігін нығайтқанымен, көршілес Мауараннахр Ақ Орданың феодалдары сияқты қалыптасқан дәстүрді бұзуға және Шыңғыс әулетінен билікті тартып алуға батылы бармады. Полатшы таққа өзі қойған ханды отырғызбақ болып, Шағатай әулетінен Дува ханның немересі 18 жастағы Тоғлық-Темірді қалады... [29, 122]. Шыңғысхан ұрпақтары әр өңірде хан болса да, жергілікті саяси басымдыққа ие ру-тайпа көсемдерінің шешімімен тақ мұрагері тағайымдалған

болатын. "Қара шаңырақта" негізінен дулат рулары мен Шағатай ұрпақтары орналасқан еді. Осылайша дулат көсемдері өз ықпалын Моғолстанда ғана емес, күллі Шыңғыс иелігінде жүргізуге әрекеттенгенің аңғарамыз.

Өздері қойған адамды хан етіп бекіте отырып, дуғлат әмірлері ел ішіндегі өз ықпалын нығайтып қана қоймай, сонымен қатар өз иеліктерін түрік әмірлерінің билік үшін шиеленскен күресі жүріп жатқан Ферғана мен Мауараннахр тарапынан болатын шапқыншылықтан қорғауға, ол былай тұрсын, көрші елдердің ісіне араласуға тырысты [29, 122]. Осы тұста дулат көсемдері Шыңғысхан заманындағы артықшылықтарды Шағатай ұрпақтарын қолдай отырып қана иеленетіндіктеріне сенімді болды. Осылайша хандық билікті иеленбеді, себебі әлі де болсын Шыңғыс дәуірінен ұзақтамаған болғандықтан. Майқы бидін ұрпақтар мол артықшылықтарға ие болып өз биліктерін тек Моғолстанда ғана емес, Шыңғысханның өзге ұлыстарында да жүргізуге әрекеттенгенін байқаймыз. Шыңғысхан заманында барластар тәрізді қол қусырып қалған болса, нурын топынан тән мүмкіндікті пайдаланып Ақсақ Темір іспеті Моғолстанның бір бөлігін иеленер еді. Ал сол тұста дулаттардың Маңлай Сүбен тәрізді мол жер иелігінің және лауазымдық артықшылықтарының болуы өзге қадамдарға итерген жоқ. Қайта бұрынғы Моңғол империясының кезіндегі билікке Шыңғыс ұрпақтарын қолдай отырып қана Шыңғысханның дулаттарға тиесілі еткен артықшылықтарды жүзеге асыруға мүмкіндік екенің сезінді, әрі жаугершілік заманда аман қалудың құралы ретінде пайдаланды. Сол тұста Шыңғыс ұрпақтарына туыскандығы жағынан жақын дулат, барлас, қиат рулары еді. Уақыт өте Шыңғысханның сол және оң қанаттары моңғолдарға бағынудан бас тартып, қайта моғолдардың шұрайлы әрі экономикалық маңызды аймақтарын иемдену мақсатында жаугершілік соғыстарын бастап, ұдата түсті. Оқулықтарымызда моңғолдар жергілікті халыққа сіңісіп кетті деп келтіреді. Әйтсе де дулат, барлас, жалайыр, керей, аргунут рулары бүгінгі қазақ руларының негізгі белді рулары екендігі хақ. XV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Орда бірнеше бөліктерге бөлініп, оларға әртүрлі бағыттағы Жошы әулетінің өкілдері биледі. Осыған байланысты әл-Айни "олардың әрқайсысы (Жошы руынан шыққан кісілер) өз өлкесін билейді және олардың бірде-бірінің ісі оңға баспады" деп жазды. 1438 ж. Ортаңғы Еділ жағалауында Қазан хандығы құрылды да, XV ғасырдың басында Хаджи-Тархан (Астрахан) тағына отырған Темір-Құтлықтың немересі Ұлық-Мұхаммед билікті қолға алды. XV ғасырдың 2-ширегінде шығыс еуропа далаларын, Дон мен Төменгі Еділ жағалауын Ұлық-Мұхаммедтің інісі, Темір ұлы Алтын Орда ханы Кішік-Мұхаммед басқарды. Ағайынды екеуі Алтын Орда билігі жолында ұзақ соғыты. 1443 ж. Қырым хандығы бөлініп шықты; Кішік-Мұхаммедтен соң, 1466 ж. Астрахан хандығы жеке бөлінді, ал Алтын Орданың қалған бөлігінде, Еділ мен Дон аралығында және Сарайда Кішік-Мұхаммедтің ұлы Ахмет хан билік құрды. Оның мемлекеті Үлкен Ода деп аталды. Тап

осы Ахмет ханы Жәнібектің Шайбани әулетіне қарсы күресіндегі одақтасы болды [29,137].

Уәйіс ханның тұсында (1418 жылдан 1428 жылға дейін, "қазақтық жасау", (қарақшылық жасауы ма?, болмаса тұрақсыз әскер жасап шабуыл жасау ма?) Мұхаммед Хайдар Дулатидың айтуынша, Шер-Мұхаммед билеген кезеңдегі аздаған үлестермен) ойраттардың Моғолстанның шығыс шекараларына қысымы күшейе түсті. Алғашқыда ойраттар мен моғол көшпелі феодалдарының басқыншылық мүдделері оңтүстік-шығыс бағытта ғана қайшы келді [29, 152-153].

Ұлықбектің 1425 жылғы Жетісуға жасаған жорығын жазған Темір әулетінің тарихшылары бұл аймақта қалмақтардың болғаны туралы ешқандай дерек бермейді. Уәйіс хан қалмақтардан қашығырақ болу мақсатында өз орталығын Тұрфаннан Моғолстанның орталық аумағы - Іле жағасына, Ілебалыққа ауысты. 30-шы жылдары Жетісуға қалмақтар шапқыншылықтарын үдетуі салдарынан, Ыстықкөл төңірегіне дейін жетті деп жазады Мырза Хайдар; дәлірек айтқанда, қалмақтардан қорғану үшін Ыстықкөл аралдарының біріндегі Қой-сой мекенінде қамал салдырған бекшік (қаңлы) тайпасының әмірі Мир Хақберді ғана аздап қақтығысып қалды [29, 152-153].

XV ғ. 50-жылдары Жетісу өңірінен Ортаңғы Сырдарияның бүкіл алқабын талан-таржыға түсіп, каталдықпен тонады. Темір әулеті мирасқорлары да талан-таржыға түсті, Әбілхайыр хан қалмақтардың әскери қолбасшысы Үз-Темір тайшымен тым қорлықты бітім шарттарына қол қоюға мәжбүр болды. 50-жылдары Түркістан аймағына жүйелі түрде шапқыншылық жасауды ойрат феодалдарының басты мақсаттары болғанына қарамастан аумақтық үлес алуына жеткізе қоймағанын көрсетеді. 1469-1470 жылдары Жетісуға Амансанжы тайшының 300 мың адамдық ұлысы келіп, кескілескен шайқаста Моғолстан ханы Жүністі ойсырата жеңді. 80-90 жылдарда Жетісудың шығыс бөлігінде, "Алаша хан" деген атақ алған, қырғыздар билеушісі Ахмет хан қалмақтармен табандылықпен шайқасқан [29, 153-154]. Ахмет ханның қалмақтарға қарсы шапқыншылығында "алаш" ұранымен шабуыл, зор қалмақтың үрейін тудырған болатын, содан берді Ахмет ханды Алаша хан деп атап, қазақтың елдігінің басына айналған Алаша хан осы Ахмет хан болды ма деген шатасушылыққа жол алдырған, әйтсе де Шыңғысханның (Алаша хан) ұрпағы, қара шаңғырағының иесі екендігінде еш күмән жоқ, Ахмет хан атасы Шыңғысханның ерлігін қайталады десе болар. Батыс Жетісу тұрғындары суармалы егіншілікпен шұғылданды. Деректемелерде көшпелілер үшін аса шұрайлы бұл жайылымдар Текес пен Күнгес алқабындағы өңірлер болатын. Деректемелерде моғол билеушілері пайдаланған ғажайып "Ұлы Жұлдыз" және "Кіші Жұлдыз" жайлаулары атап өтілген. "Есенбұға хан жылдың бұл мезгілінде Шығыс шекарада (Моғолстанның) орналасқан жазғы жайлау Кіші жұлдызды жайлайтын". Тарихи хронологияларда Шарын мен Шелек арасындағы Әбіш жазығындағы жайылым әлденеше рет айтылады, "бұл атам заманнан бері

Жете (яғни Моғолстан) хандарының ордалары тұратын жер және олардың әскерлері дем алатын жер еді". Сондай-ақ Ыстықкөлдің жайлаулары мен басқа аймақтардағы жазғы жайлаулар мен қысқы қыстаулар да аталады [29, 175].

Дуғлаттар. Дуғлат ұлыбектері Моғолстанда қызмет сатысының ең жоғарғы дерлік шыңына көтерілді. Нақты өкімет билігіне тек кей кездерде ғана қолы жеткен хандар тұсында ұлыбектер іс жүзіндегі билеушілерге айналды. Аса ірі мұрагерлік игілік - Маңлай Сүбенің еншісін солар иеленді. Ұлысбегі тікелей армияға басшылық етті, мемлекеттің көптеген ішкі істерін жүргізді. Ол шенеуліктер аппаратын басқарып, алым-салықтар жинауды, қаржының жұмсалуды бақылады. Ұлысбегі қызметін ұзақ уақыт бойы дуғлаттар - Хұдайдад әмір мен оның ұрпақтары атқарды, солардың қатарында Мұхаммед Хайдар Сайид Әли әмірді, өз атасы Мұхаммед Хайдар мен әкесі Мұхаммед Құсайын мырзаны айтады. Мұхаммед Хайдардың айтуына қарағанда Шыңғысхан кезінің өзінде дуғлат әмірлеріне Қашқарияның бір бөлігі (Мұнлай Сүбе), сонымен қатар жер иеліктерімен тағы да жеті "сыйлық" (немесе "артықшылық" - мансап) берілген көрінеді. Тоғлық-Темір хан мен Қызыр ханның тұсында ұлысбегіне берілетін сый-тарту саны он екіге дейін ұлғайтылды, соған сай ұлысбегінің құқығы да өсті. Олардың ішінде ең бастылары мыналар: дуғлаттар басшысы "бүкіл моғол ұлысының бас әмірі" болды, оның есімі фирмандарға (хан жарлықтарында) "моғол ұлысының сардары" деп жазылды, яғни ол "бұл туралы ханға баяндамай-ақ қосын әмірлерін, яғни әскер бөлімдерін қызметтен босатып немесе (кез келгенін) қызметке тағайындай алатын" бүкіл әскерлердің бас қолбасшысы болып табылды. Оның барлық жарлықтары хан мен ұлысбегінің мөрімен бекітілді, бұл жағдайда соңғысының мөрі хан мөрінен төмен басылды [29, 188].

Ұлысбектер Маңлай Сүбені сойырғал құқытарына пайдаланды, оны тәуелсіз иелікке айналдыруға күш салды [29, 189].

М.Х. Дулати: "Әкемнен талай естігенімдей, Моғолстанның әйгілі аймағы Күлтөбеде ерте көктемде бие байланып, алғашқы қымыз ашытылып, моғолдың ежелгі салт-дәстүрі бойынша қымыз ішу тойы жасалады",- деді [8, 91].

Әу баста Есенбұға ханнан кейін, Тоғлық Темір ханнан басқа, моғол жұртында Шағатай хандарынан ешкім қалмаған еді. Тоғлық Темір өлгеннен кейін әмір Қамараддин Тоғлық Темір ханның барлық балаларының түбіне жетті. Тек қана Қызыр қожа хан қалған еді. Қызыр қожа балаларының ішінен моғол хандарының ең соңғысы - осы Мұхаммед хан [8, 94].

Есенбұға ханның әскерінің көптігі сонша олар үш қатар болып сап түзеп Әндіжанды айналдыра қоршады. Қорғанның әр тұсынан жер асты жол қазып, қорғанды алды. Мырза Әлі кучак хан сарайында (аркада) қалды. Ең соңында татуласып көп сыйлықтар тапсырды. Хан Әндіжан уәлаятының тұрғындарын түгел тұтқындап, барлығын алып оралды. Қазірге шейін сол тұтқынға алынған елдің ұрпақтары Қашқар мен Моғолстан жерінде тұрып жатыр [8, 110].

Сұлтан Әбу Саид мырза бұл хабарды естігенімен, Есенбұға ханға тойтарыс беруге дәрменсіз еді. Өйткені ол Моғолстанға барса, Есенбұға хан Моғолстаннан шеткері кетіп қалар еді. Самарқан әскерлеріне кең байтақ далада Есенбұға ханның қай түпкірге тығылып қалғанын табу қиын болмақ. Сондықтан олар амалсыз кері қайтпақ. Ал әскерлер кетісімен, Есенбұға хан да өз жұртына қайта оралады. Сөйтіп Есенбұға ханды жазалау мүмкін болмас еді [8, 110].

Екіншіден, Есенбұға ханның әскерінің көптігінен Сұлтан Әбу Сайд әмірлері оларға қарсыласуға шамасы келмейтін де еді. Сұлтан Әбу Сайд Есенбұғаға алданып Иракқа да бет ала алмай да қалды. Содан соң Есенбұға ханның ағасы Жүніс ханды Ирактан алғызып оған қарсы жіберді, ондағысы осылайша ағалы-інілі екеуі бір-бірімен тартысып жанжалдасып жатса, уәлаяттың шекарасы тыныш табар деген ойы еді [8, 110].

Сұлтан Әбу Саид Темір ұрпақтарының ішіндегі мемлекеттің тұтқасын мықтап ұстай білген теңдесі жоқ патша болды.

Жүніс ханға адам жіберіп, Иактан алғызды. Хорасанда ол Жүніс ханды Бағ-и заған бағындағы сарайға жайғастырды да оның құрметіне патшалық той жасады [8, 111].

Ханнан бөлініп әрқайсысы өз бетінше кетіп, қорған тұрғызған моғол әмірлері ханға да бағынбайтын. Хан да оларға тиіспей жүрген себебі - бір күндері өзіне қайта оралар деген үміті бар еді. Сол заманда Әбілхайыр ханның Дешті Қыпшақ даласына түгелдей билік жүргізіп отырған кез еді. Жосы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалған еді. Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алабындағы Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілхайыр хан қайтыс болған соң өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп атай бастады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465-1466) жылдан басталды. /Алла жақсы біледі/. 940 (1533-1534) жылға дейін қазақтар Өзбекстанның көп бөлігіне өз биліктерін толық жүргізген еді [8, 110].

Есенбұға хан заманынан Рашид хан уақытына дейін моғолдар мен қазақтар арасында достық пен татулық орнаған еді, алайда Рашид сұлтан оны бұзды [8, 111].

855 (1451-1452) жылы Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін, ел арасында алауыздық туып, елдің көбі қазақтың Керей хан мен Жәнібек ханына қосылды. Керей хан, Жәнібек хан мен Әбілхайыр хан балалары арасында бұрыннан қатты араздық бар еді. Сол себептен Әбілхайыр хан балалары моғол хандарымен де қас болды. Өйткені моғол хандары Керей хан мен Жәнібек ханның жақтастары еді. Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін олардың жұрты Буруж оғлан төңірегіне қайта топталды. Буруж оғлан Әбілхайыр ханның үлкен баласы болатын.

Керей хан мен Жәнібек хан толық күш алған соң Буруж оғлан олардан шет кетіп, Түркістан [қаласы] маңында болды. Моғолдардың Түркістанға келе жатқан хабарын естіп, біраз ойлана келе Қаратоғайдағы Жүніс хан ордасына шабуыл жасады. Тағдырдың жазғаны шығар, ол күні хан ордасының барлық адамы аң аулау үшін Сейхун дариясының арғы бетіне мұз үстімен өтіп кеткен еді [8, 119].

Анда жүрген Жүніс хан бұл хабарды естіген соң, жинала бастаған әскерлердің де түгелденуін күтпей, шұғыл жетіп үйге кірген Буруж оғланның басын кесіп, найзаға түйреп, жоғары шаншып қойды. 20 мың өзбектен құтылып кеткендер кемде-кем. Хан жеңіспен ордасына келді. Ертесінде әскерлер жиналған соң өзге өзбектердің соңына түсті. Әбілхайыр ханның тірі қалған сұлтандары да қашып кетті [8, 119]. Осылайша моғолдардың жеңіске жетті.

Жүніс хан қыс мезгілін Қаратоғайда өткізіп, көктем шыға Ташкентке келді. Ол өзі жеңіліс тапқан қалмақтардан қорқып, Моғолстан жаққа жайылым іздеп бара алмады. Со кезде Ташкент билеушісі қолға түсіп, оның айналасына жиналған моғол әмірлерінің барлығы да хан алдына барып, оған кезінде қарсы болған себебін - өздерінің қаладан қатты безгендігін, ал ханның қалаға әуес екендігін айтып түсіндірді. Хан тәуба етіп, бұдан былай қалаға беттемейтіндігін баяндады. Осы жағдайдың сарынында қалмақтар өз жұртына оралып, Моғолстан бос қалды. Хан моғолдар көшін бастап Моғолстанға келді [8, 120-121].

Жүніс хан қайта хан тағына отырған соң моғол елі мен әмірлері ханның бұдан былай өздерін қала мен уәлаятта тұруға әмір етуге уәдесін алды. Өйткені моғолдардың барлық сергелдеңі мен реніші осыдан шыққан еді. Хан шарасыздан уәдесін беріп, Моғолстанға келді. Амасанжы Тайшы және қалмақтар өз ордаларына оралып, моғол жері қалмақтардан босады. Хан қаланы ұмытып, бірнеше жыл Моғолстанда тұрды. Моғол ұлысы ханды әбден жақсы көріп бағынды [8, 121]. М.Х. Дулати өзінің туып өскен Моғолстан аймағы туралы саяси ақпарды ауқымды тұрғыда ашып көрсете білді. Және тағы бір ескеретін жағдай моғолдар деп аса сенімділікпен Моғолстан жұртын басып айтып кетті.

892 (1486-1487) жылы Сұлтан Жүніс хан қайтыс болған соң, сол жылғы кеңесте моғолдардың салтымен Сұлтан Махмұд хан таққа отырды. Мырза Омар Шейх пен Мырза Сұлтан Ахмет әр тараптан [Сұлтан Махмұд ханға] қарсылық әрекеттер жасауға кірісті. Әбілхайыр ханның баласы Буруж оғлан өлгенен соң, Шаһибек хан көп тауқымет тартқан. Ең аяғында шөл даладағы сергелдеңге шыдай алмай Мауараннаһрда Сұлтан Ахмет мырзаға нөкер болды [8, 139]. Қазақ хандары Керей мен Жәнібек хан балалары, Сұлтан Махмұд хан арасында ежелден келе жатқан достық "Шаһибек ханның біздің жауымыз екенін біле тұра оны неге Түркістанға әмір етіп тағайымдайсың?" - деп наразылық білдірді, осының салдарынан дау-дамайға айналды. Сөйтіп осы керістің салдарынан Сұлтан Махмұд хан мен өзбек-қазақ арасында екі рет шайқас болды. Екеуінде де Сұлтан Махмұд хан жеңіліске ұшырады [8, 142]. Осы қақтығыстар Моғолстан мемлекетінің саяси күш

куатын толықтай күйретті. Моғолстан мемлекеті XVI басында өмір сүруін тоқтатты.

Қырғыздар. Моңғолдардан Тұрфан мен Қашқар маңында отыз мыңдай адам қалған, ал Моғолстанды өзбек пен қырғыз басып алған. Қырғыздар да моғол тайпасынан бола тұра хандарға көп қарсылық жасағандықтан, олар моғолдардан бөлектеңіп кеткен. Моғолдар тұтастай мұсылман болып, ислам дініне кірген. Ал қырғыз сол күйінде кәпір болып қала берген, ол себептен де моғолдардан іргесін бөлектеген. Бұны ұзынырақ етіп түсіндіруіміздің мәні мынады: қазір моғолдар ең шетте жатқан әрі халқы аз ел болып отыр. Олардың істері жайындағы әңгіме моғолдардан басқа ешкімге қажеті жоқ. Сол себепті қадірлі кісілер мен ғалымдарға мұндай ауыр міндет (бұл "тарихты" жазуды) жүктеп, оларды қиын жағдайға тап қылмайын деген ойға келдім. Қабілет-қарымымның жеткіліксіздігі мен мүмкіндіктің жоқтығы маған кедергі бола алмады, қауқарсыз қауырсыным мен дәптердің шарасыз беттеріне мүмкіндігінше жазуға болатын оқиғаларды түсірдім",- деп Хайдар Дулати біздерге моғолдар ол бүгінгі ұлы жүз рулары мен қырғыздар екендігін тағы бір дәлелдеп кетті [20, 186]. Халқа халқы қарақалмақ, яғни моңғолдың әлсіз тобына жатса да, ұлы моңғол руларына топтастыра алмаймыз. Халкалықтардың жасанды тарихты жамылуы Қытай мемлекетінен қорғанудың тәсілі болар, әрі экономикалық тиімді факторлары әсер етері хақ. Ал, Моғолстан деген мемлекеттің Жетісуда бой көтеруі моңғолдардың "қара шаңырағы" деген мөр десек те болар.

За монгольскую эпоху (XIII-XV) о киргизах долго известий нет, и выступают они на сцену, как и дулаты, лишь в XV веке, во время падения власти джагатаидов в оставшейся было им верною восточной половине джагатаева улуса [16, 120].

Әбілғазы баһадүр хан: - "Қырғыз, Кәмкамжүтелінің баяны. Оғыз ханның Қырғыз атты бір немересі болып еді, бұлар соның нәсілінен. Бұл уақытта қырғыз нәсілінен аз кісі қалды. Моңғолдар мен басқа да рулар отқа өртеп, суға ағызып, олардың жерін басып алып, өздері кейін қырғыз атын алды" [9, 34]. Н. Аристов енесей қырғыздары мен Алатау қырғыздары шығу төркіні жағынан бірі-бірінен алшақ, мүлде қатысы жоқтығын айтады. Енесей

қырғыздары фин, неміс халықтарына тілі және түр-сипаты жағынан жақын, ақ-сары, көк көзі келеді деп ажыратып айтады [16, 232]. Көрші қырғыз елі моңғол халқының тармағынан болып шығады. Тарихымызда мәлім қырғыздарды төртінші жүзіміз деп баян ететін тұстан біздер қырғыздармен туысқандығымыздың жақын екендігін аңғарамыз. Оған бірден-бір дәлел этникалық түр сипатымыз, тіліміз және дәстүріміз жағынан ұқсастық айқын көрініс береді. Сонда моңғолдар Енесей қырғыздарын алмастырған болар.

Моғолстан мемлекеті де билеуші хан есімімен ұштастырылып: "Тоғылық-темір хан ұлысы", "Қызыр-қожа хан ұлысы" деп аталған. Деректемелерде "Ұлыс-и моғұл" деген этникалық-саяси атау да қолданылған (Низам ад-дин-Шаһи Зафар-наме) [29, 195]. Алайда осы мемлекеттің аумағы мен этникалық құрамы негізінде жаңадан бой көтерген Алаш жұртының сарқыншағы болған қазақ және қырғыз елінің іргетасы қаланды. Оның ішінде Моғолстан жұртшылығы негізінен қазақтың Ұлы жүз деп аталған ру тайпалық бірлестігі болып қалыптасты. "Ұлы" деген тенеу беріп, қазақтың бір тармағы, жүзі деп көрсету ұлт тамыры тарихынан терен мәлімет беретін атау алған еді. Кезіндегі Ұлы моғолдар елі, "Ұлыс-и моғұл", бүгінде негізінен қазақтың Ұлы жүзі деп тарих беттерінде жазылуда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұхамед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. - Алматы: Санат, 1999. 656 б.
2. Моңғолдың құпия шежіресі. (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі) (Екінші басылым). - Алматы: Өнер, 2009 - 216 бет.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық 2-том. - Алматы: "Атамұра", 2010. - 640 бет.
4. Әбілғазы баһадүр хан. Түрік шежіресі. - Алматы: Қазақстан, 1997. - 208 б.
5. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (бес тарих). - Алматы: Қазақстан, 1992. 228- б.
6. Аристов Н.А. Қазақ этногенезі мен этникалық тарихы. 2-ші бас. Толық. - Астана: "Астана кітап", 2007, - (Қазақ этнографиясының кітапханасы), 2-ші том - 372 б.

Olzhas KALAGANOV, *master, teacher of the Foreign and Russian languages chair, Karaganda Economic University of Kazpotrebooyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9, olzhas.zar@mail.ru, +77712854170*

Amina ZHUMAGALIYEVA, *master, teacher of the Foreign and Russian languages chair, Karaganda Economic University of Kazpotrebooyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9, zhumagalieva_amina@mail.ru, +77017581016*

FOREIGN LANGUAGE IN THE SPHERE OF TOURISM AND HOSPITALITY

The article is devoted to considering the prospects of foreign language training of bachelors for Tourism and Hospitality industry. Special attention is paid to the role of the interdisciplinary approach and psycholinguistics as the interdisciplinary science in solving a number of problems associated with the formation of linguistic competencies of future bachelors. The significance of the research within the professional discourse as one of the most effective ways to achieve the objective is discussed.

Keywords: language competence, psycholinguistics, professional discourse, tourism, hospitality

Олжас ҚАЛАҒАНОВ, *магистр, оқутушы, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9, olzhas.zar@mail.ru, +77712854170*

Амина ЖУМАГАЛИЕВА, *магистр, оқутушы, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш., 9, zhumagalieva_amina@mail.ru, +77017581016*

ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ШЕТ ТІЛІ

Мақала Туризм және қонақжайлылық индустриясына арналған бакалаврларды шет тілін оқыту перспективаларын қарастыруға арналған. Болашақ бакалаврлардың лингвистикалық құзыреттерін қалыптастырумен байланысты бірқатар мәселелерді шешуде пәнаралық ғылым ретінде пәнаралық тәсіл мен психолингвистиканың рөліне ерекше назар аударылады. Мақсатқа жетудің ең тиімді әдістерінің бірі ретінде кәсіптік дискурстағы зерттеудің маңыздылығы талқыланады.

Түйінді сөздер: тілдік құзыреттілік, психолингвистика, кәсіби дискурс, туризм, қонақжайлылық

Олжас КАЛАҒАНОВ, *магистр, преподаватель, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая 9, olzhas.zar@mail.ru, +77712854170*

Амина ЖУМАГАЛИЕВА, *магистр, преподаватель, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая 9, zhumagalieva_amina@mail.ru, +77017581016*

ИНОСТРАННЫЙ ЯЗЫК В СФЕРЕ ТУРИЗМА И ГОСТЕПРИИМСТВА

Статья посвящена рассмотрению перспектив обучения иностранным языкам бакалавров для индустрии туризма и гостеприимства. Особое внимание уделено роли междисциплинарного подхода и психолингвистики как междисциплинарной науки в решении ряда проблем, связанных с формированием лингвистических компетенций будущих бакалавров. Обсуждается значение исследования в рамках профессионального дискурса как одного из наиболее эффективных способов достижения цели.

Ключевые слова: языковая компетенция, психолингвистика, профессиональный дискурс, туризм, гостеприимство

Reforming socio-economic relations in Kazakhstan, the signing of the Bologna Agreement, the expansion of the tourism and hospitality industries, as well as the strengthening of ties with foreign partners, lead to a sharp increase in the need for specialists who speak foreign languages. At the same time, the requirements for their level of training are also increasing. In such a situation, a high level of proficiency in a foreign language turns into educational value. According to the Bologna Convention, the training of bachelors of a

new generation requires a more thoughtful attitude of the students themselves to the learning process and steadily leads to a reduction in the time for determining priorities. The processes of globalization at the present stage undoubtedly develop society, but at the same time shorten the period of study within the framework of modern educational trajectories. The main problem of vocational education today is the problem of transferring knowledge from the field of their mastery into the professional sphere. It is due to the

contradictions between the content, forms and conditions of cognitive activity and assimilable professional activity. The solution of this problem, in turn, requires more active involvement of students in solving their own educational and socio-cultural problems. This is of particular importance in the preparation of bachelors in the field of tourism and hospitality, especially if we take into account the significant innovative changes in the tourist sector of the economy at the present stage. It should be noted that the steady growth in the number of objects of international importance in the Republic of Kazakhstan, the expansion of recreational zones and objects not only in our country, but also abroad. All this requires the involvement of highly qualified specialists in the field of tourism and hospitality, as well as linguists with in-depth knowledge of tourism and hospitality. Attention is drawn to such an extremely important circumstance: as part of the training of specialists in tourism and hospitality, many countries are guided by the Global Code of Ethics for Tourism adopted in 1999 by the WTO General Assembly, the core position in education says: "Entrepreneurs and employees of the tourism sector and related industries have the right and the obligation to undergo proper initial training and constantly improve their training and professional qualifications." The training of such kind of service personnel implies a professional knowledge of foreign languages at a sufficiently high level, which will help to attract foreign capital to this sector of the economy and to get more profit. Therefore, it is necessary at the very early stages to begin training staff in the field of tourism and hospitality in a foreign language.

In order to prepare bachelors in a foreign language to be successful and promising, it is necessary to acquaint students with new trends in the scientific paradigm, where, along with other equally important branches of knowledge, one of the leading places belongs to interdisciplinary approaches. Moreover, at the present stage, the expediency of establishing interdisciplinary connections between high school general scientific and major disciplines is seriously substantiated, which is one of the defining conditions for the development of students educational and professional motives. The modern concept of higher education implies the formation of metaprofessional thinking on the basis of methodological competence, value orientation and readiness for innovative professional activity in future bachelors.

However, proficiency in a foreign language is possible only with the constant application of knowledge in practice, which allows you to make a communicative approach leading in teaching a foreign language, in order not only to expand the general linguistic outlook of students, but also to develop the skill of applying the acquired knowledge of a foreign language in various communication situations. Thus, within the framework of the modern concept of higher education, the teacher should implement innovative approaches to teaching foreign languages, which are used throughout the civilized world of education and are aimed at organizing the creative process of interpersonal interaction in the system of classroom

training according to the scheme: teacher - student - student.

It is necessary to take into account the fact that, at the present stage, Western and domestic linguistics are increasingly considered from the perspective of psycholinguistic studies, which primarily include problems of speech generation and perception, speech communication, as well as applied aspects of the theory of speech activity. That is why there is a need to transfer this kind of knowledge to students of non-linguistic specialties as well. Indeed, in the system of vocational training of students, a foreign language is considered not only as a goal, but also as a means of developing a student's personality, taking into account his motives, interests, needs and abilities. In the framework of the Bologna Convention, obtaining such knowledge is mandatory for European bachelor and master students.

In this sense, the most striking example is psycholinguistics, which, being an interdisciplinary science, was designed to solve the global problems of modern linguistics in order to determine the place of other studies in the linguistic paradigm at this stage of development of this branch of science. That is why, to study the basics of psycholinguistic studies, the course "Introduction to Psycholinguistics" was introduced, in particular, for bachelor-linguists, which allows analyzing psychological and linguistic patterns in generating speech in all spheres of human activity. It is also necessary for the assimilation, analysis of information and its transfer for realization in speech communication in the process of accumulation and assimilation of linguoculturological, ethnopsycholinguistic, as well as applied (psychological, linguistic and informational) material through the implementation of all the knowledge and skills accumulated in the course of classes.

The tourism business is particularly developed and has a lot of directions. It includes international tourism, and the main condition for working in this area is an excellent knowledge of English as a language of intercultural communication. of travel agencies English is necessary for communication with clients from different places of the planet for employees. The quality of service depends on the language skills: ability to organize a trip, meet a client, provide hospitality, lodge a client in a hotel, resolve a conflict situation, provide various services - all of this is the responsibility of workers in the tourism sector. Moreover, there is always the opportunity to develop professionally in this direction. Language is necessary not only for travel agents, but also for professionals working in the hotel business and resorts, as well as guides and organizers of cultural events.

Often, tourists from Russia and the CIS countries abroad find themselves in rather critical and ridiculous situations due to ignorance of the language of the country where they come as tourists or employees of various companies. They may well be the victims of fraudsters, currency exchangers, employees of hotels and shops. To stay in countries where the official spoken language is English, not enough knowledge of the basics of the language that you acquired in school and university, where we studied only grammar. As a rule, you will not be able to understand what the staff of a

hotel or a shop says to you, much less to communicate with them.

It is necessary to know the spoken language. After all, you just need to protect yourself in a foreign country, as there may be unforeseen circumstances of a different nature, where you will need to protect your interests. Possessing colloquial English, you can bargain with the purchase of a product, ask the right way to your hotel. Why precisely English? Because it is international, it is spoken in all countries of the world, even if it is not the official language there. With the knowledge of English, traveling in a foreign country will be more pleasant and comfortable.

There are some advantages of the tourism and hospitality spheres:

1. Travels. This is the best in such a career. A great option for those who want to travel around the world. Wherever in the world you go, there are hotels and hotels everywhere. Everywhere there are tourists. Now people can go anywhere, and therefore jobs are everywhere.

2. A huge number of foreign friends, colleagues and clients. This can be called a "network" of professional and friendly relations with people. English is the ideal language for international tourism because you can communicate with people from all over the world. That is, your "network of connections" will constantly grow. The more different people you know, the better you understand how life is organized in the world, and this will help you find more opportunities to work in the future.

3. Perspective future. It is a growing industry with a large variety of jobs. If you start working in this area, you will have many opportunities to learn new things, meet new people, change jobs, visit new places, learn new foreign languages, get promoted and start making more money.

A competitive specialist in the modern world is a person with knowledge of at least one foreign language. According to the scientist-methodologist A.N. Shchukin, the profile of teaching a foreign language is a complex type of training in a particular area of knowledge, which depends on the capabilities and characteristics of an educational institution, as well as on the desires and needs of students studying a foreign language [1, p. 79-94].

According to the concept of the Russian scientist-teacher I.L. Bim, the philological profile of education allows you to provide fluency in the language within the boundaries close to the level of a native speaker, and the possibility of professional activity as a teacher, translator, philologist [2, p. 8-14]. It can also serve as a basis, a foundation for the further specialization of teaching.

With a non-philological profile, a foreign language can be not only a goal, but also a means of studying another non-linguistic subject matter, such as, for example, tutoring, computer science, public relations, restaurant business, hotel industry, etc., ensuring proficiency in the professional and business language. communication with the prevailing possibility of written communication (reading, writing). Mastering the skills of oral speech communication with a non-

philological profile is rather difficult, therefore, the focus is on written communication (reading and writing). It includes several types of professional speech activity:

1. Reading and translation: reading printed, handwritten and electronic texts in order to extract the necessary information and its analysis, in particular reading texts in the specialty (educational and methodical courses of the authors E.V. Moshnyaga "Hospitality Tourism", "English for Travel", G. Sayrett "English for Travel Agencies". Reading and translation of original texts in the specialty with partial reliance on a dictionary (advertising booklets, prospectuses, descriptions, tourist reviews), documents of a legal nature (contract for the provision of tourist services); written and oral translation from a foreign language and into a foreign language of information relating to the sphere of basic professional activity (using a dictionary); development of skills to overcome various types of language difficulties (lexical and phraseological, grammatical, stylistic).

2. Writing skills: the ability to write business documents (letters, contracts, contracts, faxes, emails), conduct business correspondence, write a resume, CV (curriculum vitae - description of life and professional skills). Following B. Spolsky, we believe that in this kind of speech activity, it is necessary to focus on objective diagnostic tools, having stopped our choice, in particular, on written testing (input, intermediate, final) [3, p.1].

3. Listening, the main focus is on the formation of the ability to isolate basic information while listening to text of medium duration (2-3 minutes) with the "removal" of a certain part of difficulties through a series of preparatory exercises and familiarization with the form of follow-up control (scheme, table, questions, to be answered, etc.) [4, p. 3-13].

4. In speaking skills, the teacher focuses on building monologue and dialogical statements with predetermined content (description, narration, reasoning), invites students to participate in discussions on specialized topics (travel, hotel accommodation, national cuisine, etc.).

The non-philological learning profile determines the optimal conditions for the functioning of the foreign language teaching system, including goals, objectives, content, methods, principles and means of teaching. It promotes practical mastering of the language only in the areas of professional communication, while the philological profile implies the fluency in the language at the final stage of specialist training.

According to the latest media reports, the Kazakhstani economy loses 47% of the profits due to the low level of proficiency in a foreign language (especially English), this is due in particular to the fact that there are gaps that lead to serious failures in the implementation of professional activities, for example, to a misunderstanding in procedures for conducting business negotiations internationally. If you pay attention to the number of hours of foreign language allotted for bachelor's studies in tourism and hospitality, management, economics and finance in individual Russian universities, the question arises: how can a teacher be able to overcome the disadvantages of future

bachelor's language training and carry out this training in full volume? But in many highly developed countries (for example, in Germany, Italy, Japan) the role of a foreign language (especially English) in the content of education increases from year to year. By increasing in the curriculum the hours set aside for the study of foreign languages, as well as sending students to study abroad, officials in these countries justify such an educational policy by increasing the mobility of the workforce. This aspect is also important for the involvement of various sectors of society in the process of internationalization, which requires improving and increasing the teaching of a foreign language at all levels of the system of continuous education. The above very objectively indicates the need to significantly expand the boundaries of the Bologna Agreement, of which our country is a participant and implementing partner, and whose framework restrains the solution of the above problems.

Of course, modern pedagogical thought offers various approaches to their solution. However, in the context of a non-linguistic university, one of the most acceptable ways to achieve the objectives is to implement the research within the framework of the domestic psycholinguistic paradigm. Consider this process in more detail.

According to Wilhelm von Humboldt, the language is part of the culture of the people. This is a manifestation of the national spirit. Language in its interdependent relations is the creation of the national language consciousness, because it develops according to the laws of the spirit, and therefore according to the laws of human consciousness [5, p. 301-303].

Analyzing the role of language and consciousness in the framework of professional mastery of linguistic knowledge, skills and abilities, it should be noted that modern processes of globalization, integration and differentiation make scientists somewhat differently consider many scientific theories and evolutionary processes occurring at this stage in the development of society. There is a growing interest in various phenomena of language and culture, which determine the uniqueness of certain groups of people, identified on any basis and united by value guidelines that influence the interaction of representatives of various corporate cultures. This should include subcultures, which include representatives of the same professional group, united by the interests of various theories of their professional group, including representatives of the subculture, owning and not owning information on this subject.

In the past century, linguistics was focused on the study of various structural elements of the language: its grammatical form, different lexical units (words, phrases, phrasal elements of the language), which helped to find social class, professional, age differences within linguistic groups, and also reflected the belonging of speakers language to various territorial dialect groups that retain specific local features. In each language,

vocabulary is differentiated by style and forms the basis of the language.

As English became the language of international communication, modern technology and commerce, its importance grew. An increasing number of firms and enterprises are interested in the creative and professional exchange of both information technologies, know-how achievements, and the staff of those and others [6, p. 91-104].

There is a growing need for the creation of specific areas in teaching a foreign language. Traditionally, linguistics was engaged only in the study and description of the rules of language use.

Today, linguistics can be attributed to promising sciences, which readily use in their research the latest advances in psycholinguistics and ethnopsycholinguistics. This allows us to take into account the peculiarities of production and speech perception both in ontogenesis and at different stages of personality formation and formation, as well as the stages of speech communication between representatives of various ethnic groups and peoples, as well as their cultures at the present stage of civilization development.

Therefore, the application of innovations in the science of language is becoming more and more obvious, as well as the application of an interdisciplinary approach within the framework of professional discourse, which is undoubtedly influenced by the cultural component of the nations in which it is carried out. One cannot but agree with the opinion of N.V. Ufimtseva and E.V. Kharchenko, who also recognize the influence of national culture on all subcultures existing within its framework, including corporate ones [7, p. 11-12].

That is why the need to study psycholinguistics and ethnopsycholinguistics within the framework of modern linguistics does not cause any doubts in modern linguists.

Reference list:

1. Shukin A.N. Teaching of foreign languages. Theory and Practice, M., 2004. C. 79-94.
2. Bim I.L. The problem of profile teaching of foreign languages № 6. C. 8-14.
3. Spolsky B. Measured words: the development of objective language testing. Oxford, 1995.
Автордың пікірімен келісе отырып, қосып айтармыз: құқықтық шектеулерді ақпараттық-психологиялық деңгейде қарастырғанда, кейбір басқа құқықтық құралдарға, мысалы, рұқсаттарға, жеңілдіктерге, көтермелеулерге қарағанда, құқықтық шектеулер теріс сипатта болады. Құқықтық шектеулер субъектінің өз мүдделеріне де теріс ықпал етеді. Бұлай болатын себебі, құқықтық шектеулер қайткенде де мәжбүрлеу сипатындағы құрал болып табылады, олар азаматтың қалауы мен еркінен тыс жасалып, мемлекеттік мәжбүрлеудің күшімен қамтамасыз етіледі. Бұл тұрғыдан алғанда құқықтық шектеулер, шын мәнінде, теріс сипатта болады және бір қарағанда адамның құқықтары мен бостандықтарын шектейтіндей болып көрінеді. Мысалы, осындай көзқарасты мемлекет және құқық теориясы бойынша терминдердің орыс-украин сөздігіндегі құқықтық шектеулер ұғымын тұжырымдаған кезде байқауға болады. "Заң жүзіндегі шектеулер - белгілі бір жағдаяттарға байланысты азаматтың құқықтық мәртебесінен заңда белгіленген

тәртіппен алынып тасталған құқықтар. Олар жеке тұлғаның бостандығы мен мүдделерін шектейді, алайда әрдайым алдын алу сипатында болып, шектеулер қойылған субъектілерді де, сондай-ақ өзге адамдарды да ықтимал қолайсыз зардаптардан сақтандырып отырады" [10, 183 б.].

Дегенмен құқықтық шектеулер ұғымына бұлайша көзқарас біржақты болып табылады. Құқықтық шектеулердің ұғымы мен мәнін барынша толық ашу үшін олардың құқықтық ықпал ету мен құқықтық реттеудегі атқаратын қызметі мен мақсатын анықтап алу қажет болады. Аталған анықтамада құқықтық шектеулерді алдын алу сипатында болады деп әділетті түрде қарастырады. Құқықтық шектеулердің мақсаты шектеулер қойылған субъектілерді де, сондай-ақ өзге адамдарды да, тұтастай алғанда бүкіл қоғамды да ықтимал қолайсыз зардаптардан сақтандырып отыру болып табылады. Осы жерде құқықтық шектеулер әртүрлі деңгейде болуы мүмкін екенін бірден түсіндіре кеткен жөн. Айталық, бұл құқықтық шектеулер мемлекет, оның органдары мен лауазымды адамдар үшін болса, онда олардың мақсаты озбырлық пен шенеуніктер тарапынан болатын басқа да асыра сілтеулерді барынша азайту болып табылады. Басқа субъектілердің құқықтарын шектеу өзге мақсаттарды көздейді.

Құқықтық шектеулер проблемасы қоғамдағы адамның бостандықтарының шегінен бастау алады. Әлеуметтік басқарудың барысында құқықтық шектеулер әртүрлі субъектілерге қолданылған. Адамзат қоғамында индивидтің немесе адамдар топтарының белсенділігі қоғамға залал келтіріп, ортақ мүдделерге қайшы келетін болса, оған шектеулер ежелден-ақ қойылып отырған. Алғашқы қауымдық құрылыс қоғамының әлеуметтік нормалары көбіне-көп табу нормасы, тыйым салу нормасы, шеңбер нормасы, шектеулер нормасы түрінде болған. Жүріс-тұрыс нормалары, әсіресе табудың нормалары биологиялық инстинкттерді тежеп отыру қажеттігінен туындаған.

Алғашқы қауымдық құрылыс ыдыраған дәуірде "қолданылып жүрген заңға тиісті қағида енгізіп, дәстүр-салттарда қалыптасқан шектеулерді заң жүзіндегі шектеулер етіп тіркеу қажеттігі пайда болды".

Құқық философиясында бостандық шектеулерсіз өмір сүре алмайды, өйткені "шын мәніндегі бостандық шекараларын сезіне біледі" деген пікір бар. Адамның құқықтарын рұқсаттар мен жүріс-тұрыстағы шексіз валюнтаризмнің жиынтығы ретінде пайымдауға болмайды.

Бостандықтың бассыздықтан айырмасы осында. Осы орайда 1789 жылы қабылданған Адам және азамат құқықтарының француздық декларациясында былай деп жарияланды: "Бостандық басқаға залал келтірмейтін нәрселердің барлығын істеу мүмкіндігінен тұрады: осылайша, әр адамның табиғи құқықтарын жүзеге асыруы нақ осындай құқықтарды пайдаланатын қоғамның басқа да мүшелерін қамтамасыз ететін шектерде ғана шектеледі". Бір адамның бостандығының шекті шекарасы басқа біреудің бостандығы болып табылады. Бостандықтардың әрқайсысына міндеткерлік сәйкес келеді, ол, мысалы, басқа адамдардың құқығына қол

сұқпаудың "жалпы мүддесін" сақтап отыру, әдет-салттарға құрметпен қарау, басқа азаматтардың мүдделерін қозғайтын қандай да бір ерікті, әсіресе күш қолдану әрекеттеріне жол бермеу түрінде болады. Нақ сондықтан да қазіргі кезеңде құқықтар мен бостандықтарды түсіну оң және табиғи-құқықтық түсініктерді біріктіретін кешенді көзқарасқа келіп тіреледі. Өйткені адамның бостандығын, егер оған заңмен, оң тұрпатты құқықпен кепілдік берілмесе, іс жүзіне асыру мүмкін емес, ал оң тұрпатты құқықтың рухани негізі, моральдық-этикалық күші табиғи құқықта жатыр. Аталған екі көзқарас бірін бірі толықтырып тұрады және де ол мынадан көрінеді. Заңдарда (оң тұрпатты құқықта) идеялар, қағидаттар, әділдік, бостандық, теңдік, сондай-ақ адамгершілік талаптары туралы жалпы адами ұғымдар бекіндіріледі. Сөйтіп, құқықтық бостандық дегеніміз - бұл адамның білгілі бір жүріс-тұрыс нұсқасының сырттай, объективтік қажеттігін сезінуі және соған сай әрекет ету мүмкіндігі.

Егер құқық жеке тұлғаны мемлекеттік өкіметтің озбырлығынан қорғау құралы болса, құқықтар мен бостандықтарды шектеу қоғамды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын (мүдделерін) құқық пайдаланушының озбырлығынан қорғауға арналған. Мұндай шектеулердің пайда болуын көпшілік мүдделерді қамтамасыз ету мақсатында халық өз бостандығының бір бөлігін о бастан-ақ мемлекетке беруімен түсіндіруге болады. Бұдан шығатын қорытынды - құқық пен бостандықтың өздері секілді, құқықтарды шектеудің пайда болуы да табиғи іс.

Осыған орай адамзат қоғамында құқықтық шектеулердің қажеттігін жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі кезеңде қоғам дамуының қалыпты үдерісі азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру барысында оларға шектеулер қойып отыру қажеттігін мемлекеттен талап етеді. Мемлекеттің мұндай іс-әрекеттерін қоғамдағы бостандықтың өлшемін өркениетті жолмен реттеп отыру тәсілі деп білеміз.

Құқықтық шектеулер - құқықтық реттеудің қажетті құралы. Оның мақсаты құқықты иеленушінің өзі үшін де, сондай-ақ басқа адамдар, тұтастай алғанда қоғам үшін де теріс салдарға соқтыруы мүмкін іс-амалдарды тежеп отыру болып табылады. Құқықтық шектеулер қоғамдық қатынастарды реттеп отыру мақсатында белгіленеді және прескриптивтік (басқарушылық) сипатта болады. Сондықтан да құқықтық шектеулер объективті сипатта болады, олар түптеп келгенде контрсубъектінің, тұтастай алғанда қоғамның әлеуметтік-пайдалы мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған. Құқықтық шектеулер бостандықтың аясын тарылтып, субъектінің мүмкіндіктерін азайтатынына, субъектілердің өз мүдделерін жүзеге асыру барысында оларға қолайсыз жағдайлар (қауіп төндіру немесе білгілі бір құндылықтардан айыру) жасайтынына қарамастан, олар сонымен бірге қоғамдық мүдделерді қанағаттандыруға бағытталған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. (10.03.2017 жылғы өзгерістерімен қоса). <http://adilet.zan.kz>
2. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас

Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. <http://adilet.zan.kz>

3. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті. Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы. <http://adilet.zan.kz>

4. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт. БҰҰ, 1967. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңы. <http://adilet.zan.kz>

5. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенция (Адам құқықтары бойынша Еуропалық Конвенция). Рим, 4 қараша 1950 ж. (21 қыркүйек

1970 жылғы, 20 желтоқсан 1971 жылғы, 1 қаңтар, 6 қараша 1990 жылғы, 11 мамыр 1994 жылғы енгізілген өзгерістерімен). <http://adilet.zan.kz>.

6. Сман А. Конституционно-правовые основы политических прав и свобод граждан в Республике Казахстан: Автореф. дис. . канд. юрид. наук. - Алматы, 2002.

7. Рогов И. Пределы ограничения прав и свобод // Юридическая газета. -2005. - 3 июня.

8. Сагиндыкова А.Н. Права человека в Республике Казахстан. "Заң және заман" журналы №2, 2017ж.

9. К.В.Шундигов. Теория государства и права: Элементарный курс: учебное пособие. - М.: Кнорус, 2016.

10. Малько А.В. Теория государства и права в вопросах и ответах: Учебно-методическое пособие. -5еиздание, переработанное и дополненное. - М. 2013.

Гүлдана ҚАРЖАСОВА, *PhD докторы, доцент Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая 9 көшесі, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.*
Аликжан ФЕТКУЛОВ, *з.ғ.к., доцент Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая 9 көшесі, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.*
Алмас ОРЫНБЕКОВ, *з.ғ.м., аға оқытушы Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая 9 көшесі, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.*
Ерлан КАСЕНОВ, *Қарағанды облысы ПД жедел жоспарлау басқармасының жедел кезекшісі полиция майоры, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., GKB24@mail.ru*

ЕСІРТКІ ЖӘНЕ ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Есірткі адамның жанымен тәнінің саулығына қауіп төндіретін химиялық дәрі дәрмек болудан әрі асып, ол мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне төнген әлеуметтік қоғамдық қатерге айналып отыр. Мақалада есірткі заттары немесе психотроптық заттардың заңсыз айналымы қылымысымен күресу шаралары және алдыны алу жолдары зерттеледі.

Түйінді сөздер: есірткі, есірткі заттар, психотроптық заттар, нашакорлық, есірткі бизнесі, заңсыз айналым, қылмыстық жауапкершілік.

Гүлдана ҚАРЖАСОВА, *доктор PhD, доцент, Карагандинский экономический университет 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, Академическая 9, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.*
Аликжан ФЕТКУЛОВ, *к.ю.н., доцент, Карагандинский экономический университет 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, Академическая 9, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.*
Алмас ОРЫНБЕКОВ, *м.ю.н., ст. преп., Карагандинский экономический университет 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, Академическая 9, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.*
Ерлан КАСЕНОВ, *Оперативный дежурный Управления Оперативного Планирования, майор полиции, Республика Казахстан, г. Караганда, GKB24@mail.ru*

ПРОБЛЕМЫ НЕЗАКОННОГО ОБОРОТА НАРКОТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ И ПСИХОТРОПНЫХ ВЕЩЕСТВ

Наркотики - это не только химический препарат, представляющий опасность для здоровья человека, но и социальная общественная угроза, угрожающая национальной безопасности. Итак, в этой статье рассматриваются пути и средства предотвращения незаконного оборота наркотических средств или психотропных веществ.

Ключевые слова: наркотик, наркотические средства, психотропные вещества, наркомания, наркобизнес, незаконный оборот, уголовная ответственность.

Guldana KARZHASOVA, *PhD doctor, assistant professor of Karaganda Economic University of Kazpotrebooyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str 9, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.*
Alikzhan FETKULOV, *c.l.s., assistant professor of Karaganda Economic University of Kazpotrebooyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str 9, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.*
Almas ORYNBEKOV, *m.l.s., senior lecturer of Karaganda Economic University of Kazpotrebooyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str 9, GKB24@mail.ru, +8 775 207 88 68.*
Yerlan KASENOV, *Operational Duty Officer, Office of Operational Planning, Police Major, Republic of Kazakhstan, Karaganda, GKB24@mail.ru,*

PROBLEMS OF ILLEGAL TRAFFIC OF DRUGS AND PSYCHOTROPIC SUBSTANCES

Drugs are not only a chemical drug that represents a danger to human health, but also a social public threat that threatens national security. So, this article discusses the ways and means of preventing the illicit trafficking of narcotic drugs or psychotropic substances.

Keywords: narcotic drugs, psychotropic substances, drug addiction, drug business, illicit trafficking, criminal liability.

Қазіргі таңда басты ұшығып отырған дерт есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына байланысты мәселелер болып отыр. Қазақстан

Республикасында есірткілерді заңсыз айналымға енгізумен күресетін кәсіпкерлер потенциалы мемлекеттік арнайы құрылымдарда ғана емес,

сондай-ақ ғылыми шеңбердеде өсіп келеді. Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, сатып алу сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 297 бабында қарастырылған. [1]

Есірткі заттар-адамның психикасына әсер ететін, одан әрі организмді бүлдіретін синтетикалық немесе табиғи тектес заттардың жиынтығы.

Психотроптық заттар - адамның психикалық функциясына әсер ететін қауіпті заттар.

Қазіргі кезде Қазақстан қоғамына алдында тұрған және шұғыл шешуді талап ететін өзекті мәселердің ішінде халқының денсаулығына және тұтастай алғанда ұлттық қауіпсіздікке төнген жахандық қатер ретінде нашарлықтың және есірткі бизнесінің өсу проблемасы алдыңғы орындардың біріне шығып отыр.

Соңғы 10 жыл ішіндегі Қазақстандағы есірткі ахуалына жасалған талдау республикада оның тұрақты келеңсіз серпінге ие айтарлықтай асқынуымен сипатталатындығын көрсетеді.

Қазір Орталық Азия өңірі әр алуан шығу түрлері мен нысандардағы есірткілердің экспансиясына ұдайы ұшырап отыр.

Оның негізгі себептері:

- есірткі қауіпінің көзі болып табылатын мемлекеттерге тікелей жақындығы, Еуропаға есірткі құралдарын контрабандалық жеткізу үшін географиялық жағынан қолайлы орналасуы және кеңейіп келе жатқан транзиттік мүмкіндіктер;

- шекараларының ұзындығы, посткеңестік елдермен шекаралас учаскелерде демаркациялық жұмыстардың соған байланысты олардың сырттан есірткінің енуінен жеткілікті түрде қорғалмауы;

- Ауғанстанда есірткі заттарын өндірудің одан әрі өсуі есірткі зертханалардың елдің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығымен тікелей шектесетін солтүстік провинцияларына көшірілуі және құрылуы;

- Еуропадан келетін синтетикалық есірткілер контрабандасы көлемінің ұлғаюы болып отыр.

Экономикалық салада бұл өтпелі кезеңде есірткі бизнесінің дамуы мен нашарлықтың өсуі үшін жағдайлар туғызатын экономикалық проблемалардың шиеленісуі. Орталық Азия елдеріндегі есірткі ахуалының нашарлауына ықпал ететін факторлардың қатарында халық кедейшілігінің жоғары деңгейінің сақталуын, жұмыссыздықты және көлеңкелі шаруашылық қызметінің дамуын айтуға болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан есірткі нарығын қарқынды құрылымдық қайта құру жүруде, өсімдік тектес дәстүрлі есірткілерді "ауыр" есірткілермен ауыстырудың белсенді процесі жүріп жатыр. Әсері күшті, қымбат тұратын және денсаулыққа барынша қауіпті синтетикалық есірткі құралдары мен психотроптық заттарды пайдалану артып отыр.

Қалыптасқан ахуалдың күрделілігі мен оның маңыздылығын Қазақстанның барлық облыстарында, Астана мен Алматы қалаларында ҚР-сы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеу институты жүргізген, жасы 18-

ден жоғары 12000 адам қатысқан әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері де дәлелдейді. Сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі нашарлық пен есірткі бизнесінің таралуын барынша күрделі қатерлердің бірі деп есептейді. Атап айтқанда, сауал салынғандардың 30,3 %-ы есірткінің таралуы - бүгінде Қазақстан үшін ең өткір проблема деп мәлімдеген.

Солай бола тұра, проблема өткірлігі бәсеңдер емес, оған бір-бірімен өзара байланысты бірқатар факторлар әсер етеді, олардың бірі біздің арқылы есірткі, ең алдымен Ауғанстанға жасалған есірткі трафиінің күшеюі болып табылады. Ауғанстанмен шекаралас өңірлерде есірткіге қарсы белдеу құру жөніндегі құқық қорғау шекаралары кешенін іске асыруды шұғыл қолғау қажеттілігі барған сайын артып отыр [2, 93 б.].

Соңғы жылдары есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорлары теріс пайдалану әріолардың заңсыз айналымының республикада жаппай таралуы етек алды және экономиканың, құқық тәртібінің жай - күйіне, қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға, халықтың денсаулығы мен тектік қорына барған сайын теріс әсер етуде.

Орналасу ерекшелігіне орай Қазақстан Республикасының аумағы есірткіні Оңтүстік - Батыс Азия елдерінен, ең алдымен, Ауғанстаннан Еуропа елдеріндегі, соңғы жылдары Ресейдегі оларды өткізетін әлемдік рыноктарға жеткізу үшін оны транзиттік дәліз ретінде пайдаланатын халықаралық есірткі картельдері мүдделерінің аясында қалып отыр. Есірткі транзитінің ертеден пайдаланылып келе жатқан Азиядан Орталық Қазақстан арқылы Ресейге және әрі қарай Еуропаға созылған бағытын "Өлім Жібек жолы" деп атайды.

Қалыптасқан ахуал тиісінше мемлекеттен халықтың психикалық және тән саулығын есірткінің бекіген толқынынан қорғауға бағытталған нақты пәрменді шаралар қабылдауды талап етеді. Қазақстан Республикасында есірткінің таралуы мен оларды теріс пайдалануға байланысты тіркелген құқық бұзушылық санының өзгеру серпіні олардың ұдайы өсуін айқын көрсетіп отыр. Бұдан басқа, есірткіні жүйелі пайдаланатын адамдар саны да көбеюде. Бұл факторлар Қазақстандағы экономикалық және әлеуметтік ахуалға теріс әсер етеді және үрей туғызады.

Осыған байланысты есірткі айналымына бақылауды одан әрі күшейту, есірткінің теріс пайдалануға қарсы іс-қимылға мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметін жандандыру мақсатында ҚР-сы Әділет министрлігінің Нашарлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитетін нығайту мақсатқа сай келеді.

Есірткінің мемлекеттегі заңсыз айналымы проблемасы жалпы ұлттық сипат алып отыр, өйткені халықтың барлық жігі, соның ішінде балалар да тартылған.

Есірткі, психотроптық, улы заттарды және прекурсорларды заңсыз айналымға түсіргені үшін жауапкершілік сол заттарды дайындауға пайдаланатын құрал-жабдықтар үшін жауапкершілік белгілейтін заңдарды біркелкі қолдануды қамтамасыз

ету мақсатымен және осы категориядағы істер бойынша сот әділдігін жүзеге асырудың сапасын көтеруді көздей отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

Есірткі, психотроптық заттарды және оларды дайындауға немесе қайта өңдеуге пайдаланылатын заттарды (прекурсорлар), 2002 жылғы 8 тамызда күшіне енген "Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар тізіміне" енгізілген заттар үшін ғана қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын түсіндіру керек. Есірткі немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатын көздемей шағын және ірі мөлшерде заңсыз иемденіп алуға, сақтауға, тасымалдауға қылмыстық жазалауға жататын әрекет белгілері болмайды.[3]

Көрсетілген әрекеттерді жасауға кінәлілер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 320-бабының негізінде әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін. [4]

Жоғарыда көрсетілген заттарды сатып алу, басқа товарға немесе затқа айырбастап алу, қарыздың орнына беру, қарызға немесе сыйға алу, туып алғанды иелену, құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктерді немесе олардың бөлігін жинау, осындай өсімдіктердің күзетілмейтін егістік алқабындағы жинау жұмысы біткеннен кейінгі қалдығын жинап алуды т.б. заңсыз алу деп түсіну керек[5, 39 б.].

Есірткі мен психотроптық заттарды заңсыз тасымалдау "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" ҚР Заңының 1-бабының 12 тармақшасына сәйкес тасымалдау тәсіліне қарамастан белгіленген тәртіпті бұзып, оларды орнынан көшіру жөніндегі кез келген қасақана іс-әрекеттер болып табылады.

Есірткі, психотроптық заттарды, прекурсорларды заңсыз пайдаланып жүрген адамдар, сондай-ақ оның тапсырмасы бойынша басқа адамдар тасымалдауды жүзеге асыра алады. Аталған заттарды орнынан көшіруді басқаларға тапсырған адам тасымалдауды ұйымдастырушы, ал егер, тасымалдауды қылмыстық заң бойынша жауапкершілікке тартылмайтын (мысалы, есі дұрыс емес, қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін жасы толмаған, немесе заттың сипаты туралы хабарсыз) адамдарға тапсырса, онда қылмысты орындаушы ретінде жауапқа тартылады. Есірткіні және психотроптық заттарды тасымалдау олар тасымалдана бастаған сәттен бастап аяқталды деп есептеу қажет. Бүгінгі әлеуметтік қиыншылықтармен жұмыссыздық салдарынан етек алған есірткі бизнесіне қарсы күрес құқық қорғау органдарымен пәрменді жүргізіліп отыр. Қазіргі күннің ең бір өзекті мәселесіне айналып отырған есірткіге қарсы күрес - басты мәселе. Тұрмыстағы таршылықпен жеке басының күйзелістерінен шығудың жолын осы қауіпті бизнес жолынан іздеген жандар есірткі саудасынан пайда табушылар қақпанына түсіп, қылмыскерлер қатарына қосылуға.

Соңғы кездегі есірткі құралдарының қомақты көлемдегі тасымалдарының, ашылуына құқық қорғау органдарының осы қылмысқа тойтарыс

беруге күш жұмсалдырып, есірткі құралдарын тасымалдау жолдарын бөгеу, есірткі бизнесімен күрес криминалдық полиция қызметкерлерінен құрылған арнаулы топтармен мезгіл тексерулер өткізу мүмкіндік жасады, Есірткі құралдарына заңсыз айналымына қарсы күрес күшейтіліп, қылмыстылар жазасын алғанымен, бұл қауіпті дертке шалдығып, айналасындағыларды қайғы - қасіретке душар ететін адамдар саны азаймай отырғанын да айтып кетпеске болмайды. Мамандардың айтуына қарағанда, есірткіні тасымалдауға негізінен арзан қол адамдарды жалдайтын көрінеді. Дегенмен, есірткі қылмысын ашуда құқық қорғау органдарының белсенділігі төмен. Атап өтетін бір мәселе, осы қылмысты ашу үстінде негізінен есірткіні сақтаған және тасымалдаған ұсталады да, қолданушылармен, өткізушілер белгісіз болып қалады. Есірткіні тарату күрделі мәселелердің бірі. Географиялық жағынан қолайлы орналасқан Қазақстан Шығыстан Батысқа тасымалданатын есірткінің нақ жеріне айналып кетті. Сондықтан құқық қорғау органдары бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарауда. Әсіресе жас өспірімдер арасында осы есірткі арқылы қылмыс жасағандар қолданғандар көптеп кездеседі. Көптеген отбасылардың материалдық жағдайларының қиындығы, ата-аналардың моральға жат теріс қылықтары, әке мен бала арасындағы өзара кикілжің түрлі діни уағыздардың кері өсер етуі, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы порнографиялық заттардың, қатыгездік, күш қолданудың таралуы жас өспірімдер қылығының, яғни есірткі мен айналысуына себеп болып отыр. Наркомания проблемасын шешу үшін, меніңше, төмендегі шараларды қолға алуымыз керек:

1. Есірткімен байланысты қылмыстар соңына дейін тергелмейді. Тергеуші қылмысты істі тез сотқа өткізуге тырысады. Ұсталған адамдардың көпшілігінің айтатын жауабы бірдей, яғни "көшеде келе жатып тауып алдым" - дейді. Ал, біздер неге неге тауып алмайды екенбіз? Сөйтіп есірткі бизнесімендегі наркомандар, есірткі сататындар, притон ұстайтындар, есірткі таситындар т.б. бәрі де белгісіз болып қала береді, жауапқа тартылмайды.

2. Әкімшілік жазаға тартылған наркомандарға, жазасын өтеп келген наркомандарға бақылауды күшейту керек. Құқық қорғау органдары олардың қайда барып, кімдерден есірткі алатынын анықтап, "наркомандарға", "жоғарғы эшелонға" шығып, қатаң жазалап, атқаратын бұқаралық ақпараттардың жария етуі қажет.

3. Шудың қарасорасын шикізат есебінде пайдаланып, Шу қаласында завод салып, қалалық шаруашылығына қажетті заттарды: парфюмерия, бояу, дәрілер, мықты арқандар, қағаздар және т.б. шығару.

Есірткі сататын адамдарға жазаны күшейту.

Шекара, кеден, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациядан өткізіп, жұмысына адал, Отанына берілген қызметкерлердің орнында қалдыру керек, жалақыларын көбейту қажет. Жастарымызды салауатты өмір сүруге үйретіп, спортпен шұғылдануға бейімдеуіміз қажет. Бүгінгі күні есірткіні заңсыз айналымымен күрестің барынша пәрменді

жан-жақты жүргізілуіне қарамастан оның қоғамымызға, онда өмір сүріп жатқан адамдар өмірінеуіне үзілді-кесілді тойтарыс беру мүмкін болмай отыр. Тіпті күн өткен сайын бұл дерттің зардабы өршіп, адам өмірінеаса қауіптіесірткі заттардың жаңа түрлері пайда бола бастады. Сол себепті мұндай аса қатерліесірткілердің жаңа түрлерінің тамырына балта шабуға тек қаңа құқық қорғау органдарының күресі мен шаралары жеткіліксіз. Сондықтан қасіреті мен қаупі мол бұл қылмысқа бүкіл жұртшылық болып күресуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 03.07.2014 (06.05.2017 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)//online.zakon.kz.

2. Боранбаев, Е. Есірткіелді бүлдіреді [Текст] / Е. Боранбаев? сұхбаттасқан А. Шахин // Заңгер. 2014. №6. С. 33 35 б. (Правовая доктрина. Юридическое сообщество).

3. "Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар тізімі" 2002 жылғы 8 тамызда күшінеенген қаулысы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. 2014 жылғы 5 шілдеhttp://www.zakon.kz/.

4. Еңсебаева, Г. Есірткі заттарын заңсыз тасымалдау трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың көрініс нысаны [Текст] / Г. Еңсебаева // Заң. 2012. №12. С. 2629.

Мұрат КАКИМЖАНОВ, з.ғ.к., профессор, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш. 9.

Ерасыл МҰРАТ, Ю-12П тобының магистранты, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көш. 9.

ПАРАҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аталмыш мақалада паракорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері қарастырылады. Мемлекет пен қоғамның паракорлықтың дамуына кедергі келтіретін пәрменді шараларды қалыптастыру бойынша бірізді жүйелі жұмысының ары қарай жүргізілуі мақсатты және қажет екендігіне баса назар аударылады.

Түйінді сөздер: паракорлық, сыбайлас жемқорлық, паракор, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал, паракорлыққа қарсы іс-қимыл, паракорлыққа қарсы стратегия, заңнама, құқық қорғау органдары.

Мұрат КАКИМЖАНОВ, кандидат юридических наук, профессор, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г.Караганда, ул.Академическая 9.

Ерасыл МҰРАТ, магистрант группы Ю-12П, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г.Караганда, ул.Академическая 9.

ПОНЯТИЕ И ОСОБЕННОСТИ ВЗЯТОЧНИЧЕСТВА

В данной статье рассматриваются вопросы борьбы со взяточничеством. Особое внимание уделяется дальнейшей и последовательной реализации последовательной систематической работы государства и общества по формированию эффективных мер по предотвращению развития взяточничества.

Ключевые слова: взяточничество, коррупция, взяточник, получение взятки, дача взятки, посредничество во взяточничестве, противодействие взяточничеству, Антикоррупционная стратегия, законодательство, правоохранительные органы.

Murat KAKIMZHANOV, candidate of legal Sciences, professor, Karaganda Economic University of Kazpotrebooyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9.

Erasyl MURAT, group master's degree student Ю-12P, Karaganda Economic University of Kazpotrebooyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9.

THE CONCEPT AND FEATURES OF BRIBERY

This article discusses the fight against bribery. Special attention is paid to the further and consistent implementation of consistent systematic work of the state and society on the formation of effective measures to prevent the development of bribery.

Keywords: bribery, corruption, bribery, bribery mediation, anti-bribery, anti-Corruption strategy, legislation, law enforcement.

Паракорлық, яғни пара беру, пара алу және параға делдал болу - сыбайлас жемқорлықтың өте кең тараған түрлері ретінде биліктердің және басқармалардың дұрыс қалыпты қызметін бұзып, олардың беделін түсіретін қызметтік пайдакүнемдік қылмыс. Бұл қылмыстың мағынасы, яғни лауазымды тұлға, өзінің лауазымды қызметімен байланысты істелеген қызметі үшін ұйымдардан немесе басқа да тұлғалардан заңсыз материалдық сыйақы алуы. Паракорлық латенттік қылмыс тобына жатады [1,586]. Қазіргі таңда мемлекет пен қоғамның паракорлыққа деген көзқарасы әртүрлі. Осы құбылыстың пайда болу туралы және мемлекет пен қоғам институтына әсер ету деңгейінің тұжырымдамасы әртүрлі, мұның себебі, паракорлықты заңгерлер ғана емес, экономистер, әлеуметтанушылар және саясаткерлермен де зерттелетіні анық. Осыдан біз кең әртүрлілікті байқап отырмыз, сондай-ақ паракорлық түсінігі қоғам тәжірибесінің негізінде тұрмыста да қалыптасқан. Бірақ мұндай көпшілік паракорлыққа деген түсінікті қалыптастыру үшін қиындық туғызады және оған қарсы тиімді іс-әрекет

механизмін дамуын объективті түрде шектейді. Қазіргі таңда паракорлық сыбайлас жемқорлық түсінігімен тығыз байланыста. Сыбайлас жемқорлық - өте ерте кездерден туылып және қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде өз тіршілігін жалғастырып келе жатқан қиын әлеуметтік құбылыс ретінде сатылу, сонымен қатар қоғамдық және саясат қызметкерлердің, мемлекеттік шенеуніктер мен лауазымды тұлғалардың сатылуын білдіретіндігі айқын [2,416]. Паракорлық субъектісі болып бір жағынан лауазымды тұлғалар болса, екінші жағынан жеке сектордың заңды және заңсыз өкілдері болып табылады. Жемқорлық қылмысты зерттеуші атақты Максимов С.В. пайымдауынша: "Паракорлық мемлекеттік қызметке ие болған, мемлекеттік немесе кәсіпкерліктің, ұйымның немесе мемлекеттік емес ұйымның қызметкері паракорлық актісін атқарған үшін жауаптылыққа тартылу қабілеттілігі бар және сот шешімі негізінде паракорлық құқық бұзушылық жасаған үшін жазаланатын тұлға болып танылады [3,76]. Паракорлық мемлекетке, билікке мемлекеттік қызмет мүддесіне және

жергілікті өзін-өзі басқару органдар қызметіне қарсы жемқорлық сипаты бар, сонымен қатар ең қауіпті қылмыстар санатына жататынын білеміз [4].

Б.В.Здравомысловтың ойынша лауазымды тұлғаларға парақорлық әсері, бұл алып жатқан лауазымды орнын "кіріс орнына" айналдырыуы және өзін байыту мақсатында қызметтік міндеттерді атқару үшін бағындыру, сонымен қатар өзге де азаматтар алдында керекті нәтижеге жету үшін лауазымды тұлғалардың сатылуын көрсетеді [5, 124б]. Ал А.Я.Светлов айтқан парақорлық сонымен қатар басқада ауыр қылмыстарға әкеп соқтырады. А.В.Галахова, О.Х.Качмазовтың айтуынша парақорлықтың қауіптілігі оның кең таралуында және жемқорлықпен тығыз байланыста болуында [6, 32б]. Осылардан байқағанымыздай парақорлық - сыбайлас жемқорлықтың ең көп таралған және қауіпті құбылысының бірі және тергеу жөнінен қиын қылмыстардың бірі болып саналады. Біріншіден, бұл қылмыс куәгерлер болмаған жағдайда жасалады. Барлық қылмысқа қатысушы тұлғалар (пара беруші, пара алушы және делдал) қылмыстың жасалуына және қылмыстық іздерді жасыруға барлық шараларды қолдануға мүдделі болады. Екіншіден, осы қылмысқа қатысушы тұлғаларға қылмыстық көзделген және сол себепті олар дұрыс айғақтарды бермей істеген қылмысты мойына алмауға, осыдан барып барлық қылмыскерлер кепіл шеңберін құрады. Үшіншіден, парақорлық жағдайлары заңды іс-әрекеттер жасағаны үшін де кездеседі. Мұндай жағдайда пара алу немесе беру жағдайын анықтау қиынға соғады, себебі заңсыз іс-әрекеттердің іздері болмайды. Төртіншіден, кей жағдайда мемлекеттік жеке меншік және басқада жемқорлармен байланыста болады, мұндай ұйымдасқан қылмыстық топтарын жауапкершілікке тарту қиынға соғады. Бесіншіден, парақорлықты басқада қылмыстармен салыстырсақ дәлелдемелі көлемдер өте аз болады, көптеген жағдайларда жанама дәлелдемелер арқылы айып тағылады.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытында мақсатты қызметтер жасап келе жатқандығы айқын. Осы бағыттағы еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, жан-жақты және дәйекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешенінің әзірленуін және жүзеге асырылуын көздеуге, сөйтіп, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде, сондай-ақ, жеке секторда сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, қазақстандық азаматтардың осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға тиіс іс-шараларды көздейді [7]. Осы тұста заң нормаларында көрсетілгендей жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде мынадай шаралар қолданады: өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарлайды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысады; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдық басқа да субъектілерімен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимылды жүзеге асырады; мемлекеттік органдардан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сұратады және алады; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша зерттеулер, оның ішінде

ғылыми және әлеуметтік зерттеулер жүргізеді; бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әлеуметтік маңызды іс-шаралар ұйымдастырады [8].

Еліміздің осы бағыттағы ең басты міндеті мен мақсаты мемлекеттік органдардың және азаматтық қоғам институттарының қызметін үйлестірудің тиімділігін жетілдіру арқылы қоғам өмірінің барлық салаларында парақорлық деңгейін азайту мақсаты болып табылады. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін: азаматтар мен қоғамның құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін парақорлықтан қорғауды қамтамасыз ету, парақорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, парақорлыққа қарсы іс-қимылдың нысандарын, әдістерін және құралдарын оңтайландыру, азаматтық қоғам құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасасу сияқты міндеттерді орындау қажет. Е.О.Алауовтың айтуынша, парақорлыққа қарсы саясат өмірдің түрлі салаларында парақорлықты тудыратын және мемлекеттік қызметшіні парақорлық әрекет жасауға итермелеп, мүмкіндік туғызатын себептер мен жағдайларды барынша азайту жөніндегі мемлекеттің және қоғамның жан-жақты және дәйекті шараларын әзірлеуді және жүзеге асыруды көздейді [9, 40б]. Дегенмен, ұсынылып отырған негізгі бағыттар толымды болып саналмайтынын ескеру керек, олар тек жекелеген іс-шараларды жүзеге асыру бойынша ғана емес, сонымен қатар парақорлық құбылысын, оның себептерін, парақорлық іс-әрекетінің салдарын терең талдау, тура және жанама экономикалық және басқа шығындарды саликалы және объективті бағалаудың нәтижелері ескеріле отырып түзетілуі қажет. Парақор көптеген лауазымды тұлғалардың адал екеніне күмән туғызып, масқаралау арқылы сенімсіздік келтіріп қана қоймай, жалпы мемлекетке, Конституциядағы азаматтардың мүдделері мен құқықтарын шектеуге, заңдылық қағидаларының бұрмалануы және Қазақстан Республикасының нарықтық реформаларының дұрыс жүргізілуін тежейтіндігін әр азамат саналы мойындауы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.О.Дулатбеков. Қазақстандағы жемқорлық және ұйымдасқан қылмыстылық. - Қарағанды, 2007.
2. А.Н.Ағыбаев. Мемлекеттік мүддеге қарсы парақорлық қылмыстар үшін жауаптылық. - Алматы, 2006.
3. Исаев А.А. Мемлекет қызметіндегі лауазымды тұлғалардың пара алу қылмыстарының түсінігі және алдын алу мәселелері. - Алматы, 2008.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі (27.12.2018 жылы енгізілген өзгертулерімен қоса).
5. Б.В.Здравомыслов. Взятничество в сфере экономики. - М., 2006.
6. Б.В.Волженкин. Квалификация взяточничества. - М., 2004.
7. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Жарлығы.
8. Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы. 2015 жылғы 18 қараша, №410-Ү ҚРЗ. (28.12.2018 жылы енгізілген өзгертулерімен қоса).
9. Е.О.Алауов. Проблемы уголовно-правовой борьбы с взяточничеством. - Алматы, 2007.

Кайрат БАКИШЕВ, доктор юридических наук, профессор, руководитель лаборатории юридических исследований, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, ул. Академическая 9, Караганда, Казах-стан. Тел.: +7 (7212) 446500. E-mail: bakishev@yahoo.com

РАЗГРАНИЧЕНИЕ ТРАНСПОРТНЫХ АДМИНИСТРАТИВНЫХ И УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ

В статье анализируется система транспортных правонарушений в уголовном и административном законодательствах. Автор отмечает необъективный подход законодателя к разграничению административных проступков и уголовных правонарушений без учета способа их совершения, характера вредных последствий и других значимых юридических признаков. Обосновывается вывод о том, что главным критерием разграничения преступлений, уголовных проступков и административных правонарушений являются степень и характер их общественной опасности. Именно этот критерий должен лежать в основе законодательного определения об административном правонарушении (ст. 25 КоАП) и построения системы транспортных уголовных правонарушений. Кроме того, существование в административном законодательстве деликтов различной правовой природы привело к забвению уголовно-правовой природы административных проступков, неверной оценке различного характера и степени общественной опасности правонарушений и ошибкам в правоприменительной деятельности. В этой связи автор предлагает принять Кодекс "мелких" (малозначительных) правонарушений (проступков), куда следует перенести деликты, имеющие уголовно-правовую природу.

Ключевые слова: административные правонарушения, уголовные правонарушения, уголовный проступок, транспортные правонарушения, критерии разграничения.

Кайрат БӘКІШЕВ, Заң ғылымдарының докторы, профессор, ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі, Қазтұтыну одағы Қараганды экономикалық университеті, Академическая көш., 9, Қараганды, Қазақстан. Тел.: +7 (7212) 446500. E-mail: bakishev@yahoo.com

КӨЛІТІК ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ШЕКТЕУ

2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодекстегі көлік құқық бұзушылықтары мысалында автор заң шығарушының құқықтық реформа процесінде әкімшілік және қылмыстық-құқықтық әрекеттердің аражігін ажыратуға объективті емес тәсілін көрсетеді. Бірқатар көліктік құқық бұзушылықтар қылмыстық теріс қылықтарға оларды жасау тәсілін, зиянды зардаптардың сипатын және басқа да маңызды заңды белгілерін ескерместен қате жатқызылды. Қылмыстарды, қылмыстық теріс қылықтарды және әкімшілік құқық бұзушылықтарды шектеудің басты өлшемі олардың қоғамдық қауіптілігінің дәрежесі мен сипаты болып табылатыны туралы қорытынды негізделеді. Бұл өлшем әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамалық ұйғарымның (25-бабы) негізінде жатуға және көліктік қылмыстық құқық бұзушылықтар жүйесін құру кезінде ескерілуге тиіс. Әкімшілік заңнамада әртүрлі құқықтық табиғат деликтерінің болуы әкімшілік теріс қылықтардың қылмыстық-құқықтық табиғатының жойылуына, құқық бұзушылықтардың түрлі сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін дұрыс бағаламауға және құқық қолдану қызметіндегі қателіктерге әкеп соқтырды. Осыған байланысты қылмыстық-құқықтық табиғаты бар деликтерді ауыстыру қажет болатын "ұсақ" құқық бұзушылықтар немесе елеусіз теріс қылықтар кодексіні әзірлеу ұсынылады.

Түйінді сөздер: Әкімшілік құқық бұзушылықтар, қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыстық теріс қылық, көліктік құқық бұзушылықтар, шектеу өлшемдері.

Kairat BAKISHEV, Doctor of Law, Professor, Head of Research laboratory, Karaganda economic university of Kazpotrebsoyuz, Akademicheskaya str. 9, Karaganda, Kazakhstan. Tel.: +7 (7212) 446500. E-mail: bakishev@yahoo.com

DIFFERENTIATION OF TRANSPORT ADMINISTRATIVE AND CRIMINAL OFFENCES

Abstract. On the example of transport offences in the Criminal code of Kazakhstan of 2014, the author states of the legislator biased approach to the differentiation of administrative and criminal acts in the process of legal reform. Noted that a number of transport offences were mistakenly attributed to criminal offences without taking into account the method of their commission, the nature of harmful consequences and other significant legal signs. The conclusion that the main criterion of differentiation of crimes, criminal offences and administrative offences is the degree and nature of their public danger is proved. This criterion should form the basis of the administrative offence legislative definition (Article 25 of the Administrative Code) and be taken into account in the process of building a system of transport criminal offences. The different legal nature torts existence in the administrative legislation led to the oblivion of the criminal-legal nature of administrative offences, the different nature and social danger degree of offences incorrect assessment and errors in law enforcement. In this regard, the Code of "minor" offences or minor misdemeanours is proposed to develop, where offences having a criminal nature should be transferred.

Key words: administrative offences, criminal offences, criminal offence, transport offences, differentiation criteria.

Введение.

Правовая регламентация административных проступков и правонарушений остается сложной проблемой отечественного права. В связи с дальнейшей гуманизацией ответственности, сокращением сферы применения мер уголовной репрессии согласно Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, законодатель осуществил ряд коренных изменений в национальном законодательстве. Так, он отказался от уголовно-правовых норм с административной преюдицией, перевел в состав административных проступков целую группу деяний, которые ранее были преступными, ввел понятия "уголовное правонарушение" и "уголовный проступок", пересмотрел систему наказания за их совершение. Это задача не из легких, если учесть, что многие деликты имеют внешне сходные признаки, серьезно затрудняющие их разграничение. Так, по нашим подсчетам, только из 74 статей КоАП о транспортных правонарушениях 40 статей тесно соприкасаются с уголовно-правовой сферой ответственности и потому трудно избежать ошибок при правовой регламентации ответственности за такие деликты. В процессе правовой реформы особые сложности возникли в связи с появлением в ст. 10 УК такого дефиниции как "уголовный проступок", признаки которого отличаются от преступления и административных правонарушений. Критерием разграничения уголовных преступлений и уголовных проступков, как указано в законе, является общественная опасность и наказуемость.

Теоретическая и практическая значимость новеллы заключается в том, что уголовные проступки по своей природе ближе к уголовным преступлениям, нежели к административным правонарушениям, ввиду чего учитываются при оценке состояния преступности в стране и деятельности правоохранительных органов. Этим, по замыслу законодателя, существенно повышается объективность данных о степени защищенности прав и свобод граждан, интересов общества и государства. Одновременно вводится упрощенный порядок расследования и рассмотрения судами дел об уголовных проступках с обеспечением виновным всей полноты фундаментальных процессуальных гарантий, что, в свою очередь, положительно отразится на оперативности их разрешения и восстановления нарушенных прав и свобод.[1] Вместе с этим, появление в УК этой новеллы привело к необходимости переноса ряда преступлений, к административным проступкам. Отсутствие четких критериев привело к ошибкам, которые негативно отражаются на правоприменительной деятельности законодательства.

Целью исследования является разработка критериев для правильного разграничения транспортных административных проступков и уголовных правонарушений, позволяющих правильно их квалифицировать и назначать справедливое наказание, а также совершенствовать законодательную деятельность.

Методы исследования. В процессе исследования использовались сравнительно-правовой, историко-

правовой, догматический методы, а также анализ, синтез и наблюдение.

Исследование.

Согласно ч. 3 ст. 10 УК, уголовным проступком признается совершенное виновно деяние (действие либо бездействие), не представляющее большой общественной опасности, причинившее незначительный вред либо создавшее угрозу причинения вреда личности, организации, обществу или государству, за совершение которого предусмотрены наказания, не связанные с лишением свободы. Его совершение не влечет за собой судимости. В этой связи перед законодателем встала задача отнесения к уголовным проступкам деяний, соответствующих данному определению. Анализ показал, что в категорию "уголовных проступков" была отобрана часть административно-правовых деликтов и преступления небольшой тяжести. Так, в главе Особой части УК "Транспортные уголовные правонарушения" как уголовные проступки сформулированы десять составов правонарушений (ч. 1 ст. ст. 345, 346, 348, 349, 351, 353, 354, 356, 358, 359). Из Кодекса об административных правонарушениях РК в Уголовный кодекс были перенесены управление транспортным средством лицом, лишенным права управления транспортными средствами, находящимся в состоянии алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического опьянения, а равно передача управления транспортным средством такому лицу или допуск к управлению транспортным средством такого лица (ст. 346 УК), допуск к управлению транспортным средством водителя, не имеющего права управления (ст. 349 УК), управление воздушным, морским, речным или маломерным судном лицом в состоянии опьянения, передача управления или допуск к управлению воздушным, морским, речным или маломерным судном лица, находящегося в состоянии опьянения (ст. 358 УК), допуск к управлению воздушным, морским или речным судном лица, не имеющего права управления (ст. 359 УК). Другие составы этой группы - это бывшие преступления небольшой тяжести. Вышеуказанные проступки составили обновленную систему транспортных уголовных правонарушений.

Такое решение законодателя мы считаем спорным и не продуманным, принятым без учета характера и степени общественной опасности, способа совершения, вредных последствий и других юридически значимых признаков транспортных правонарушений. Между тем, специалисты предупреждали, что "ошибка, допущенная из-за неправильно избранного критерия, может дорого стоить государству, поскольку законодатель, объявляя проступком (административным) деяние, фактически обладающее общественной опасностью преступления, лишает определенные общественные отношения эффективной правовой защиты и тем самым ставит государство и его граждан под угрозу нарушения их законных прав и интересов. Не меньший ущерб государство несет и в том случае, когда криминализации подвергаются деяния такой степени общественной опасности, которая не

позволяет их расценивать как преступления". [2, 81-82 стр.]

Сравнительный анализ составов в главе 30 "Административные правонарушения на транспорте, в дорожном хозяйстве" в Кодексе РК об административных правонарушениях с правонарушениями в главе 14 "Транспортные уголовные правонарушения" в Особенной части УКО выявил следующие недостатки:

Қайржан БЕКІШЕВ, профессор Карагандинского государственного университета имени академика Е.А. Букетова, Академик Международной Евразийской Экологической Академии. Обладатель ордена Почета. Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова № 3 корпус,
ул. Университетская 28, +7 705 267 1991

ТРАНСГРАНИЧНЫЕ ПРЕДПРИЯТИЯ И ВНУТРЕННИЕ ВОДНЫЕ РЕСУРСЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В данной статье рассматривается экологическое состояние внутренних водных ресурсов и трансграничных рек нашей страны. Водоснабжение является актуальной проблемой. Основное внимание уделяется сохранению внутренних водных ресурсов.

Ключевые слова: вода, трансграничность, ресурс.

Kayrzhan BEKISHEV, Professor of Karaganda State University named after Academician E. A. Buketov, Academician of the International Eurasian Ecological Academy. The Orthodox Orchestra, Karaganda State University named after Academician E. A. Buketov, №3 building, Universitetskaya 28, +7 705 2671991

TRANSLATION PRIEDCITY AND INFRASTRUCTURE WELLNESS RESOURCES KAZAKHSTAN

From the point of view the ecological condition of internal water resources and transgenic conditions is considered. Water supply is an actual problem. The main emphasis is placed on the preservation of internal water resources.

Keywords: water, transgency, resource.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның көптеген экологиялық проблемалары трансшекаралық сипатта екендігін бірнеше рет атап өтті. Бұл, бірінші кезекте, су проблемасына қатысты. Сумен қамтамасыз ету өзекті проблема болып табылады. Қазіргі кездің өзінде біз трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалануға қатысты маңызды сұрақтармен бетпе-бет кездестік. Қазақстанның барлық өзендері ішкі және трансшекаралық деп бөлінеді. Қазақстан Республикасының негізгі ірі трансшекаралық су объектілері: Орал, Тобыл, Есіл, Ертіс, Іле, Сырдария, Шу мен Талас болып табылады. Трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдалану тек экономикалық және экологиялық маңызымен қатар саяси және халықаралық маңызы да бар. Тиімді ведомстволармен көршілес елдермен трансшекаралық өзендер ресурстары мен су қоймаларының суды пайдалану проблемасын реттеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазақстанның бұл мәселедегі іс-әрекеті халықаралық құқықтық актілер негізінде, көбінесе, 2000 жылы 23 қазанда республикада трансшекаралық су ағыстары және

халықаралық өзендерді қорғау мен пайдалану туралы конвенция негізінде жасалады. Көршілес мемлекеттер - ҚХР, Тәжікстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Өзбекстан - осы конвенцияға қатыспаған елдер болып табылады. сондықтан трансшекаралық су проблемаларын реттеу бойынша жұмыс күрделілігін тудырады. Себебі Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық, Тобыл, Есіл және Шу секілді елдің бас өзендері көрші мемлекеттерден бастау алады. Бұл Қазақстан су ресурстарының 40%-ы, яғни осынша мөлшерде іргедегі елдерге тәуелдіміз деген сөз. Шығыс Қазақстанның екі ірі өзені - Ертіс пен Іле басын Қытайдан алады. Қазіргі кезде 4 млн-ға жуық қазақстандықтарды сумен қамтамасыз ететін Ертістің суын қытайлар Шыңжаңдағы жаңа өнеркәсіп орталығы - Қарамайға бұрып жатыр. Қазақстан мен Қытай арасында шекараны кесіп өтетін 25 өзен бар. Бірақ осыған қарамай 2001 жылы қос тараптың үкіметі трансшекаралық өзендерді пайдалану туралы келісімге қол қойды. Бұл әжептәуір жетістік болатын. Себебі келешекте өзен суын бөлуде келіссөз жүргізуге негіз болатын құжат пайда болды. Бірақ Ертіс

пен Іле мәселесі әлі толық шешілмеді. Оған ең алдымен Қазақстан тарапы алаңдайды. Біріншіден, Ертіс пен Іле өзендерінің 70% суы Қытай территориясынан бастау алады. Екіншіден, өзендер Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы арқылы өтетіндіктен жыл сайын Іле мен Ертіс өзендерінің суын пайдалану мөлшері артып келеді. Өйткені Қытай үкіметі аталған аймақта хань ұлтының үлесін ұлғайтып, өңірдің экономикасын дамыту жоспарын іске асырып жатыр. Әрине, бұл үлкен көлемдегі су мөлшерін талап етеді. Үшіншіден, 23 млн халық тұратын автономиялық ауданнан өзенге түсетін қалдық аз емес, ол су құрамын бұзады, әсіресе, мұнай өнімдері. Оның зардабын Ертістің бел ортасындағы Қазақстан мен сағасындағы Ресей көреді. Қазақстанды ойландыратын негізгі мәселе - Ертіс пен Іле суының азаюы. Ал Ертіс суына Семей мен Павлодар, Астана, Қарағанды қалалары қарап отырғанын ескерсек, онда су мөлшерінің жоғары деңгейде сақталуы Қазақстан үшін аса маңызды. Іленің келешектегі жағдайы да күмәнді. Оның тек 30% суы Қазақстаннан бастау алады, қалғаны Қытайдан. Бүгіннің өзінде Қытай Іленің бойында 13 су қоймасын құрып, 59 гидроэнергетикалық қондырғы орнатып үлгеріпті. Жыл сайын іргедегі ел Іледен 15 куб шақырым су алады екен. Экологтар егер Қытай Іленің суын тағы 10 пайызға кемітсе, онда Балқас көлі Аралдың тағ-дырын қайталауы мүмкін дейді. Себебі Бейжіңдегі үкіметтің Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы халық санын қазіргі 23 млн-нан 100 млн-ға жеткізу жоспары бар екен. Егер сол дйттеген мақсатының жартысына жетсе де, сонша халық, өндіріске қазіргіден де мол су керек болады. Сәйкесінше, Іле мен Ертіс - негізгі су ресурсына айналады. Зардабын Іленің етегіндегі Қазақстан көрмек. 2014 жылы алғашқы фактілер тіркелді. Іле өзенінің Қапшағай су қоймасына дейінгі бойында ағыс секундына 778 текше метр болады деп күтілген, алайда ол 184 текше метрге дейін төмендеп кетті. Себебі Қытай БҰҰ-ның өзендерді пайдалануға қатысты конвенцияларына қосылмай, трансшекаралық суларды қолданып келеді. Мысалы, тағы да Қытайдан бастау алып, Үндістан, Пәкістан, Мьянма, Лаосқа ағатын Меконг, Брахмапутра секілді өзендердің бойында көрші елдерді ескертпей бірнеше ГЭС, тоғандар салып тастаған. Бірақ сол елдермен салыстырса, бұл салада Қазақстан дипломатиясы біраз жемісті. 2001-2018 жылдар аралығында ортақ комиссия 15 рет кездесті, сарапшылар тобын құрды, гидробекеттерден ақпарат алмасу, Қорғас, Сүмбе өзендерінің бойындағы құрылыс жөнінде келісім жасалды. Яғни, халықаралық құжаттарға қосылмаған Қытаймен трансшекаралық өзендер мәселесі тек осылай бірнеше жылға созылатын ұзақ келіссөздердің нәтижесінде ғана шешілуі мүмкін. Өйткені Қытайға ықпал етер Қазақстанда не экономикалық, не саяси тетік жоқ. Шыңжаңда су қоймасын, бөгет, ГЭС салма деп тағы тыйым сала алмайды. Жалпы, мәселені басқалай шешудің жолдары да айтылған. Сол үшін Қазақстан келіссөздерге Мәскеу өкілдерін үшінші тарап ретінде шақырып, өз позициясын нығайтқысы келген, бірақ Бейжіңнің шенеуніктері оған тағы да келісімін бермей қойған. Орта Азия. Сырдария. Орта Азияда шешімін таппаған ең маңызды сұрақтың бірі - трансшекаралық өзендер. 2000 жылдардың ортасында аталған мәселенің ушыққаны сонша, егер мемлекеттер консенсусқа келмесе, келешекте суға талас қақтығысқа ұласуы мүмкін деген

болжамдар айтылды. Сырдария мен Әмудария суының тиімсіз қолданылуы Арал теңізінің трагедиясына әкеліп соқты. 1998 жылы Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан арасында Сырдария өзенін пайдалану туралы келісім қабылданды және оған кейінірек Тәжікстан да қосылды. Алайда, бұл Нақтырақ айтқанда, құжат тармақтары толық орындалмады. Оған қоса, Рогун ГЭС-і күрмеуі қиын түйткілге айналды. Тәжікстан өзін электр энергиясымен қамтамасыз етіп, артығын көршілеріне сату үшін Вахш өзенінің бойына Рогун ГЭС-ін салмақ болды. Вахш Әмударияға құяды. Егер су бастауына ГЭС салынса, онда Өзбекстанға су аз жетіп, оның мақталы аймақтары құрғап қалуы мүмкін еді. Сол үшін Ислам Каримов тұсында Өзбекстан бұл энергиястансаның құрылысына қатты қарсы болды. Тіпті, Өзбекстан шетелдерден ГЭС құрылысына келе жатқан материалдарды өз территориясында себепсіз бірнеше ай ұстап, жобаның іске асуын тоқтатты. Жалпы, екі ел арасындағы осы қарсылық Орта Азиядағы трансшекаралық өзендерді бірлесіп шешу процесін тежеді. Алайда, билікке Шавхат Мирзиёвтің келуі жағдайды өзгертті, ол құрылысқа қарсылық білдірмеді. Сырдарияның су мөлшерін дәл бөлу оңай емес. Сырдың бастауы Қырғыз жерінде қалыптасады, Тәжікстан мен Өзбекстан аумақтары арқылы өте отырып, Қазақстанға келеді. Тау аумағынан келетін судың сапасы төмен қарай аққан кезде күрт нашарлайды, оның құрамында гербицидтер, пестицидтер, минералды тыңайтқыштар көп. Яғни, көрші елдердің егін алқабында қолданатын химиялық заттары. Оған қоса, Қазақстан Сырдың етегінде жайғасқан соң бірде Қырғыз елінің, бірде Өзбекстанның шешіміне тәуелді болды. Мәселен, жаздың суармалы маусымында кейде Өзбек үкіметі Сырдарияның суын қысып, Оңтүстік Қазақстандағы жүздеген гектар жерді құрғатып тастап, шаруаларды шығынға батыратын. Ал қыс айларында Қырғыз жеріндегі Тоқтағұл су қоймасында жиналған судың жартысын төмен ағызатын. Сырдың сағасы Шымкент пен Қызылорда аймағы болғандықтан, ол су еріген мұзбен қоса талай рет сол өңірдегі ауылдарды шайып кетті. 2008 жылғы сел 3 мың үйді басып қалды, шығын 130 млн долларды құрады. Осыдан соң Қазақстан үкіметі Оңтүстік Қазақстанда Көксарай су қоймасын соғуға шешім қабылдады. Ол артық суды жинап, қажет кезде Сырдарияға жіберу үшін салынды. Алайда, кей кездері Шардара мен Көксарай су қоймаларының сыйымдылық мүмкіндігі жеткіліксіз. Бұдан бөлек, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Арман Евниевтің пікірінше Өзбекстан ара-тұра Достық каналымен суды қажет мөлшерде Мақтаарал ауданына жібермейді, Шардарадан Арнасайға су жіберу мәселесі де реттелмеген. Яғни, трансшекаралық суларды бірлесіп қолдану бойынша Ташкент пен Астана арасында не жаңа құжат қажет, не бұрынғылары толықтырылып, оның орындалуын бақылайтын топ керек. Шумен Талас. 2000 жылы Қазақстан мен Қырғыз Республикасы Шу мен Талас өзендерін пайдалану туралы келісімге келді. Өзендер негізінен теңдей бөлінген. Жоғарыдағы келісім бойынша Қырғыз жеріндегі қос өзен суын реттеп отыратын канал, қойма, тоғандарды ұстау, жөндеу жұмыстарының біраз шығынын Қазақстан төлейді, бұл әлемдік практикада бар жайт. Соңғы кезде осы мақсатқа бөлінетін 70 млн теңгені қырғыз тарапы азынып жүр.

Таластың 80% суы Қырғыз жерінде бастау алады, Қазақстанда Жамбыл облысының жерімен өтеді. Облыстың қажеттілігі жылына 3 млрд текше метр су. Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері Талас және Шу өзендері бойынша Қырғыз Республикасымен пәлендей пікір қайшылығы жоқ дейді. Жалпы, бұл келісім Бішкектегі билікке С.Жәнбековтің келуімен байланыстыруға болатын шығар. Себебі осыған дейін 2010 жылы Қырғыз еліндегі Киров су қоймасы жарылып, Таразды сел алмақ деген сыбыс көне шаһардың тұрғындарын біраз әбігерге салған еді. Ал 2013 жылы Көксай ауылының халқы Жамбылға барар каналдың суын жауып, жер бөлінісіне қарсылығын білдірді. Болжам бойынша ХХІ ғасырдың ортасына қарай Шу өзенінің суы 25%-ға, Таластың суы 40%-ға азайып кетуі мүмкін. Себебі бастаудағы мұздықтар жаһандық жылыну процесінің әсерінен еріп жатыр. Әлемдік практика. Дүние жүзінде трансшекаралық өзендер туралы 290-ға жуық құжат бар екен және бұл салада суды бірлесе отырып пайдаланудың бірнеше оң тәжірибесі бар. Мәселен, Еуропада 10 елді басып өтетін Дунай бойынша келісім 1948 жылы жасалды. Осы және өзге де құжаттарда өзендерге зиян келтірмеу, суды бірлесіп қолдану, өзенге зақым келтірген тарап оны тазалауға қаражат бөледі деген секілді принциптер жазылған. Рейн өзенін қолдану бойынша да оның бойындағы елдер үнемі кездесіп отырады. Олар суды қалай бөлу деген сұрақтан әрі жылжып, Рейннің тазалығын қалай қамтамасыз етеміз деген мәселеге келген. Осы мақсатта өзен бойында Швейцариядан Солтүстік теңізге дейін 9 станса салынды. Олар су сапасын үнемі жариялап отырады. Үлгі аларлық тәжірибе тек дамыған елдерде ғана емес, дамушы елдерде де бар. Кезінде Эфиопия Ніл өзенінің бойында су бөгенін салмақ болады. Ніл сағасында жатқан Мысырға бұл бастама ұнамайды. Бұларға Судан қосылып, үш тарап аталған сұрақтың шешімін таба алмаған. Батыс елдері, халықаралық ұйымдар араша түсіп, көмектесуге тырысады. Алайда, соңында бәрібір үш елдің өкілдері су мен энергияны әділ бөлудің жолын өздері табады. АҚШ пен Канада қос елдің арасындағы бірнеше өзенді әділ пайдаланып келе жатқанына 100 жылдан асты. Яғни, халықаралық тәжірибеге сүйенсек, трансшекаралық өзен мәселесін шешуде әмбебап әдіс жоқ, алайда келесідей ұстанымдар бар. Су дипломатиясы халықаралық құқыққа негізделгенде ғана сәтті болады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: "Әр мемлекеттің ең басты құндылығы - оның халқы. Сондықтан халық денсаулығы үнемі мемлекеттің бірінші кезекті қамқорлығында болуы тиіс. Дені сау ұлт қана ұлы қимылдар мен лайықты істерге қабілетті. Біздің мемлекеттің қауіпсіздігіне байланысты шын мәніндегі стратегиялық міндетті шешуде тұрғындарды сумен жабдықтау ерекше орын алады, себебі халық денсаулығы тұтынатын судың сапасына байланысты. Осыған байланысты тұрғындарды ауыз сумен сапалы қамтамасыз ету мәселелерін шешу барлығы үшін маңызды және алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі болып калуға" - деген болатын.[1]

Су - тіршілік көзі, өмірдің қуаты. Сусыз тіршілік жоқ, ол бүкіл тірі жан иесінің бойында бар. Тамақсыз бірнеше күн өмір сүруге болады, ал сусыз сонша уақыт өмір сүру мүмкін емес. Адамның, сондай-ақ көптеген жан-

жануарлар денесінің 2/3-і, ал кейбір өсімдіктердің 4/5-і судан тұрады. Жер бетінің тек 1/3-ін құрлық, ал 2/3-ін су алып жатыр. Мұхиттар мен теңіздерді, өзен-көлдерді былай қойғанда, жер астында да, топырақта да су бар. Мұздықтар мен айсбергтер де қатып қалған су болып табылады. Су атмосферада да аз емес, онда ол бұлт, тұман, бу және жаңбыр мен қар түрінде болады. [2]

Жердің су қоры теория жүзінде сарқылмайды, себебі тиімді пайдаланған жағдайда су ресурстарының әлемдік су айналымы барысында үздіксіз қалпына келіп отырады. Өкінішке орай, соңғы жылдары Әлемдік Мұхиттарға мұнай өнімдерінің төгілуі, биологиялық алуан түрліліктің азаюы ұлғайып, тропикалық жағалауларға антропогендік қысым көп түсуде. Теңіз жағалауларының өсімдіктер жамылғысы тозып (Индонезия, Филиппин, Тайланд), күріш алқаптарын кеңейту және ашшаяндар өсіру үшін тоғандар жасалып, мангра тоғайлары жойылуда. Су шексіз теңіздер мен мұхиттар, ағысты өзендер және мөлдір көлдер. Дегенмен су тек қана көре алатын, ыстық күндері сүңгіп кететін су айдындарында ғана болмайды. Судың көлемді бөлігі адам көзінен тыс жер астында жасырынған. Бұндай су айдындары жер асты сулары деп аталады. Ғалымдардың зерттеуінше су жер бетінде ең көп кездесетін сұйықтыққа жатады. Судың қазіргі кезде қаупі бар. Адамдардың суды үнемдемей құртыуының әсерінен тұщы судың жойылу төтенше жағдайлар қатарында. Ал жер шарына қауіптілігі су басу жағдайы. Антрактида мұзының еруі.

Табиғат байлықтарының ішінде адамзаттың ең көп пайдаланатыны - су. Жер шарында пайдаланылатын тұщы су қорының 70%-на жуығы тек егіс алқаптарын суландыру мақсатында жұмсалады. Сонымен қатар, өнеркәсіп орындары мен тұрмыс қажетіне пайдаланылатын су мөлшері де тез өсіп келеді. Жер шарындағы әрбір қала тұрғыны тәулігіне орташа есеппен 150 л су жұмсайды, ал ірі қалаларда бұл көрсеткіш одан да жоғары. Планета халқы 6 млрд-тан асып отырған қазіргі кездің өзінде кейбір елдерде тұщы су тапшылығы байқалады. Сондықтан Антарктидадағы мұзтауларды ауыз су тапшы елдерге тасымалдау, мол сулы өзендерді шөлді аудандарға бұру, теңіз суын тұщыландыру жобалары іске асырылуда.

Біреулер қап-қатты мұз да, газдай жеп-жеңіл бу да су болғаны ма деп таң қалады. Бұл - судың негізгі қасиеті. Ол сұйық, қатты және газ тәрізді үш түрлі күйде кезігеді.

Судың көптеген заттарды оңай ерітетін және бір маңызды қасиеті бар. Әрине, біз қанттың - шайда, ас тұзының сорпада қалай еритінін көріп жүрміз. Сонымен қатар су жердегі алуан түрлі тұздар мен басқа да көптеген қатты денелерді, газдарды еріте алады.

Табиғатта қоспасы жоқ, тап-таза су дегенді таппаймыз. Таза суды тек лабораториялардан ғана алуға болады. Ондай судың ешбір дәмі жоқ, онда тірі организмге қажетті тұздар да болмайды. Теңіз суының құрамында өте көп мөлшерде еріген тұздар бар, оның ішуге жарамайтыны сондықтан. Жер шарындағы судың жалпы мөлшері өзгермейді. Теңіздер мен мұхиттардың, өзендер мен көлдердің бетінен су буға айналып, одан бұлт түзіледі. Ол жаңбыр немесе қар, бұршақ болып жерге жауады, яғни қайтадан суға айналады. [3]

Алайда ішуге жарамды таза су Жер бетінде барған сайын азайып бара жатыр. Адамдар суды өнеркәсіп қажетіне көп пайдаланып, оны өндіріс қалдығымен ластануда. Ал біз су құнды байлығымыз екенін ұмытпауымыз керек. Соңғы 10 жыл ішінде теңіздер мен мұхиттардың мұнай мен мұнай өнімдерімен ластануы күшейіп, теңіздегі биологиялық үдерістердің жүруі бұзылған. Оның ластануы 60-98% құрайды, ал кайрандық кен орындарының теңіз түбіндегі сұйық көмірсутектің табиғи мөлшері 2-10%. Қазіргі кезде мұнайлы ластанушылардың 66% теңізге өзен сулары арқылы араласатын болса, 24% қалалық өндіріс қалдықтарымен түседі. Жерасты суларының ластануы өзен мен теңіз суларының ластануымен қатар жүреді. Нәтижесінде берілген ауданның антропогендік әсерлерге ұшырамаған жерасты суларымен салыстырғанда, олардың құрамы мен физикалық қасиеттері нашарлайды. Жерасты суларын ластанушы көздер ластандырғыштың түрі мен пайда болуына, олардың су қабаттарына түсу жағдайларына байланысты бөлінеді. Ластанған суда көмірсутектер, мұнай өнімдері, фенолдар, ауыр металдар т.б. кездеседі. Мұның бәрі судағы өсімдіктер мен балық шаруашылығына үлкен зиян келтіретіні сөзсіз. Ғаламшарымыздың 70% су алып жатыр, ал күніне 25000 адам жер бетінде тұшы судың жетіспеуінен көз жұмады екен. Миллиардтай адам жуынатын, шаруашылыққа және ішер судың тапшылығынан зардап шегуде. Холера, іш сүзегі және жұқпалы гепатит, толяремея, бруцеллез, вирустық аурулардың барлығын, атап айтқанда 80% ауруды дәрігерлер адамның ішуге пайдаланылатын суымен байланыстырады. Соңғы кезде республикамыздың әр аймақтарында ғасырлар бойы кездеспей кеткен жұқпалы аурулардың өршіп, қайталануы да осы су мәселесімен тығыз байланысты. Олай болса, Отанымыздың экологиялық тазалығын сақтау еліміздің, халқымыздың денсаулығын сақтау екендігін ұмытпауымыз керек.

Біз ерте ме кеш пе суды үнемдеуге тиіспіз. Егер біз бүгіннен бастап суды үнемдесек, су берудегі кідірістердердің болу мүмкіндігін біз кейінге қарай шегереміз. Душқа күнара түсу немесе ауыз суды тұтыну мөлшерін қысқарту туралы сөз болып отырған жоқ, тек кранды жабуға еріну, судың бостан-босқа ағып, тікелей кәрізге төгілуі сияқты суды артық ысырап ету туралы сөз болып отыр. Су - адамзат пен жан-жануар және өсімдік әлемінің ауадан кейінгі тіршілік көзінің маңызды құрамы. Жалпы адам, ауқатсыз үш ай өмір сүрсе, оттегісіз бірнеше минут қана тіршілік етпек. Ал, сусыз үш тәулікке әрең шыдар еді. Суды жер бетінің құрылышы деп те атайды. Су ауа-райын реттеп, адамзатты қажетті қормен әрі ғаламат қуатпен қамтамасыз етеді. [4]

Суға қатысты статистикалық деректер таңқаларлық жайтқа толы. Нақты айтқанда, жер бетінің 70 пайыздан астамы сумен көмкерілген. Пайымға салып, судың жайы жайлы абыржымай-ақ қоюға болар еді. Тек, бұл ойымыз мүлдем жаңсақ, себебі жер бетіндегі барлық сулардың ішуге де, тұрмыстық қажеттіліктерге де жарамсыз. Ал, адамға тұшы су қажет, оның қоры аса қуантарлық емес, әрі біркелкі орналаспаған көрінеді. Ғалымдардың тұжырымынша, планетамыздағы 70 пайыздан астам судың 3 пайызы ғана ішуге жарамды деп есептеледі.

[5] Қазір жағдай басқаша, азаматтардың денсаулық жағдайын жақсарту және ауыл тұрғындарын ауыз сумен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету мақсатында ел Үкіметінің қаулысымен 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" бағдарламасы бекітілді. Күрмеулі мәселені түбегейлі шешу үшін іле-шала Үкімет 2011-2020 жылдарға арналған "Ақ бұлақ" бағдарламасын да қабылдады. Бағдарламада 2020 жылға қарай ауылдық елді мекендердің 80 пайызын, қалаларда 100 пайызын қамтамасыз ету көзделген. Осыған орай, біздің ауданда да су құбырлары жүргізіліп, ауыл тұрғындары үй ішіне кіргізілген таза ауыз суға қол жеткізуде. Әр көшеге су ағарлар орнатылды, құптарлық жайт. Алақайлап қалпағыңды аспанға лақтыруға лайықты. Алайда, лақтырған қалпағыңды емес, бармағыңды тістеуге мәжбүрсіз. Неге дерсіз, дейтін түгі жоқ. Ашып айтқанда сол колонкілердің бір-екеуінің қысы-жазы сарылдап ағып тұрғанын көріп, қынжыласыз. Аңсап жеткеніміз осы ма?! Су тапшы дейміз де, оны үнемдеу қарастырылмаған ба? Ол судың есебі қайда сонда? Ағындыны қайта жию мүмкін еместігін ойламағанымыз ба... Судың да сұрауы бар, ал, оның қадірін бағамдамай отырмыз.

Кейбір деректер бойынша, ақаулы суқұбыр шүмегінен әр үш секунд сайын тамшылаған су, тәулік ішінде 10 литрге жуық шығынға ұшыратпақ. Сонымен бір аптада салғырттықтан 70 литердей суды ағызып жіберуіміз мүмкін. Мамандардың кеңесіне құлақ түрсек, ағып тұрған суқұбыр шүмегін қолданып болғаннан соң, толығымен бұрап тастау керек екен. Бізде болса суды тиімді пайдалану жүйесін қарастырмай, мөлшерден тыс ысырапшылдыққа жол берілуде. Ас та төкпен қатар, мұндағы анти санитарияға да көзді жұмып қарай алмайсың. Қыс мезгілінде суағардың маңайы мұз құрсауымен күл-қоқысқа толы болды. Қыста онша зияны тие қоймайды. Ол бесенеден белгілі. Тек көктеммен жаз шыға мәселе күрделенбесе болғаны. Судың қадірін сезбей, әрі қоршаған ортаға залалымызды тигізіп жатқанымызды ойландық па?... Бұл адами тұрғыдан қозғағанда, ал діни тұрғыда қарастырсақ: Ислам дінінің қоршаған ортаға қатысты маңызды ерекшеліктерінде, пайымдамастан Аллаһ Тағаланың берген нығметтерін өзінің мұқтаждығынан тыс пайдаланып, астамшылықпен қолдануға тыйым салынған. Ислам қағидасы бойынша адам өзіне қажет мөлшерін ғана ішіп-жеуі адал делініп, ысырапшылдықты харам деп тыйым салған. Құран кәрімде бұл жайында: "Жендер, ішіндер де ысырап етпеңдер. Күдіксіз Аллаһ ысырап етушілерді сүймейді", - делінген. (Ағраф 7/31) Осы қасиетті сөздерді ой сүзгісінен өткізгеніміз абзал. Дүниедегі әрбір нәрсенің, қандай да бір қордың шегі болатыны анық. Сондықтан қоршаған ортаны қорғауға өз үлесімізді қосуды естен шығармайық.

Қорытынды

Қазақстанның су артериялары шамамен 85 мың өзендерден құралған. Ең ірі су көздеріне Ертіс, Есіл, Іле, Сырдария, Жайық, Шу, Талас, Асса өзендері жатады. Соңғы жылдары бірқатар көлдер жүйесінің кебуі байқалып отыр. Бұл өзендер ағысының шектен тыс реттелуі мен олардың деңгейінің табиғи ауытқуларына байланысты болып отыр. Экологиялық жағынан ең қолайсыз жағдайда Қазақстанның басты су артериясы Ертіс өзені қалып отыр. Оның сулары

жоғары дәрежеде ауыр металдармен ластанған. Негізгі ластаушы заттар мыс, шайынды сулармен бірге келіп түседі. Су қоймалары мен бассейнінің су ағыстарына түсетін негізгі ластаушыларға иондық ағыс, азотты органикалық қосылыстар, фосфор қосылыстары, цинк жатады. Табиғи суларды ластайтын негізгі химиялық элементтердің барлығы су ортасына өнеркәсіп орындарының шайынды суларымен келіп түседі.

Каспий аймағының экологиялық жағдайы. Бұл ауданның экологиялық жағдайы Каспий теңізінің деңгейінің көтерілуіне және жағалаулық теңіз экожүйесінің антропогенді әсерге ұшырауына байланысты болады. Ғалымдардың болжамдары бойынша теңіз деңгейінің көтерілуі жағалаулық сызықтың 2400-2700 км ұзарып, су астында қалған жерлерге тағы да 1,2-2,2 млн. га қосылуына әкелуі мүмкін. Каспий теңізі дүние жүзіндегі бекіре тәрізді балықтардың ірі мекен ету ортасы болып табылады. Сондықтан Каспий мәселесі тек мемлекетаралық қана емес ғаламдық мәселе болып табылады. Каспийдің биологиялық биоалуантүрлілігін сақтау бүкіл әлемдік қауымдастықтың жұмысы. 1995 жылы Тегеранда Каспий маңындағы мемлекеттердің өкілдерінің кездесуі өтті. Бұл кездесудің мақсаты Каспий аймағының экологиялық тұрақтылығы мен оның ресурстарын пайдалануды басқару концепциясын жасау болып табылады. Арал теңізінің экологиялық мәселелері. 60-жылдардан бастап Арал теңізінің ауданы кеми бастайды. Суды ауыл шаруашылық дақылдарын суару үшін қолдану Тянь Шань тауларымен ағып келетін табиғи су ағысын 90%-дан астам қысқартып жіберді. Теңіз ауданы 2,6 млн. га-ға кеміп, өзінің 60% көлемін жоғалтты. Арал аймағының экологиялық жағдайы экономиканың дәстүрлі бағыттарының дамуының мүмкін болмауына әкеліп, бірқатар әлеуметтік және саяси мәселелерді туғызады.

Арал теңізі Орта Азияның шөлді белдеуінде орналасқан. Көлемі бойынша Арал дүние жүзінде ішкі су қоймаларының ішінде төртінші орында болған. Теңіз Тұран ойпатында орналасқан. Қарақұм және Қызылқұм шөлдері Аралды оңтүстік және шығыс жағынан қоршап жатыр. Судың орташа көлемі - шамамен 1000 км³. Тереңдігі 20-25 м, ең үлкен тереңдігі 67 м. Жаздағы жауын-шашын мөлшері шамамен 100 мм. Арал теңізінің су балансы бұрын жауын-шашын мен - 5,9 км³, өзен ағысымен - 54,8 км³ қамтамасыз етіліп отырды. Орташа булану - 60,7 км³. Теңіз деңгейінің маусымдық ауытқуы - 25 см, ал ғасырлық 3 м-ден артпаған. Дүние жүзінің ірі тау жүйелері бұл орасан үлкен аумақтың өзендерінің сулылығын қамтамасыз еткен. Аралдардың су балансын Орта Азияның ірі өзендері - Амудария мен Сырдария ұстап тұрған.

Балқаш көлінің экологиялық мәселелері. Ағынсыз Балқаш көлі Қарағанды Жамбыл, Алматы облыстарымен шектесіп жатыр. Көлдің ұзындығы 605 км, ені шығыс бөлігінде 9-19 км, ал батысында 74 км ге дейін жетеді. Шығыс жағында Балқаш Алакөл көлдер

жүйесімен, батыс бөлігі Бетпақдала шөлімен және оңтүстік шығыс жағы Шу Іле және Іле Алатауымен шектесіп жатыр. Көлдің батыс бөлігіне Іле өзені, шығыс бөлігіне шағын өзендер Қаратал, Ақсу, Лепсі келіп құяды.

Балқаш-жартылай тұщы көл. Сарыесік түбегі Балқашты батыс және шығыс бөліктерге бөледі. Батыс бөлігіндегі су ірі Іле өзенінің келіп құюына байланыты тұщы болған. Ол көлге жылдық су мөлшерінің 72,2 пайыз береді. Балқаштың шығыс бөлігіне келіп құятын шағын өзендердің барлығы қазір толығымен дерлік суаруға және шаруашылық қажеттіліктерге жұмсалады. Тек көктемгі су тасқыны кезінде және мұздықтардың еруі кезінде ғана осы судың бір бөлігі өзендермен Балқашқа келіп түседі. Географтар бұл жерді Балқашқа келіп түсетін Іле, Шу, Ақсу, Қаратал, Лепсі, Тентек, көксу өзендеріне байланысты Жетісу деп аталған. Балқаштағы су деңгейінің төмендеуі нәтижесінде ондатра өсіру кәсіпшілігі құлдырып кетті. Бағалы балықтар аулау жылына 40 мыңнан 8 мың центнерге дейін кеміген. Өзен жағалауларындағы тоғайлы ормандар жойыла бастады. Кіші өзендерді қорғау мәселесі. Республикамызда 8643 тұрақты және уақытша су ағыстары белгілі. Олардың жалпы ұзындығы 123 мың км. Қазақстанның өзендерінің ерекшелігі олардың біртекті таралмауында. Жер бетіндегі су қорына әсіресе, Орталық және Батыс Қазақстан кедей. Республикамыздың бүкіл жазық территориялары сирек өзен торымен сипатталады. Ойыл және Нұра бассейнінде ол бар болғаны км² ге шаққанда 0,13-0,022 км. Шөлейт және шөлді аудандарда өзендер жоқ деуге болады. Қалың өзен торы Тянь-Шань, Жоғар Алатауы мен Кенді Алтайдың таулы және тау етегіндегі аудандарында түзілген. Бірақ, осы таудың сулы өзендерінің өзін суаруға пайдалануға байланысты халық тұщы судың тапшылығын сезіп отыр. Бұл республика халқынан суды ысырапсыз пайдалану мен қорғау қажеттілігі туралы ойлануды талап етеді. Кіші өзендер кіші деп аталғанмен, олардың экология тұрғысынан алғандағы маңызы үлкен. Себебі, ірі өзендердің жағдайы кіші өзендерге байланысты. Олар қан тамырлары тәрізді бүкіл Қазақстан территориясын торлап жатыр. Республика өзендерінің көп бөлігі Каспий, Арал теңіздерінің, Балқаш және теңіз көлдерінің тұйық ішкі бассейндеріне, тек Обь - Ертіс, Есіл және Тобыл өзендерінің бассейні ғана Солтүстік Мұзды мұхитына барып құяды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Қ. Мамыров, М.С. Тонкопий, Е.М. Үпішев, Табиғатты пайдалану экономикасы - Алматы: Экономика, 2005ж, 356 б.
2. Даукеев С.Ж. Экологическая обстановка в Казахстане, ИЭБ, 2000ж.
3. Қаженбаев С., Махмутов С. Табиғатты қорғау, Алматы, 1992ж.
4. А.Г. Оспанова Экология, Қарағанды, 2002ж.

Рашель МУРЖАКУПОВА, кандидат медицинских наук, Государственный университет имени А.Байтұрсынова г.Костанай, *mrashiel@mail.ru*, +7 777 216 9222

ОЦЕНКА ЭКОЛОГИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ ВОДНОЙ ЭКОСИСТЕМЫ ОЗЕРА КУНДУЗ С.КОЙБАГОР

Экологическая проблема это очень важный этап в развитии человечества. Она определяет судьбу человеческого мира. Люди, покоряя природу, в значительной степени разрушили равновесие экологических систем. В некоторых местах природа дошла до кризисного состояния.

Ключевые слова: экология, экосистемы, водная экосистема, антропогенный фактор

Рашель МУРЖАКУПОВА, *т.ғ.к.*, Байтұрсынов мемлекеттік университеті, Қостанай қаласы, *mrashiel@mail.ru*, +7 777 216 9222

ҚОЙБАҒАР АУЫЛЫ ҚҰНДЫЗ КӨЛІНІҢ СУ ЭКОЖҮЙЕСІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ

Экологиялық мәселе-адамзат дамуындағы өте маңызды кезең. Ол адам әлемінің тағдырын анықтайды. Адамдар табиғатты бағындыра отырып, экологиялық жүйелердің тепе-теңдігін едәуір дәрежеде бұзды. Кейбір жерлерде табиғат дағдарыс жағдайына жетті.

Түйін сөздер: экология, экожүйелер, су экожүйесі, антропогендік фактор

Rachelle MURZHAKUPOVA, *Ph.D.* A.Baitursynov State University, Kostanay, *mrashiel@mail.ru*, +7 777 216 9222

ASSESSMENT OF THE ECOLOGICAL STATUS OF AQUATIC ECOSYSTEMS LAKES KUNDUZ S. KOYBAGOR

The environmental problem is a very important stage in the development of mankind. It determines the fate of the human world. People, conquering nature, largely destroyed the equilibrium of ecological systems. In some places, nature has reached a state of crisis.

Keywords: ecology, ecosystems, water ecosystem, anthropogenic factor

Экологическая проблема это очень важный этап в развитии человечества. Она определяет судьбу человеческого мира. Люди, покоряя природу, в значительной степени разрушили равновесие экологических систем. В некоторых местах природа дошла до кризисного состояния.

Никто не может оставаться равнодушным к загрязнению окружающей среды. Загрязнение местности, нерациональное расходование природных ресурсов, приводит к уничтожению экосистем, в том числе и экологической чистоты.

В одном из поселков нашей области третья часть населения массово заболело кишечной инфекцией. При эпидемиологическом расследовании выяснили, что для питья используют озерную воду. Так родилась тема научно-исследовательской работы "Оценка экологического состояния водной экосистемы озера Кундуз с.Койбагор".

Население поселка составляет 3000 человек. Очистка озера не проводилась с момента образования его, это более 60 лет. Удивляет, что первоначально проектирование озера вообще не планировалось, но весной паводковые воды с полей набирались в углублении, впоследствии появление озера посчитали нужным и стали его обустраивать.

Цель: раскрыть основные факторы загрязнения воды, влияющие на экологическое состояние озера.

Задачи:

1. Изучить способы и методы оценки экологического состояния водной экосистемы озера.

2. Выявить причины загрязнения озера.

3. Провести полевые и лабораторные исследования, направленные на изучение экологического состояния озера, май 2018 г.

4. Сравнить полученные результаты с результатами исследования май 2017 г.

5. Предложить меры по улучшению экологического состояния озера и его сохранению, как водной экосистемы.

Методические исследования

В работе была применена следующая методика:

Сбор информации об объекте исследуемого озера Кундуз;

Экспериментальное изучение качества воды в озере с применением органолептического, биологического, физико-химического анализа водных проб; сравнение и обобщение данных в 2017 г. анализ от водопровода в лабораторию, в 2018 г. анализ проб воды.

Изучение очистки воды

Пробоотбор и подготовка воды к анализу. На практике применяются два типа отбора проб: разовый или серийный. Мы использовали разовый отбор проб.

Органолептические показатели качества воды. Определение прозрачности проб.

Для определения прозрачности воды мы использовали два метода: просматривание на свет и при помощи типографского шрифта. Просматривая все пробы в стакане, на свету мы установили, что вода была слегка мутная, в пробе № 1 сильно мутная..

Запах воды вызывают летучие, пахнущие вещества, попадающие в неё естественным путём или со сточными водами. Загрязнение сточными водами обнаруживается и запахом продуктов разложения их компонентов (сероводород и др.). Некоторые виды водных организмов вызывают специфические запахи, напоминающие, например, запах огурцов, пеларгонии, фиалок, свиарника и т.д. Характер запаха мы определяли при 200С и 600С. Для этого в конические колбы внесли по 250 мл проб - № 1, № 2, №3 при 200С.

Вывод: при температуре 200С запах проб был слабо гнилостный, апри температуре 600С пробы

имели сильно гнилостный запах. Определение осадка проб.Для этого мы отстояли воду в течение суток в сосудах. В пробе № 1 получился плотный буро-коричневый осадок, в пробах № 2 - бурый хлопьевидный осадок. [5] [6]

Определение качества воды методом биоиндикации.

Биоиндикация - обнаружение и определение экологически значимых природных и антропогенных нагрузок на основе реакций на них живых организмов непосредственно в среде их обитания. Индекс Майера - наиболее простая методика биоиндикации. Эта методика подходит для любых типов водоемов. Она имеет большое преимущество - в ней не надо определять беспозвоночных с точностью до вида. Метод основан на том, что различные группы водных беспозвоночных приурочены к водоемам с определенной степенью загрязненности. При этом организмы - индикаторы относят к одному из трех разделов.

Таблица 1. Степень загрязненности водоема

Количество баллов	Характеристика водоема	Класс качества
более 22 баллов	водоем чистый	1 класс качества
17-21 баллов	практически чистый	2 класс качества
11-16 баллов	умеренная загрязненность	3 класс качества
менее 11	водоем грязный	4-7 класс качества.

Простота и универсальность метода Майера дают возможность быстро оценить состояние исследуемого водоема. Точность метода невысока. Но если проводить исследования качества воды регулярно в течение какого-то времени и сравнивать полученные результаты, можно уловить, в какую сторону изменяется состояние водоема. В пробах, взятых нами в прибрежных зонах, обнаружены личинки поденок, личинки веснянок, личинки вислокрылок, личинки комаров-долгоножек.

Итого: $2 \times 2 + 2 \times 2 + 2 \times 1 = 10$ баллов. Это означает 3 класс качества. Кислотность воды определяется

концентрацией ионов водорода. Природные воды с рН от 3,4 до 6,95 относят к кислым, с рН 6,95- 7,3- к нейтральным и с рН 7,3-10,0- к щелочным. Оптимальной для развития водных форм жизни считается рН 5,5-8,5. В питьевых и хозяйственно-бытовых водах рН обычно колеблется в пределах 6,0-8,5. ГОСТ 2874-82 нормирует для воды водопроводов, имеющих устройства для её обработки рН в пределах 5,0-7,0. Определение хлорид-ионов. Определение ионов железа В нашем исследовании мы получили следующие результаты (И), сравнили их с лабораторными данными (Л). [4]

Таблица 2. Определение наличия органических веществ

Проба	рН		Наличие хлорид-ионов		Наличие ионов железа		Наличие органических веществ.	
	И	Л	И	Л	И	Л	И	Л
Контроль	7	7,1	+	13,0	Слабо	0,06	мало	0,24
2 метра от берега	7	7,2	+	8,0	+	0,2	+	7,55
20 метров от берега	7	7,2	+	7,5	+	0,18	+	6,1
Середина озера	6	7,25	+	7,0	+	0,13	+	5,6

Результаты исследований.

В ходе исследования мы получили следующие результаты:

температура воды составляет 50С, в воздуха - 140С; цвет воды желтовато-зеленоватый в толще и желто-коричневый у берега;

вода в пробах № 2,3 была слегка мутная, в пробе № 1 сильно мутная.

запах воды гнилостный, что указывает на гниение растительных организмов и недостаток кислорода;

масса осадка пробы воды, взятой ближе к берегу, составляет 11мг/л.

индекс Майера составляет 11 баллов, что соответствует 3 классу качества;

кислотность воды не соответствует норме - нейтральная;

в воде имеются органические вещества, что указывает на процессы разложения;

в воде присутствуют хлорид-ионы и ионы железа.

Таким образом, в лабораторных условиях мы подтвердили данные, полученные из официальных источников. Вода соответствует 3 классу качества, при употреблении для питьевых нужд необходима

обработка воды и ее обеззараживание. С данными, полученными во время реализации проекта, мы обратились к акиму сельского округа, затем в областной акимат. Решением областного акимата было принято очистить дно озера, поскольку население с.Койбагор воду использовали для питья. По лабораторным данным ЖДТСЭН (железнодорожный транспортный санитарно-эпидемиологический надзор) в анализах воды на Ф-30 было подозрение на холерный вибрион. Технология очистки озера Кундуз с утилизацией сплавины и илов в удобрения. В очистке дна озера использовались два миниземснаряда. Очистку проводили работники г.Астаны ТОО "Сервисстрой".

Заключение

Не так давно человечеству был доступен всего один способ очищения водоемов: ручной. Он актуален и сегодня, но благодаря механизации труда

возможностей стало больше. Независимо от причины загрязнения, в водоеме неизбежно происходят три процесса:

- 1 Скопление на дне органики и размножение в этом слое грибковых и других патогенных микроорганизмов;
- 2 Снижается уровень содержания кислорода в воде;
- 3 Образование большого количества биогенных продуктов

Мало кто догадывается, что очищая озеро от растительности, водорослей, торфа и сапропеля (сплавины), он выбрасывает высокоэффективное органо-минеральное удобрение так необходимое сельскому хозяйству. В общей сложности было выкачено со дна озера за период май-октябрь месяц 2018 года 960 тысяч тонн ила и водорослей, которые были отправлены на сельхоз поля.



Рисунок 1. Сплавина из озера

Выводы:

1) Озеро, расположенное на территории с. Койбагор в настоящее время находится в удовлетворительном экологическом состоянии.

2) На озеро воздействуют антропогенные факторы, способные вызвать изменение экологии водоёма.

3) Необходимо сдерживание данных факторов, для чего нужно организовать постоянный, экологический мониторинг водоёма.

4) Необходимо продолжать исследование воды из озера во время весеннего снеготаяния, после него и летом. Сравнивать полученные данные, получать полную картину о состоянии водоема.

На основании полученных данных и их анализа мы составили экологический паспорт озера. В дальнейшем мы продолжим эту работу, дополнив его свежими данными.

Рекомендации по улучшению качества воды.

Достижение требуемого нормативами качества воды в водном объекте должно осуществляться поэтапно.

На первом этапе реабилитации озера качество воды улучшится за счёт полного удаления из озера загрязненных иловых отложений, водорослей, кустарника.

На данном этапе, в результате проведения работ предусмотренных проектом, можно ожидать следующий эффект очистки:

- снижение содержания тяжелых металлов;
- снижение биохимической потребности в кислороде (БПК);
- стабилизация рН за счёт уменьшения цветения водорослей;
- значительное уменьшение неприятных запахов;
- улучшение прозрачности воды.

На втором этапе необходимо выполнить контроль санитарного состояния озера и качества воды в озере. Контроль выполнить в установленном порядке, в соответствии с РД 52.24.643-2002 "Методические указания. Метод комплексной оценки степени загрязненности поверхностных вод по гидрохимическим показателям".

После отбора проб для контроля и получения заключения о качестве воды в озере (при необходимости), следует провести следующие рекомендуемые мероприятия:

- организовать биологическую самоочистку озера

- заселение прибрежной зоны высшей водной растительностью (около 10 % общей площади);

- Биологическая очистка позволяет восстановить биохимическое самоочищение за счет искусственного восстановления видового состава полезной микрофлоры многократным увеличением концентрации полезных микроорганизмов в

водоеме. Восстановление видового состава полезной микрофлоры многократно активизирует процессы самоочистки, ускоряя восстановление биологического равновесия. Для этого в загрязненный водоем вносятся высокие концентрации специально подобранных микроорганизмов, которые присутствуют в почве и экосистемах здоровых незагрязненных водоемов в

очень малых количествах, селекционированных и размноженных в форме готового к применению концентрированного биопрепарата.

На сегодня озеро Кундуз является экологически чистым озером. Национальный центр экспертизы Костанайской области РК 10 мая 2018г. провел исследования образцов питьевой воды ст. Койбагор из озера Кундуз обнаруженная концентрация:

Таблица №3

Наименование показателей	Обнаруж. концентрация	Норматив. показатели	Наименование Действ. норм. Актов
Запах (при 20 град. С)	2	Не более 2бал	ГОСТ3351-74
Привкус (при 20гр. С)	2	Не более 2бал	ГОСТ3351-74
цветность	17	Не более 20	ГОСТ31868-2012
pH	8,37	6,9	Гост264491-85
Азот аммиака мг/дм	0,02	2	Гост4192-82
Фтор мг/дм	0,03	Не более 1,5	Гост4386-89
железо	0,03	Не более 0,3	Гост4011-72
хлориды	19	Не более 3540	Гост 4245-72
Нитраты азота	0,68	Не более 15,0	Гост 18826-73

Список литературы:

1. Будников Г.К., Медянцева Э.П., Евтюгин Г.Л., Химическая безопасность и мониторинг живых систем на принципах биомиметики. 2013г., 112с
2. Мотузова Г.В., Карпова Е.А., Химические загрязнения биосферы и его экологические последствия. 2013г., 89с
3. Голубев Г.Н., 2016г. Основы геоэкологии. 126с
4. Степановских А.С., Экология Учебник для вузов. М: ЮНИТИ-ДАНА, 2001,

5. Хамзина Ш.Ш., Жумабекова Б.К., Экология и устойчивое развитие, Издательство: Академия Естествознания 2015 ISBN: 978-5-91327-366-6

6. Санитарно-эпидемиологические требования к водоемным источникам, местам водозабора для хозяйственно-питьевых целей, хозяйственно-питьевому водоснабжению и местам культурно-бытового водопользования и безопасности водных объектов. Приказ №209 от 16 марта 2015г.

Айгуль ОРАЛОВА, кандидат химических наук, доцент, Карагандинский государственный технический университет, 100027, Республика Казахстан, г. Караганда, б. Мира, 56, oralovaat@rambler.ru, +77772652421
Наталья ЦОЙ, кандидат технических наук, Карагандинский государственный технический университет, 100027, Республика Казахстан, г. Караганда, б. Мира, 56, zoinat@mail.ru, +77014668897
Елена ЦЕШКОВСКАЯ, Карагандинский государственный технический университет, 100027, Республика Казахстан, г. Караганда, б. Мира, 56, elena_tsesh@mail.ru, +77017286256

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ОБЕСПЕЧЕНИИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В статье рассмотрены вопросы экологического образования и его роли в обеспечении устойчивого развития Республики Казахстан. Изложены цели и задачи экологического обучения, основополагающие аспекты экологического образования и воспитания.

Ключевые слова: экология, устойчивое развитие, педагогические технологии.

Айгуль ОРАЛОВА, химиялық ғылыми кандидаты, доцент, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, 100027, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56, oralovaat@rambler.ru, +77772652421
Наталья ЦОЙ, техникалық ғылыми кандидаты, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, 100027, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56, zoinat@mail.ru, +77014668897
Елена ЦЕШКОВСКАЯ, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, 100027, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 56, elena_tsesh@mail.ru, +77017286256

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ

Мақалада Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі экологиялық білім беру мәселелері және оның рөлі қарастырылған. Экологиялық білімнің мақсаттары мен міндеттері, экологиялық білім беру мен оқытудың негізгі аспектілері көрсетілген.

Түйінді сөздер: экология, тұрақты даму, білім беру технологиясы.

Aigul ORALOVA, Candidate of Chemistry Sciences, Associate Professor, Karaganda State Technical University, 100027, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Mira B., No. 56, oralovaat@rambler.ru, +77772652421
Наталья ЦОЙ, Candidate of Technical Sciences, Karaganda State Technical University, 100027, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Mira B., No. 56, zoinat@mail.ru, +77014668897
Елена ЦЕШКОВСКАЯ, Karaganda State Technical University, 100027, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Mira B., No. 56, elena_tsesh@mail.ru, +77017286256

ECOLOGICAL EDUCATION FOR PROVIDING SUSTAINABLE DEVELOPMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The issues of environmental education and its role in providing of sustainable development in the Republic of Kazakhstan are discussed in the article. The goals and objectives of ecological education, the fundamental aspects of environmental education and training are described.

Keywords: ecology, sustainable development, pedagogical technologies.

Устойчивое развитие страны - это развитие, удовлетворяющее потребности настоящего поколения и не ставящее под угрозу возможности будущих поколений удовлетворять свои потребности.

Для Республики Казахстан переход к устойчивому развитию является насущной необходимостью. Устойчивое развитие необходимо для достижения целей Стратегии развития Казахстана до 2050 года. Принцип устойчивого развития также заложен в основу стратегии вхождения Казахстана в число тридцати наиболее конкурентоспособных стран мира. Концепция перехода Республики Казахстан к устойчивому развитию на 2007-2024 годы определяет видение принципов, цели, задач и основных механизмов достижения устойчивости во всех сферах

жизнедеятельности страны. Для этого необходимо, чтобы экономические, экологические, социальные и политические факторы развития были интегрированы и рассматривались как единый процесс, направленный на повышение качества жизни населения Казахстана.

